

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ

Сыздықова Г.М.

Ежелгі дүние тарихы. Антикалық әлем

(5B011400, 5B020300 – «Тарих», 5B041900 - «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарының студенттеріне арналған)

Шымкент- 2013

УДК 94(3): 378 (075.8)

ББК 63.3(0)3 я 7

С 94

ҚР БҒМ РОӘК-нің М.Әуезов атындағы ОҚМУ-і жанындағы кәсіптік білім, өнер, қызмет көрсету мамандықтары бойынша ОӘС-ы (№5 хаттама, 12.11.2010ж.) оқу құралы ретінде баспаға ұсынылған

Пікір жазғандар:

Исмаилов А.И. - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Жолдасов С.Ж. - тарих ғылымдарының докторы, профессор

Тапалов Д. – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

С 94 Сыздықова Г.М.

Ежелгі дүние тарихы. Антика әлемі. (5В011400, 5В020300 – «Тарих», 5В041900 - «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы). - Шымкент, 2013.- 121 бет.

ISBN 9965-27-273-5

Оқу құралында Еуропа жеріндегі ежелгі мемлекеттер мен алғашқы өркениет ошақтарының пайда болуы мен дамуының алғы шарттары тарихи заңдылықтар негізінде қарастырылады және ежелгі өркениеттердің жеке региондарға байланысты әртүрлі жақтарына, олардың бүкіләлемдік маңызына, Батыс қоғамдарының ерекшелігін ашып көрсетуге назар аударылады.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға және барлық Ежелгі дүние тарихына қызығушыларға арналады.

УДК 94(3): 378 (075.8)

ББК 63.3(0)3 я 7

0503020100

I _____

00 (05) - 11

© Сыздықова Г.М., 2013

© «Нұрлы бейне» баспасы

АЛҒЫ СӨЗ

«Ежелгі дүние тарихы» пәні университеттік жалпы тарих курсының бір бөлігі және ежелгі Шығыс елдері, ежелгі Грекия мен Рим тарихын оқытып, б.з.д. IV мыңж. соңында Ніл мен Ефрат аңғарларындағы алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдардың пайда болуынан бастап, б.з. VІ екінші жартысына дейінгі кезеңді қамтып, негізінен құл иеленушілік қоғам тарихын зерттейді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы. Бұл пәнді оқу барысында студенттерде алғашқы мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы және дамуы мен құлауы туралы ғылыми түсінік қалыптасады. Бұл кезеңде экономикалық қатынастардың, әлеуметтік және сословиелік құрылымның, мемлекеттік ұйымның, идеологиялық және діни өмірдің жаңа формалары қалыптасып жатты, адамзат қоғамының кейінгі дамуы үшін бастама болған мәдени құндылықтар пайда болды. Сондықтан да ежелгі дүние тарихын оқу тарихи білім берудің міндетті бөлігі болып табылады.

Ежелгі дүние тарихы екі бөлімнен тұрады: 1) Ежелгі Шығыс елдері тарихы және 2) Антикалық елдер тарихы. “Ежелгі Шығыс елдері тарихы” бөлімінде Таяу Шығыс, Орталық Азия, Қиыр Шығыс, Оңтүстік Азия елдері халықтарының тарихы қарастырылса, антика елдері тарихы ежелгі грек-рим халықтарының тарихын қарастырады. Бұл оқу құралында бұл пәннің маңызды құрамы ежелгі Грекия мен Рим тарихы, яғни антика елдері тарихы қарастырылып отыр.

Пәннің мақсаттары мен міндеттері. Пәнді оқытудың мақсаты мен міндеті тарихи фактілерді біліп қана қоймай, тарихи құбылыстарды түсіну үшін қажет ғылыми теориялық көзқарасты игерген маман дайындау және ежелгі дүние тарихы курсының ерекшеліктерін түсіндіретін методикалық негіздерді студенттерге үйрету.

Курстың пререквизиттері (осы нұрсты меңгеруге қажетті білімдер мен дағдылар жиынтығы). Ежелгі дүние тарихын игеру үшін оның алдында студенттерге Алғашқы қоғам тарихы, Этнология, Мәдениеттану, Әлемдік діндер тарихы сияқты пәндер оқытылуы тиіс.

Аралық пәндер және олардың бұл пәнмен өзара байланысы. Пәнді терең игерту және оның мазмұнын жан-жақты кең түрде ашу үшін оны Саясаттану, Халықаралық қатынастар тарихы, Ежелгі антикалық философия, Әлемдік өркениеттер тарихы сияқты пәндермен өзара байланыста оқыту қажет, өйткені бұл пәндердің негізінде Ежелгі Грекия мен Рим саласындағы білімдер жатыр.

Пәнді терең игерту және оның мазмұнын жан-жақты кең түрде ашу үшін оны Саясаттану, Халықаралық қатынастар тарихы, Ежелгі антикалық философия, Әлемдік өркениеттер тарихы сияқты пәндермен өзара

байланыста оқыту қажет, өйткені бұл пәндердің негізінде Ежелгі Грекия мен Рим саласындағы білімдер жатыр.

Курстың постреквизиттері (курс аяқталғаннан кейінгі білімдер мен дағдылар жиынтығы). Студенттер Ежелгі Грекия мен Рим тарихы курсының ерекшеліктерін түсіндірудің методикалық аспектілерін білуге тиіс, атап айтқанда:

-ерте өркениеттердің пайда болуы мен дамуына табиғат жағдайлары мен географиялық ортаның ықпалын;

-крит-микены өркениетінің қалыптасу және жойылу, полистік жүйе мен грек мемлекетінің қалыптасу себептерін;

-полистердің дағдарысын, Македонияның күшеюі мен табысты жаулаушылығының;

-Рим мемлекетінің табыстары мен оны күйреуге әкелген себептерді түсіндіре алуы тиіс.

Студенттер пәнді оқу барысында дербес жұмыс жасаудың төмендегідей дағдыларын меңгерулері қажет:

-оқу құралдарымен, монографиялармен, ғылыми мақалалармен жұмыс жасай және ұсынылған еңбектер бойынша конспект жасай білу;

-шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі материалдарды сыни талдаудан өткізе отырып пайдалану;

-грек және рим тарихы бойынша деректерді топтай және қажетті мәліметтерді ала білу;

-баяндамаларды ережеге сай, дұрыс көркемдеуге дағдылануы қажет.

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫ ПӘНІ, ОНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ АЯСЫ

Лекция жоспары:

1. «Антика тарихы» түсінігі
2. Антикалық елдердің географиялық жағдайы
3. Дерек көздері

«Антика тарихы» түсінігі. Ертедегі дүние тарихы немесе антикалық дүние деп әдетте Рим империясының аяғына дейінгі (б.э.V ғ.) Жерорта теңізі бойының ертедегі қоғамдарының тарихын айтады. Ертедегі дүние тарихының тамыры, әрідегі ескілікті заманға барып қосылады. Қазіргі кезде Жерорта теңізі бойының тарихын б.з.д. бірнеше мыңдаған жылдардан бұрын бастайды.

Греция тарихына дейін Криттің және Жерорта теңізінің басқа да облыстарының тарихы өтті. Ал, нағыз антик заманының (грек-рим) тарихы б.э.д. II мыңжылдықтың аяғынан, Гомер заманы деп аталатын заманнан басталады.

Антик заманы дүниесі тарихының білім беру жүйесінде өте үлкен маңызы бар. Ол адамның ақыл-өрісін кеңейтеді және қазіргі заманғы дүниенің тарихи тамырларын көрсете отырып, бұл жөніндегі түсінікті тереңдете түсетін көптеген қызғылықты мәселелерді алға қояды.

Қазіргі заманғы бүкіл Европа елдерінің, ішінара Европадан тыс елдердің де мәдениеті антик заманы мәдениеті негізінде өсіп өркендеді. Антика заманы тарихын жақсы білмейінше, одан кейінгі дәуірлердегі көптеген мекемелердің, өнердің, архитектура стильдерінің, театрдың қазіргі заманғы саяси, ғылыми және басқа терминдердің тарихын білуге болмайды. Антик заманының алуан түрлі ізі, аяқты басқан сайын, қоғамдық өмірде де, сондай-ақ жеке тұрмыста да кездесіп отырады.

Грек және Рим мәдениеті - дүниежүзілік тарихтың айқын беттерінің бірі. Грек пен рим классиктері шығармаларының, антик заманының өнері мен көркем қолөнері ескерткіштері біздің заманымыз үшін де маңызын жоғалтқан жоқ.

Антикалық елдердің географиялық жағдайы. Антикалық өркениеттің ошағы ежелгі заманда Ішкі деп аталған теңіздің түбектері мен аралдары болды. Бұл байтақ су кеңістігінің маңызы оның ежелгі "жер шеңбері" (orbis terrarum) деген латынша атауынан да көрініп тұр, өйткені антикалық мәдениеттің бұл жерлері шын мәнінде, қазіргі күнге дейін ежелгі атауларын сақтаған үш материктің: Азия, Европа, Африканың түйісіндегі теңіз маңында орналасқан.

Жерорта теңізі антикалық әлем халқы үшін, маңында "кіші" өркениет ошақтары қалыптаса бастаған көп теңіздердің бірі болды. Жерорта теңізінің шығыс тармағын гректер Эгей теңізі деп атады. Эгей теңізі аралдарын гректер екі топқа біріктірді: Киклады және Спорады. Мезолит дәуірінен бастап аралдарда өзіндік мәдениеті бар грек емес тайпалар мекендеді. Көптеген аралдардың бір-біріне жақындығы олардың халқының жерлерден алыс кетпей аралдан аралға жүзуіне мүмкіндік берді. Осылайша Эгей теңізі теңізде жүзу ісінің әліппесі болды, теңіз жағалауларында өмір сүрген халықтар (финикиялықтар, этрускілер, гректер) оны антикалық дәуірге дейінгі кезеңде меңгерген еді.

Балкан және Апеннин түбектері арасындағы су кеңістігін гректер Ионий теңізі, ал оның солтүстік бөлігін этрускілер мен римдіктер Жоғары немесе негізін Эгеидадан шыққан тиррендік этрускілер негізін қалаған Атрий қаласының атымен Адриатикалық деп атады. Апеннин түбегінің батыс жағалауын шайып жатқан теңіз де осы халықтың атымен Тиррен деп аталынды.

Ішкі теңіз батыста сыртқы теңізбен (мұхитпен) бұғаз арқылы жалғасты. Финикиялықтар мен карфагендіктер бұл бұғазды Мелькарттың бағанасы, гректер - Геракл, ал римдіктер Геркулес бағанасы деп атаған.

Боспор бұғазынан солтүстікке қарай орналасқан теңізді гректер ең алдымен Понт Аксинский (қонақжай емес), кейіннен Понт Эвксинский (қонақжай) деп атап кеткен. Өйткені, қазір Қара деп аталатын бұл теңізді гректер игергенге дейін онда тоқтайтын аралдар жоқтың қасы болып, ал оның жағалауларын жау тайпалар мекендеген еді.

Боспорға жол Пропонтида (Мрамор теңізі) арқылы жүрді, ол Эгей теңізінен Геллеспонт (Дарданелл бұғазы) арқылы бөлініп тұр.

Аса ірі тау массивтері (Карпат, Альпі, Пиреней) антикалық өркениеттің шекарасы болып қана қоймай, оны жаудан қорғайтын қалқан ролін де атқарған.

Жерорта теңізі аралдары мен түбектерінің едәуір бөлігін таулар алып жатты. Балкан Грециясының қайталанбас ландшафтын жасаған теңіздер мен таулар, ежелгі гректердің саяси және әлеуметтік өмірінің формасын анықтап, көптеген ұсақ автономиялық мемлекеттердің құрылуына жағдай жасады. Бұл мемлекеттердің көпшілігі бір-бірімен жолдар емес, таулы соқпақтар арқылы байланысқан еді.

Грек материгінде Лаконика, Мессения және Фессалия сияқты жылқы өсіруге мүмкіндік беретін және егіншілікпен айналысуға қолайлы бірнеше ғана маңызды жазықтықтар бар. Материктегі гректерге өз астығы жетпегендіктен оларды онымен Солтүстік Қара теңіз жағалауы мен Египет қамтамасыз етті.

Италияда да егіншілікке қолайлы жерлер аз болғандықтан, мұнда да халық астықпен толық қамтамасыз етілмеді. Бірақ, жақын орналасқан астықты Сицилия мәселені шешіп берді және теңізде жүзудің дамуы бидайды Африка мен Египеттен сатып алуға мүмкіндік тудырды.

Таулар Жерорта теңізінің құрлықтағы әртүрлі бөліктерінің климаттық ерекшеліктерін де анықтап берді. Апеннин тауымен бөлінген Италия жері сияқты, Грецияның да түрлі бөліктерінде ауа райы әртүрлі болды.

Таулардың халық өміріндегі маңызы зор болды, өйткені олар Жерорта теңізі тұрғындарына құрылыс материалдарын және эгейлік, гректік, карфагендік, этрускілік, римдік архитектура мен скульптураның дамуына негіз болған құнды тас жыныстарын берді. Мелос аралы обсидиан жынысына бай болса, Парос аралы мен аттикалық Пентеликон мраморымен аты шықты. Италияда мраморды Этруриядағы Луна қаласының маңындағы кен орнында өндірді.

Жерорта теңізі тұрғындары жиі пайдаланатын металдар да таулардан шығарылды. Аттиканың ең қиыр шетіндегі Лаврион таулары күмістің отаны болса, Эвбей мен Кипр, Этрурия мен Орталық Жерорта теңізіндегі Сардиния тауларында мыс кен орындары болды.

Тау баурайлары мал шаруашылығы үшін өте қолайлы болды, жаздың ыстық кезеңдерінде ол мал жайылымына айналды.

Жерорта теңізі ауданында дәнді дақылдардаң ертеден арпа, полба, бидай, кейінірек бұршақ тұқымдастар - жасымық пен бұршақ өсірілді. Басқа дәнді дақылдарды (күріштен басқа) гректер рим жаулап алушылығына дейін білмген. Сұлы- арам шөп, тары варварлардың тамағы саналған. Арпаның дәні құдайларға құрбандық ретінде жүрді, арпа масақтарынан егіншілік құдайы Деметраның культтік бейнесін безендіру үшін венотар өрілді.

Карфагендіктер тек бидай және арпамен таныс болған. Қара бидаймен олар Ганнибалдың Альпі жорығында, тауриндер мекенінде алғаш танысты.

Сырамен қатар, шарап өндірісі Жерорта теңізі ауданында кеңінен танымал болды, бұл жерден жүзім сабағы Испания, Галлия, Германия, Британияның ішкі облыстарына өтті. Зәйтүн майы кеңінен пайдаланып, ол малдың майын ауыстырды. Зәйтүн ағашы халық арасында қасиетті саналды. Зәйтүн ағашынан басқа гректер ежелден інжір және анар өсірді.

Мәдени байланыстардың кеңеюімен мәдени өсімдіктердің де түрі көбейе бастады. Б.э.д. I ғ. Кіші Азиядан шие, Армения мен Персиядан шабдалы ағаштары әкелінді. Қазіргі Жерорта теңізінде таралған көптеген өсімдіктер антикалық заманда халыққа белгісіз болған еді. Олардың қатарында картоп, темекі, күнбағыс, жүгері болды.

Жерорта теңізі ауданының фаунасы мен флорасы б.э.д. II-мыңжылдықтарда өте көркем, әрі бай болды. Фаунаның өзгеруі көп жағдайларда адамның қызметіне байланысты болды. Қазіргі халықтардікіне қарағанда ежелгі тұрғындардың рационында балықтан жасалған тағамдар көп болған, бұл әрине батпақтардың құрғатылуына және өзендердің саяздануына байланысты еді.

Дерек көздері. Антикалық әлем туралы түсінікті ең алдымен деректерден аламыз. Антикалық тарих деректерінің арасындағы ең маңыздысы антикалық әдебиет шығармалары, себебі бұлар сол кездегі адамзаттың өз тарихын қалай көз алдына елестететіні, өздері және өздерін қоршаған орта туралы не ойлағаны туралы мәліметтер береді. Әдеби шығармалардың қатарына тарихи еңбектер, сол сияқты ғылыми және көркем шығармалар жатқызылады.

Антикалық авторлардың көпшілігінің еңбектерінің сақталмағанына және бізге азғантай фрагмент түрінде жеткеніне қарамастан, соның өзі антикалық тарихтың басты оқиғалары туралы толық түсінік бере алады. Б.э.д. VI ғ. соңында - V ғ. басында Грецияда тарихи жанрдың жаңа қалыптасқан кезінде, жеке полистердің, оны басқарушы рулардың тарихын жазу басым еді. Оларға оқиғаларға баға бермей, тек баяндау тән еді. Өз заманы тарихының жан-жақты суреттемесін берген алғашқы еңбектер Геродот, Фукидид, Ксенофонттың шығармалары болды. IV ғ. бірінші жартысында басталған Грециядағы полистердің дағдарысы қоғамдық өмірге қызығушылықты тоқтатты. Енді полистік тарихты баяндауға қарсы жеке өмірді сипаттауға назар аударылып, нәтижесінде биография жанры дүниеге келеді.

Македонияның Грецияны бағындырып жатқан кезі мен Александр Македонскийдің шығыс жорықтары Аристотель мен оның мектебінің қызмет еткен дәуіріне тұспа-тұс келеді. Гректердің тарихын қалпына келтіру үшін Аристотель мен оның шәкірттерінің грек және Жерорта теңізінің кейбір грек емес полистерінің саяси тарихына арналған 158 “Политиясының” ерекше маңызы бар. Бұлардың ішінен XIX ғ. соңында, Египет папирустерінің арасынан табылған “Афины политиясы” ғана сақталған.

Эллинизм дәуірінде монархиялардың полистік құрылымды ығыстыруымен жалпы әлем тарихын жазуға қажеттілік пайда болады. Бұндай жинақтаушы тарихтар б.э.д. IV ғ. соңынан жазылады, оның алғашқысы Балкан Грециясы, Рим, Батыстағы грек колониялары мен Карфагеннің тарихын біріктірген Тимейдің шығармасы болды. Бұдан басқа әлем тарихын Эфор, Феопомп, Полибий жазды.

Б.э.д. III ғ. ортасынан тарихи еңбектер арасынан алғашқы рим тарихшыларының шығармалары көріне бастайды, олар анналдар деп аталды.

Көп жылдық азамат соғысына алып келген Римдегі полистер дағдарысы тарихи еңбектердің жаңа түрін: монографиялар (Салюстий) мен мемуарлық әдебиетті (Сулла, Цезарь) дүниеге келтірді.

Империя дәуіріде антикалық тарихнама биографиялық жанрмен бай түседі, оның өкілдері Светоний, Корнелий Непот, Плутарх, Диоген Лаэртский болды. Бұл кезде Тит Ливий, Диодор, Дионисий Галикарнаский, Помпей Трог, Тацит, Аммиан Марцеллиндер рим тарихы туралы толық жаза бастады. Б.э.д. I ғ. Римнің қысқа тарихы да пайда болады, оның авторлары Веллей Патеркул, Флор болды.

Мемуарлармен қатар грек полисі дағдарысы кезеңінде алғашқы рет саясаткерлердің өмірбаянын жазу пайда болды. Бұндай өмірбаянды ең бірінші болып Ксенофонт Спарта патшасы Агесилай туралы жазды.

Жазба деректермен қатар антикалық әлем туралы маңызды хабарларды бізге адам әрекеттерінің: еңбек құралдары және қару-жарак, тұрғын үй және ондағы ыдыстар, тұрмыс және өнер заттары, шеберхана, ұстахана, кен орындары, бекіністер, қоғамдық және ғибадаттық ғимараттар, жерлеу құрылыстары іздері береді. Сөйтіп, өзіндік ерекшеліктерге ие материалдық мәдениет үнсіздігіне қарамастан, ежелгі авторлардың баяндауларына қарағанда өмірдің объективті картинасын береді.

ЕРТЕ ГРЕКИЯ ДӘУІРІ

Лекция жоспары:

- 1.Ежелгі Эгей өркениеті**
- 2. «Қараңғы ғасырлар» дәуіріндегі Грекия**

Ежелгі Эгей өркениеті. Б.э.д. III-II мыңжылдықтар шегі Европа тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Дәл осы кезде Балкан түбегінің Оңтүстік бөлігінде және жақын жатқан аралдарда тапқа бөлінген қоғамдар пайда болды. Кейбір зерттеушілердің айтуынша мемлекеттіліктің алғашқы ошақтары Балкан түбегінде б.э.д. III мыңжылдықтың ортасында пайда болған. Бірақ, Балкан регионның оңтүстік бөлігінде таптық қоғам мен мемлекеттіліктің қалыптасу процесі солтүстіктен келген тайпалардың басып кіруімен үзілген. Б.э.д. XXII ғ. мұнда өздерін ахейліктер немесе данайлықтар деп атаған тайпалар пайда болады. Бұрынғы гректерге дейінгі этникалық шығу тегі анықталмаған халықтың бір бөлігі орындарынан ығыстырылды, бір бөлігі

келімсектермен сіңісіп кетті. Жаулап алушылар дамудың төмен деңгейінде тұрды, бұл регионның екі бөлігінің- материктік және Крит аралының тағдырының белгілі бір өзгешеліктерінің болуына әкеліп соқтырды. Крит жоғарыда аталған процесті басынан өткізбеді, сол себепті бірнеше ғасырлар бойына әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени прогрестің тез дамыған зонасы болды.

Қола дәуірінде Критте пайда болған өркениетті әдетте минойлық деп атайды. Бұндай атауды оған Кносстағы сарайды қазған кезде, алғаш рет осы өркениет ескерткіштерін тапқан ағылшын археологы А. Эванс берген еді. Гректің мифологиялық аңыздарында Кносс-Криттің және Эгеиданың басқада аралдарының құдіретті билеушісі Минос патшаның резиденциясы болды. Дәл осында оның әйелі Пасифай патшайым Минотаврды (жартылай адам, жартылай өгіз) өмірге әкелген, оған ұста Дедал Кноста лабиринт (сарай) салып берді.

Ғалымдардың айтуынша Крит неолит дәуірінен (б.э.д. VІІ мыңжылдық) бастап қонысталынған. Б.э.д. III мыңжылдықта бұнда қола техникасымен таныс, одан еңбек құралдарын, қару-жарақ пен әшекей заттарын жасай алатын жаңа тайпалар келіп қоныстанады. Осы кезден бастап егіншілік шаруашылықтың басты саласына айналады. III-ші мыңжылдықтың екінші жартысында - II-ші мыңжылдықтың басында Крит шаруашылығының басты саласы егіншілікке жарамды жерлердің бәрі игеріліп қойған болуы керек. Мал шаруашылығы да маңызды роль атқарған болса керек. Сол сияқты қолөнерде де маңызды прогресс байқалды. Ауылшаруашылық еңбегімен айналыспайтын, қолөнершілердің, құмырашылардың, зергерлердің, тас қашаушылардың көп қабаты пайда болды.

Еңбек өнімділігінің өсуі, артық өнімнің пайда болуы, оның бір бөлігінің қауым аралық айырбаста пайдаланылуына алып келді. Крит үшін мұның ерекше маңызды болды, себебі арал ежелгі теңіз жолдарының түйісінде жатты. Б.э.д. III-II-ші мыңжылдықта Критте алғашқы мемлекеттер қалыптасады. Алғашқыда олар орталықтары сарай болған - Кносста, Фестада, Маллияда, Като -Закрода пайда болды.

Криттегі “сарайлар” өркениеті дәуірі шамамен, 600 жылды: б.э.д. 2000-нан 1400 жылға дейінгі аралықты қамтиды, қазіргі тарихнамада оны төрт кезеңге бөледі: сарайға дейінгі, ескісарай, жаңасарай, сарайдан кейінгі кезеңдер.

Б.э.д. 1700 жылы шамасы барлық сарайлар қирауға ұшырайды. Оның себептерін кейбір ғалымдар табиғат катаклизмінен іздесе, кейбіреулер әлеуметтік тартыстардың нәтижесі дейді. Дегенмен, бұл катастрофа даму процесін ұзаққа тежемеді. Біраз уақытан соң қираған сарайлардың

орнына бұрынғыларды монументтілігі және сән-салтанатымен басқан жаңалары пайда болды.

Крит өрениетінің ең бір гүлденген кезеңі жаңасарай дәуірі туралы деректер баршылық. Мысалыға, жоғарыда аталып кеткен төрт сарай, бірнеше тұрақтар, некропольдар жақсы зерттелінген. Ең жақсы зерттеліп танылғаны - Кносс сарайы. Оның осы күнге дейін тек бір қабаты сақталған, бірақ оның екі, тіпті үш қабатты болғаны айдан анық. Сарайда сумен жабдықтау, канализация, ванналар, арнайы желдеткіш және жарық берудің тамаша жүйесі болған. Көптеген тұрмыс заттары жоғары көркемдік деңгейде, бір бөлігі тек асыл металдардан жасалған. Сарай бөлмелерінің қабырғаларын әсем өрнектер безендіріп тұрды. Олар көбінесе табиғат немесе оның тұрғындарының өмірінен сценалар болды. Көбінесе экзотикалық өсімдіктер мен жануарлар бейнеленді. Арал халқы жазумен де таныс болған. Оған дәлел сарайлар үйіндісінен табылған саз таблицалары, оларда белгісіз иероглифтік жазудың белгілері басылған. Саз балшыққа ойылған текстер Кносс, Феста, Закрос, Арханес, Маллия сарайларынан (А сызықты жазуы) табылған.

Сарай қабатының цоколді (төменгі) бөлігінің үлкен бөлігін шарап, астық, зәйтүн майы, қолөнер бұйымдары сақталған қоймалар алып жатты. Сарайда сонымен қатар зергерлер, құмырашылардың қолөнер шеберханалары орналасты. Шаруашылық өмірдің негізі сарай шауашылығы болды.

Крит қоғамы теократиялық болған болуы керек, патшаның және жоғары дінбасының функциясын бір адам атқарған. Қоғамда құлдар да болған. Бірақ олардың саны өте аз болды.

Миной өркениетінің шарықтау шегі б.э.д. ХҮІ-ХҮ ғ.ғ. бірінші жартысы болды. Осы дәуірдің бас кезінде бүкіл Криттің Кносс билеушілері қоластына бірігуі жүреді. Грек аңыздары Минос патшаны бірінші "теңіз билеушісі" санайды, ол үлкен флот салып, қарақшылықты жойып, Эгей теңізіне өз үстемдігін орнатқан.

Б.э.д. 1450 жылдары Критте Миной өркениетіне оңалмастай соққы берген катастрофа болады. Ол Тир аралындағы вулканның атқылауынан болған болуы керек. Көптеген тұрақтар мен сарайлар құрып кетті. Осыны пайдаланған ахейлік деп аталған көп санды ежелгі грек тайпалары Балканнан аралға басып кіреді. Крит Жерорта теңізіндегі алдыңғы қатарлы орталықтан, ахейлік Грецияның провинциясына айналады. Енді өркениет орталығы аралдан материкке ауысады.

Ахейлік Греция өркениетінің гүлденуі б.э.д. ХҮ-ХІІІ ғ.ғ. болды. Бұл өркениеттің орталығы Аргонида болады. Кеңейе келе ол, бүкіл Пелопоннесті, Орта Греция мен Солтүстік Грецияның едәуір бөлігін және Эгей теңізінің көптеген аралдарын қамтиды. Криттегі сияқты қоғам

өміріндегі маңызды рольды сарайлар атқарды. Олардың көңіл аударалықтары Микенде, Тиринфте, Пилоста, Афиныда, Фивыда, Орхоменде, Иолкте ашылды. Бірақ ахейлік сарайлар криттік сарайлардан өзгеше болды, олардың бәрі қуатты бекіністер еді.

Ең әсер тудыратыны Тиринф цитаделі болды, оның қабырғалары кейде салмағы 12 тоннаға жететін орасан зор әк тастармен қаланды, қабырғалардың ені 4,5 метр, тек сақталған жерлердегі биіктігі 7,5 метрге жетті.

Ахейлік сарайлардың жобасы криттіңкіне ұқсас болды, тек оларға айқын симметрия тән еді.

Ахей қоғамының экономикалық құрылымының негізі сарай шаруашылығы болды, оған ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін, тігу және иіру, металлургия және металл өңдейтін еңбек құралдары мен қару-жарақ жасайтын қолөнер шеберханалары енді. Сарай шаруашылығы қолөнер өндірісінің негізгі салаларын бүкіл территория бойынша бақылап отырды, әсіресе металл өңдеу ісі бақылауға алынды. Пилос архивінен табылған документтерге қарағанда жер иесі сарай болған. Барлық жерлер екі категорияға бөлінеді: жеке меншіктегі және қауымдық.

Қоғамның ең төменгі қабатын құлдар құрады, бірақ олардың саны аз болды, негізінен олар сарайға тиесілі еді. Құлдар мен еріктілердің арасында айқын шек болды. Маңызды әлеуметтік топтың бірін формальды түрдегі ерікті қауымдастықтар құрады. Олардың өз жер бөлігі, үйі, шаруашылығы болды, бірақ сарайға экономикалық және саяси жағынан тәуелді еді. Үстемдік етуші қабатты алдымен орталық және жергілікті жетілген бюрократтық аппарат құрды. Мемлекет басында патша ("ванака") тұрды, оның қолында саяси және сакральды функциялар болды. Ахейлік Грецияның саяси тарихы өте аз мәлім. Дегенмен, әрбір сарайды өзара жиі әскери қақтығысқа түсіп отырған дербес мемлекет орталығы ретінде қарастырудың реті бар. Бірақ, бұл жағдай ахей патшалықтарының уақытша бірігу мүмкіндігін жоққа шығармады, Трояға жорық кезінде дәл осылай болған болуы керек. Ахейліктер, әдетте теңіз халықтары қозғалысы деп аталатын Алдыңғы Шығыс елдеріне жасалған қатты тықсыруға қатысты. Б.э.д. XIII ғ. гүлденген ахейлік мемлекеттер жақын қалған қаһарлы оқиғаларды сезіне бастады, ескі бекіністер жөнделіп, жаңалары салына бастайды. Бұл оқиға археологиялық қазбалар көрсеткендей б.э.д. XIII ғ. соңында болған. Барлық сарайлар мен тұрақтардың көп бөлігі жойылып кетті. Ахей өркениетінің агониясы шамамен 100 жылға созылды, б.э.д. XII ғ. соңында Иолктегі ең соңғы ахейлік сарай жойылды. Халықтың бір бөлігі жойылып, бір бөлігі өмірге қолайсыз аралдарда тұрақтап қалды, және

тіпті эмиграцияға кетті. Ахей өркениетінің қирауын түсіндіретін бірнеше гипотезалар бар. Олардың ішіндегі ең жарамдысы төмендегідей. Б.э.д. XIII ғ. соңында Грецияға солтүстіктен көптеген тайпалар бет алады. Олар ертеахейлік мемлекеттер тарапынан маңызды қарсылық көрмейді, бұл мемлекеттер қирауға ұшырайды. Микены сарайлары қирағаннан соң, солтүстіктен келген тайпалардың бірі дорийліктер қаңырап қалған территорияға ене бастады. Олар Пелопоннестің көптеген аудандарына орналасып, Эгей теңізінің кейбір аралдарына орналасты. Бұрынғы ахей халқы кейбір облыстарда ғана, мысалы Аттикада сақталды, өйткені қоныс аударушы тайпалар бұл ауданға кірмей өтті. Грециядан ығыстырылған ахейліктер шығыс бағытта орналасып, Эгей теңізі аралдарын, Кіші Азияның батыс жағалауын және Кипрді иемденді. Сөйтіп, өз жолындағының бәрін жайпап өткен халықтың ұлы қоныс аударуы нәтижесінде жойылған қалалар мен қаңырап қалған егістік алаңдарында антикалық өркениет пайда болды.

«Қараңғы ғасырлар» дәуіріндегі Грекия. Жоғары мәдениетті микены сарайлары қирағаннан кейінгі Греция тарихындағы дәуірді (б.э.д. XI – IX ғ.ғ.) ғалымдар "қараңғы ғасырлар" деп атайды. Бұл кезде қола дәуірінің алдыңғы мыңжылдығында жасалғандардың бәрі жойылып, болашақ антикалық әлемнің жаңа өсінділері пайда болды.

Бұл кезеңнің басты деректері археологиялық материалдар және Гомердің Илиада мен Одиссея поэмасы болып табылады. Поэмаларда ахейліктердің Трояға жорығы, қаланы алуы және Троя соғысының бір қаһарманы Одиссейдің көптеген оқиғаларды басынан кешіріп үйіне оралғаны туралы айтылады.

Бұл кезеңде Греция халқының негізгі кәсібі егіншілік болды. Өңделетін жердің көп бөлігін дәнді дақыл алып жатты, бақша және шарап жасау маңызды рол атқарды, зәйтүн жетекші дақылдардың бірі болып қалды. Мал шауашылығы да дамыды. Гомердің поэмасына қарағанда ірі қара мал "жалпы эквивалент" ролін атқарды.

Қолөнер өндірісінде, ең алдымен металлургия мен металл өңдеуде маңызды өзгерістер болып жатты. Темірді игеру және пайдаланудың орасан зор салдары болды.

Греция экономикасында жетекші фигура ерікті егінші болды. Жаулап алушы дорийліктер жергілікті ахейлік тұрғындарды бағындырған облыстарда жағдай басқаша қалыптасты, мысалы Спартада қоғам ұйымының негізгі формасы - қауымның ерекше формасы ретіндегі полис болды. Полистің азаматтары оған енген патриархалдық отбасының басшыларынан құрылды. Әрбір отбасы дербес экономикалық бөлікті құрады, ол оның саяси теңдігін де анықтап берді. Полис-қауым екі маңызды функцияны атқарды: жер мен халықты көршілердің шабуылынан

сақтады және ішкі қауымдық қатынастарды реттеді. Сөйтіп, Греция қарастырып отырған дәуір соңында шаруа егіншілерді біріктірген жүздеген ұсақ және өте ұсақ полис - қауымдардың әлемі болды. Бұл негізгі экономикалық бөлікті тұрмысы қарапайым, сыртқы әлеммен байланысы аз, шауашылығы дербес, толық тәуелсіз деп саналатын патриархалдық отбасы құрайтын және қоғамның жоғарғы тобы әлі халқының негізгі массасынан бөлініп шыға қоймаған, адамды адам қанау енді пайда болып жатқан әлем болды.

АРХАИКАЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ГРЕКИЯНЫҢ ДАМУЫ

Лекция жоспары:

- 1. Ұлы грек отарлауы**
- 2. Ежелгі Аттика. Солон реформалары және оның маңызы**
- 3. Ежелгі Спарта**

Ұлы грек отарлауы. Греция тарихында архаикалық кезең деп б.э.д. VIII-VI ғ.ғ. атайды. Көптеген зерттеушілердің айтуынша бұл антикалық қоғамның барынша интенсивті даму кезеңі болып табылды.

Алдыңғы дамумен даярланған шапшаң өркендеудің, темір құралдардың таралуының қоғам үшін жан-жақты салдары болды. Ауыл шаруашылығы мен қолөнерде еңбек өнімділігінің өсуі басты артық өнімнің көбеюіне жағдай жасады. Ауыл шаруашылық саласынан көптеген адамдардың босауы қолөнердің тез өсуіне алып келді. Экономиканың ауыл шаруашылық және қолөнер секторлары болып бөлінуі олардың арасында жүйелі айырбастың тууына, рынок пен жалпы эквивалент ақшаның шығуына алып келеді. Байлықтың жаңа түрі ақша-ескімен және жер меншігімен бақталасқа түсіп, дәстүрлі қатынастарды ыдыратты. Нәтижесінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси ұйымның жаңа формалары қолыптасты. Бұл процесс Элладаның әртүрлі бөліктерінде әртүрлі өтті, бірақ қалыптасып келе жатқан аристократия мен қатардағы халық арасында, ең алдымен шаруалармен әлеуметтік дауды пісіп жетілдірді

Грек аристократиясының қалыптасуын қазіргі зерттеушілер б.э.д. VIII ғ. жатқызады. Ол замандағы аристократия өздеріне тән ерекше- оған енгендердің бәріне бірдей міндетті өмір сүру салты мен құндылықтардың жүйесі бар адамдардың шектелген тобы болды. Ол қоғамдық өмір сферасында, әсіресе сот ісінде басымдық жағдайда болды, соғыста жетекші роль атқарды. Аристократия қоғамның қатардағы барлық мүшелерін толық өз бақылауына алуға, оларды каналашы топқа айналдыруға ұмтылды. Аристократияның қатардағы отандастарына

шабуылы б.э.д. VІІІ ғ. басталды. Бұл процестің ұсақ-түйектері бізге аз белгілі, бірақ оның негізгі нәтижелерін Афины мысалынан көруге болады. Афиныда аристократия ықпалының күшеюі айқын түрде қалыптасқан сословиелік құрылымды тудырып, біртіндеп ерікті шаруалардың қысқаруына және тәуелділердің санының көбеюіне соқтырды. Бұл жағдаймен үлкен тарихи маңызы бар құбылыс-ұлы грек отарлауы тығыз байланысты. Б.з.д. VІІІ ғ. ортасынан гректер өз отандарын тастауға мәжбүр болып, басқа елдерге қоныс аударды. Үш ғасыр ішінде олар Жерорта теңізі жағалуларында көптеген колониялар салды. Отарлау негізгі үш бағытта: батыс (Сицилия, Оңтүстік Италия, Оңтүстік Франция, тіпті, Испанияның шығыс жағалауы), солтүстік (Эгей теңізінің фракиялық жағалауы, Жерорта теңізінен Қара теңізге апартын бұғаздар ауданы) және оңтүстік-шығыста (Солтүстік Африка жағалауы және Леванта елі) жүрді.

Қазіргі зерттеушілер отарлаудың басты себебі жердің жетіспеуі деп санайды. Отарлаудың себептеріне сол сияқты саяси күресті де жатқызады. Жер үшін болған азамат соғысынан жеңілгендер отанын тастап кетуге мәжбүр болды. Кейіннен отарлау процесінде сауда мотивтері де пайда болды, гректер сауда жолдарына өз бақылауын орнатуға ұмтылды.

Грек отарлауының пионерлері Эвбей аралындағы Халкида және Эретрия қалалары болды. Одан әрі отарлауға Коринф, Мегара, кішіазиялық грек қалалары, әсіресе Милет қосылды.

Отарлау ежелгі грек қоғамының дамуына, әсіресе экономикалық сфераға орасан зор ықпал етті. Жаңа жерлерде қолөнердің қажетті салаларын жөнге салудың мүмкін еместігі, отарлардың Балқан түбегі мен Кіші Азияның ескі орталықтарымен экономикалық байланысқа түсуін тудырды. Нәтижесінде грек қолөнері одан әрі дамыды, ауыл шаруашылығы тауарлық сипат ала бастады. Сөйтіп, отарлау Грециядағы әлеуметтік дауды тұншықтырып, жерсіздерді оның шегінен әкетіп, грек қоғамының әлеуметтік және экономикалық құрылысының өзгеруіне жағдай жасады.

Ежелгі Аттика. Солон реформалары және оның маңызы. Аристократияның демостың правосына шабуыл жасауы б.э.д. VІІІ ғ. шегіне жетіп, ол өзіне қарсылықты тудырды. Бұл кезде грек қоғамында көбіне қолөнер және сауданың арқасында байып, қолына едәуір байлық жинап, аристократтарша өмір сүрген, бірақ ақсүйектік артықшылықтары болмаған адамдардың ерекше қабаты пайда болды. Бұл қабат ашкөздене басқаруға ұмтылып, ақсүйектермен күресу үшін шаруалармен одақтасады. Бұл күрестегі ең алғашқы жетістіктер аристократияның жүгенсіздігін шектейтін жазба заңдардың белгіленуі еді. Бұл заңдар оны жасаған архонт-фесмофет Драконтың атымен тарихқа енді.

Б.э.д. VІІ-VІ ғ.ғ. әлеуметтік жағдайдың шиеленісуі көптеген грек қалаларында тиранияның, яғни билеушінің жеке билігінің тууына әкеліп соқтырды.

Бастапқы кезеңде "тирания" түсінігінің қазіргі кездегідей негативтік реңкі болмаған еді. Тирандар белсенді сыртқы саясат жүргізді, мықты әскери күштер құрды, өз қалаларын безендіріп, абаттандырды. Бірақ ертедегі тирания режимі ретінде ұзақ өмір сүре алмады. Тиранияның тарихи күйреуге душар болуы оның ішкі қайшылықтарымен түсіндіріледі. Ақсүйектерді құлату және онымен күрес халық массасының қолдауынсыз мүмкін бомады. Шаруалар бұл саясаттан пайда түсіргендіктен, бастапқыда тирандарды қолдады, бірақ аристократиядан келер қауіп әлсірегенде, ол біртіндеп тирандық режимнің керек еместігін түсінді. Тирания барлық полистердің өміріне тән этап болмады. Ол архаикалық кезеңде сауда, қолөнер орталықтары бар қалаларға көбірек тән болды.

Классиктік полистің қалыптасу процесін деректердің көптігіне байланысты Афины бере алады. Архаикалық дәуірдегі Афины тарихы - ол демократиялық полистің қалыптасу тарихы. Бұл дәуірдегі саяси билік қатардағы азаматтарды біртіндеп тәуелді топқа айналдырған ақсүйек-эвпатридтерінің қолында болды. Бұл процес б.э.д. VІ ғ. өзінде әлеуметтік даулардың күшеюіне әкелді.

Б.э.д. VІ ғ. қоғамда түпкілікті өзгерістер болды. Ол Солонның реформасына байланысты жүрді. Олардың ең маңыздысы сисахфия ("ауыртпалықты сілкіу") болды. Бұл реформаның нәтижесінде қарыздар болуының арқасында өз жерін арендап отырған шаруалар өздерінің меншік статусын қалпына келтірді. Сонымен қатар афинылықтарды қарызы үшін құлға айналдыруға тиым салынды. Ақсүйектердің саяси үстемдігіне зиян келтірген реформалардың мәні зор болды. Бұдан былай саяси праволардың көлемі адамдардың шыққан тегіне емес, керісінше мүлік көлеміне байланысты болды, яғни барлық азаматтар байлығына қарай 4 мүліктік разрядқа бөлінді. Осы бөлінуге байланысты әскери ұйым да қайта құрылды. Жаңа басқару органы кеңес (буле) құрылып, халық жиналысының маңызы өсті.

Солонның реформалары, өзінің радикалдығына қарамастан барлық проблемаларды шешпеді. Әлеуметтік күрестің шиеленісуі Афиныда б.э.д. 560 жылы Писистрат және оның ұлдарының тираниясының орнауына алып келді, олар б.э.д. 510 ж. дейін үзілістерімен елді биледі. Писистрат Афинының теңіздегі сауда жолдарын нығайта отырып, белсенді сыртқы саясат жүргізді. Қалаларда қолөнер гүлденіп, сауда дамыды, үлкен құрылыстар жүргізілді. Афины Элладаның аса ірі экономикалық орталығына айналды.

Писистраттың мұрагерлері тұсында бұл режим құлады, ол қайта әлеуметтік қайшылықтарды тудырды. Б.э.д. 509 жылы Клисфеннің жетекшілігімен демократиялық құрылысты біржолата бекіткен реформалардың жаңа сериясы жүреді. Олардың ең маңыздысы сайлау правосы реформасы, бұдан былай барлық азаматтар өзінің мүлкілік жағдайынан тәуелсіз, тең саяси құқыққа ие болды. Территориялық бөліну системасы өзгертілді, ол аристократтардың жергілікті ықпалын талқандады.

Ежелгі Спарта. Полистік дамудың басқа үлгісін Спарта береді. Лаконияны жаулап, жергілікті халықты бағындырған дорийліктер б.э.д. IX ғ. өзінде Спартада мемлекет құрады. Жаулап алудың нәтижесінде ерте пайда болған ол, өз құрылымында көптеген жабайы белгілерді сақтады. Одан әрі спартандықтар екі соғыс барысында Пелопоннестің батысындағы облыс, Мессенияны жаулап алуға ұмтылды. Ірі ақсүйектер мен қатардағы азаматтар арасындағы бұрыннан пісіп-жетілген ішкі дау Спартада екінші Мессения соғысы кезінде өршиді. Қатардағы спартандар мен аристократия арасындағы ұзаққа созылған күрес Спарта қоғамын қайта құруға әкелді. Кейінгі замандарда заң шығарушының атымен Ликург құрылысы деп аталған құрылыс орнайды. Ішкі дағдарысты жеңген Спарта Мессенияны жаулап алды және бүкіл Грециядағы аса қуатты мемлекетке айналады. Лаконика мен Мессениядағы барлық жерлер тең бөліктерге бөлініп, әрбір сапартандық оны уақытша меншігіне алды, өлген соң жер мемлекетке қайтарылды. Спартандықтардың толық теңдікке ұмтылуына басқа шаралар: үлгілі жауынгер қалптастыруға бағытталған тәрбиелеудің қатаң жүйесі, азаматтардың өмірінің барлық жағынан қатаң тәртіптелуі, спартиаттардың соғыс лагеріндегідей өмір сүруі, егіншілік пен және қолөнермен айналысуға тиым салу, тек алтын мен күмісті пайдалану, сыртқы әлеммен араласуды шектеуге қызмет етті. Саяси құрылыс та реформаланды. Дінбасы, әскербасы функциялары басилей деп аталатын патша қолында болды. Бірақ патшаның мемлекетте реальды билігі болмады. Бүкіл спартандық мекемелерді бақылайтын жоғары қызмет иелері эфорлар оларды белгілі бір мәселе бойынша алдарына шақырта алды. Келмеген жағдайда патша күшпен келтірілетін еді. Эфорлардың жалпы саны бесеу болды. Эфорат -спартандықтардың мақтанышына айналған, теңдіктің жоғары үлгісі деп есептелген, спартандық құрлыстың принципінен ешкімнің бір қадам кетпеуін қадағалайтын жоғарғы бақылау органы болды.

Мемлекетті іс жүзінде басқаратын және күшті орган герусия (геронт-ақсақал) болды. Спартада халық жиналысы (аппела) шақырылды, бірақ оның реальды күші болмады, маңызды мемлекеттік мәселелерді шешпеді.

Тарихнамада Спартаға әскери, милитаристік мемлекет деген дәстүрлі көзқарас қалыптасқан, кейбір беделді мамандар оны тіпті "полицейлік" мемлекет деп атап жүр. Бұл анықтаманың өз дәлелді негізі бар. "Тендестер қауымы", яғни шын мәнінде өнімді еңбекпен айналыспайтын спартандықтар сүйеніп отырған база Лаконика мен Мессенияның құл болған, қаналушы халқы илоттар еді. Көптеген зерттеушілер илоттарды мемлекеттік құлдар деп санауға бейім. Илоттар жер бөлігіне және еңбек құрал-жабдықтарына ие болды, шаруашылықты дербес жүргізді, бірақ алған өнімінің белгілі бір бөлігін қожайындары спартиаттарға беріп, олардың өмір сүруін қамтамасыз етті. Қазіргі зерттеушілердің есебі бойынша, бұл өнімнің 1/6 - 1/7 үлесі болды. Бүкіл саяси праволарынан айырылған илоттар толығынан мемлекет қармағында болды. Ол оның мүлкін ғана емес, өмірін де басқарды. Илот тарапынан кішкентай наразылықтың өзі қатаң жазаланды. Спарта полисінде тағы бір әлеуметтік топ - периэкттер ("айналада өмір сүруші"), Спарта азаматтарының құрамына енбеген дорийліктердің ұрпақтары өмір сүрді. Олар қауым болып тұрды және спартандық қызметкерлердің бақылауындағы ішкі өзін-өзі басқаруға ие болды. Периэкттер егіншілікпен, қолөнермен, саудамен айналысты және әскерге міндетті еді.

Пелопоннестің ең күшті мемлекеті Спарта Оңтүстік Греция территориясындағы Мессениядан басқа мемлекеттерді жаулап ала алмады, бірақ олар біртіндеп оған бағынуға мәжбүр болып, Спарта басқарған Пелопоннес одағына енді. Оған тек Аргос пен Ахайя ғана кірмей, тәуелсіздігін сақтап қалды.

Спарта мен Пелопоннес одағының әскери артықшылығы Бүкіл Грецияда күмән тудырмады. Өз уақыты үшін Спарта әскері жақсы ұйымдасқан еді. Соғысқа жас спартиаттармен қатар, алпыс жасқа дейінгі қарттар да қатысты. Спартиаттар жастайынан әскер ісіне үйретілген, өте тәртіпті жауынгерлер болған еді.

КЛАССИКАЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ГРЕКИЯ

Лекция жоспары:

- 1. Грек полистерінің гүлденуі**
- 2. Грекиядағы құлдық**
- 3. Грек - парсы соғыстары, нәтижелері**
- 4. Пелопоннес соғысы, оның қорытындылары**
- 5. Грекияда Македония үстемдігінің орнауы**

Грек полистерінің гүлденуі. Ежелгі Грецияның тарихында классикалық дәуір б.э.д. VI- V ғасырлардан 338 жылдарға дейінгі аралықты қамтиды. Бұл уақыт Грецияның өте жоғары гүлденген, қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси ұйымның ерекше формасы полистің үстемдік құрған кезеңі болып табылады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, ежелгі грек қоғамының негізгі даму ерекшеліктері, соның ішінде мәдениет пен өнердің сипаты қоғамдық ұйымның дәл осы полистік формасымен түсіндіріледі. Полис-азаматтарының коллективі ретінде жерге жоғары меншікке ие болды. Жерге меншік пен азаматтық статустың өзара келісуі, әлеуметтік және саяси құрылым принципіндегі үйлесу, азаматтардың тең саяси праволы болуына алып келді. Полисте әртүрлі басқару органдары /кеңес, магистратуралар/ әрекет етті, бірақ әруақытта жоғарғы орган -халық жиналысы болды. Полистің тағы бір маңызды ерекшелігі, ол саяси және әскери ұйымның үйлесуі еді. Азаматтық қауымның әскери күштері – азаматтардан құрылған жасақ болды.

Полистің экономикасы ең алдымен ауыл шаруашылығы болды, тіпті экономикасы дамыған полистердің өзінде халықтың басым көпшілігі ауыл шаруашылығымен айналысты.

Полистің негізгі экономикалық принципі - автаркия идеясы, яғни әркімнің өзін-өзі қамтамасыз етуі болды. Автаркиялық-еркіндіктің экономикалық негізі саналды. Осы принципке сәйкес полистік құндылықтар жүйесі қалыптасты, оның маңызды элементі полистің жоғары игілік екендігіне сенім, яғни әркімнің амандық-саулығы полистің амандық-саулығына тікелей тәуелді екендігіне сенім.

Грекиядағы құлдық. Бұл дәуірдің маңызды құбылысының бірі классикалық түрдегі құлдықтың таралуы. Грецияда оның екі негізгі формасы: классикалық және илоттық түрлері өмір сүрді. Бірінші жағдайда құлға адам және отбасы мүшесі ретінде қарамайтын болды, ол өз мырзасының жеке меншігіне айналды. Құлды атымен ешкім атамады, оны не шыққан жерінің атауымен (фракиялық, скиф, т.б.) не атқаратын жұмысы атымен (күрекші, бақташы, т.б.) атады. Мырзасы оған кез-келген жұмысты тапсыруға, сатуға, қатал жазалауға, тіпті өлтіруге правосы болды. Құлдың ешқандай меншігі болмады, ол мырза жерінде, шеберханасында жұмыс істеді. Құлдықтың екінші түрі аяқталған түрде Спартада пайда болды. Б.э.д. VIII ғасырда Лакониканы жаулап алған спартиаттар оның халқын құлға айналдырған еді. Барлық құл-илоттар азаматтардың коллективтік меншігі болып саналды. Олардың семьясы болды, тіпті өзін-өзі басқарудың кейбір элементтерін сақтады. Бірақ, құлдар сияқты олардың ешқандай правосы болмады, илоттардың өмірін спартандықтар басқарды. Олар илоттарды қорқыныш пен бағынышта

ұстау үшін, әр кездері криптий ұйымтастырып отырды, яғни илоттарға қарсы құпия жорық жарияланып, олардың ішінен күштілері өлтірілді.

Элладаның табиғи жағдайларының ерекшеліктері және оның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының өзіндігі нәтижесінде пайда болған полис- Алдыңғы Азияның ежелгі өркениет әлемінде іс жүзінде белгісіз құбылыс болды. Полистің қалыптасуы және дамуы дүниежүзілік тарихи құбылыс болды, себебі полистік әлем құлиеленушілік құрылыстың жаңа вариантын, жаңа өркениет негізін қалады.

Грек - парсы соғыстары, нәтижелері. Полистік өркениеттің бас кезінің өзінде, оған өз ерекшеліктерін сақтап қалу үшін, өмір сүру правосын қорғау үшін батысқа ұмтылған "әлемдік" Ахеменид державасымен күресуге тура келді.

Соғысқа сылтау Кіші Азияның грек қалаларының парсы билігіне қарсы б.э.д. 500 жылғы көтерілісі болды. Бес жылға созылған тең емес күресте гректер жеңіледі. Б.э.д. 490 жылы парсы әскері Аттикаға, Марафонға келіп түседі, бірақ мұнда болған шайқаста жеңіледі. Б.э.д. 480 жылы Ксеркс патша бастаған орасан зор парсы әскері мен флоты Грецияға қайта басып кіреді. Гректердің бір бөлігі парсылардың билігін мойындады, тек Спарта мен Афины бастаған аз полистер ғана бостандығы үшін ақырына дейін күресеміз деп шешті. Фермопил шатқалындағы Леонид патша бастаған спартандықтар отрядының ержүрек қарсылығына қарамастан, парсылар орталық Грецияға бұзып өтті. Афинының халқы қашып кетті, жаулап алушылар қаланы алып, оны тонайды. Бірақ, парсылардың одан әрі жылжуы грек флотының б.э.д. 480 жылғы Саламин аралындағы жеңісімен тоқтатылды. Бұл шайқаста көрнекті саяси қайраткер Фемистоклдің бастауымен салынған флот шешуші рөл атқарды.

Басты оқиғалар б.э.д. 479 жылдары болды. Бұл уақытта парсылар құрғақта да, теңізде де қатарынан жеңіліс тапты. Парсы әскерлері Грецияны тастап шықты, Кіші Азиядағы грек қалалары азат етілді. Әскери қимылдар бұдан кейін отыз жылға созылды, бірақ соғыс барысы түбірінен өзгерді. Греция өз тәуелсіздігін сақтап қала алды. Ал полистер өзінің өмірге икемділігін көрсетті.

Гректердің бұл табысының үлкен маңызы болды. Оның бастысы психологиялық еді, яғни гректер жеңістің себебін өзінің азаттылығынан, ал парсылардың жеңілуін олардың бәрінің "ұлы" патшаның құлы болғандығынан көрді. Гректердің өздерін басқа халықтардан артық деп санайтын түсінігі осы соғыс барысында сенімге айналды.

Грек-парсы соғыстары Элладаның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлкен ықпал етті. Әсіресе, соғыстың екінші кезеңі ерекше маңызды болды, жеңіске жеткен гректер көптеген әскери тұтқындарды құлға айналдырды.

Күлдің бағасы төмендеп, оны орта шаруа адамдар да ұстай алатын болды. Сөйтіп, грек-парсы соғыстары күлдіктің кеңінен таралуына жағдай жасады.

Грек-парсы соғыстарының салдары Афиныға күштірек әсер етті. Келесі кезең-Афинының басымдық таныту, оның бүкіл Жерорта теңізі әлемі тағдырына үлкен ықпал ету кезеңі болды. Афинының дамуын өзара тығыз байланысты үш сфераның сыртқы саяси (Афины теңіз державасының құрылуы), экономикалық (Афинының Элладаның ірі экономикалық орталығына айналуы), ішкі саяси (Афинаның күл иеленушілік демократиясының нығаюы) жағдайлар эволюциясы тұрғысынан қарастыруға болады.

Парсылармен соғыс жылдарында онымен күресу үшін тең праволы полистердің одағы - орталығы Делос аралында болған Делос теңізі одағы пайда болды, ол біртіндеп Афинының бақылауына түсті. Одақта негізінен теңіз жағалаулары мен аралдық мемлекеттер болған еді. Олардың экономикасы теңіз саудасымен тығыз байланысты болғандықтан, афинылықтардың теңіздегі үстемдігі оларды Афиныға тәуелді етті. Уақыт өте келе афинылықтар одақтық қазынаны өздері басқарып, одақтастардың жарна мөлшерін жеке өзі анықтады. Одақтастар полисі жерлеріне афинылық колонистер- клерухтер шығарылды. Делос одағы біртіндеп Афины теңіз державасына айналды, гүлденген кезінде онда 250-дей полис болды. Одақтың ресурсына сүйеніп Афины ұлы державалық саясат жүргізді, бірақ оған өздерінің бағынышты жағдайына наразы одақтастардың бірнеше қарсылықтарын басуға тура келді.

Парсыларды Грециядан қуған соң ел экономикасы өрлейді. Ауыл шаруашылығында күл еңбегі кеңінен пайдаланылып, әрбір шаруашылықта күлдар пайда болды. Дегенмен, ірі күлиеленушілік шаруашылықтар сиреп, басты өндіруші орта шаруа болып қалды. Шаруашылық тауарлы сипат алып, дәнді дақылдар егістігі қысқарылып, жүзім мен зәйтүн өсіру көлемі артты. Өнімнің едәуір бөлігі ішкі рынокта сатылып, бір бөлігі экспортталды. Қолөнер өндірісі де үлкен өзгерістерге ұшырайды, оған Афинының Элладаның көптеген қалаларын айналасына біріктірген ірі орталық ретіндегі жағдайы мүмкіндік жасады. Афинының негізгі қуаты флот болғандықтан, кеме жасау және онымен байланысты қолөнер саласы жылдам дамыды.

Афины демократиясының басшылары өз қаласын Эллададағы әсем қалаға айналдыруға тырысты. Афиныда орасан зор құрылыс жобасы іске асырылып, ол құрылыс жұмыстарының тас қашаудан бастап, піл сүйегін күрделі өңдеуге дейінгі әртүрлі салаларын жандандырды. Афины экономикасының маңызды саласы тау-кен ісі болды, Аттика территориясында күміс өндіретін Лаврион рудниктері орналасты.

Афиныда екі-үш жұмысшысы бар шеберханалар басым болды, тек кейбір салада өндіріс ерекшелігі жұмысшы санын көп қажет етті (мысалы, тау-кен өндірісінде). Құл еңбегі қолөнер өндірісінде ауыл шаруашылығына қарағанда кең пайдаланылды. Құлдардың бағасы онша қымбат емес еді, екі-үш жылдан соң жұмсалған қаражаттың орны толды. Мамандығы бар, үйретілген құлдар қымбат тұрды. Үлкен шеберханаларда бірыңғай құлдар жұмыс істеді. Шаруашылықтың ең қиын саласы шахталар мен кенді өңдеу шеберханаларында тек құлдар еңбек етті.

Қолөнер мен ауыл шаруашылығының тауарлығының өсуі айырбастың дамуына жағдай жасады. Сол заманның өзінде жекелеген аудандар белгілі өнім түрлерін шығаруға мамандана бастаған еді.

Афины демократиясының одан әрі дамуы Афинының сыртқы саясаттағы табыстарымен, оның ірі экономикалық орталық ретінде ролінің өсуімен тығыз байланысты еді. Б.э.д. V ғ. ортасында бірнеше саяси реформалар жүргізілді, оның нәтижесінде Афиныда біржолата демократиялық құрылыс қалыптасты.

Ежелгі грек, атап айтқанда, Афины демократиясы адамзат тарихында көрнекті құбылыс болды, себебі "демократия" түсінігі алғаш рет пайда болып қана қоймай, бұл система жүйелі түрде өмірге енгізілді. Сонымен қатар бұл азшылықтың демократиясы болды, өйткені ол тек Афины азаматтарына ғана таралды. Әйелдер, халықтың едәуір процентін құрайтын шет жерлік - метектер саяси правосыз болды. Әрине, құлдардың да ешқандай саяси правосы болмады.

Афинының гүлденуі аса ірі антикалық қайраткерлердің бірі, Афины демократиясының жұрт таныған көсемі – Перикл (б.э.д. 444-429 жж.) есімімен байланысты болды. Талантты, тамаша білімді, жанып тұрған шешен, Перикл қызыл тілдің арқасында тыңдаушыларын өз дұрыстығына сендіре алатын еді. Перикл тек демократияны нығайтуға және Афинының әскери саяси қуатын күшейтуге ұмтылған жоқ, ол өз қаласын Элладаның ағартушы орталығына айналдыруды мұрат тұтты.

Оның үйінде сол заманғы мәдениеттің белгілі қайраткерлері жиналып тұрды. Перикл белгілі тарихшы Геродотпен, трагик Софоклмен, скульптор Фидиймен достық қатынаста болды. Таза саясаткер, өз полисіне және оның демократиялық құрылысына адал берілген Перикл демоста үлкен танымалдыққа, беделге ие еді.

Афины теңіз одағының нығаюы, Афинының өсіп келе жатқан күші көптеген полистердің алаңдаушылығын туғызып, Грецияда ішкі шиеленісті күшейтті. Афинының басты қарсыласы Спарта және ол басқарған Пелопоннес одағы еді. Бұл одақ әртекті болды: оған аграрлық экономикасы бар Спарта және экономикасы дамыған Коринф, Мегара сияқты полистер және ұсақ, кедей Ахайя, Аркадия полистері енді.

Одақтың негізгі мақсаты-саяси және әлеуметтік жағдайлардағы тұрақтылықты сақтау болды. Спартандықтар ішкі және сыртқы жағдайлардың кез-келген өзгеруі олардың әлсіреуіне әкеліп, илоттардың күресінің өрлеуін тудырады деп қорықты. Бұл көңіл-күй афинылықтардың көтеріліске шыққан илоттарды қолдауынан соң күшейе түсті. Афинының күшеюін Спарта өзін күреске шақыру деп қабылдады. Коринф те Афинының күшеюінен қауіптенді. Архаикалық дәуірдің өзінде бұл орталықтардың арасында "ықпал ету" аймағын өзінше бөлісу пайда болған еді. Афины шығыс пен солтүстікке, Коринф батысқа бағыт ұстаған еді.

Пелопоннес соғысы, оның қорытындылары. Бірақ, б.э.д. 431 жылы Пелопоннес және Афины теңіз сауда одағы арасында бүкіл Грецияны қамтыған, тарихта Пелопоннес деп аталған соғыс басталады. Екі одақ та алдарына батыл мақсаттар қояды, сөйтіп соғыс қысқа уақытша бітім кезеңдерімен 27 жылға созылып, аса мейірімсіздігімен ерекшеленді. Соғыста Афинының жеңілуі Персиядан едәуір ақшалай субсидия ала алған Спарта дипломатиясының әрекетімен алдын-ала айқындалып қойылған еді. Афины флотын жойған Спарта флоты дәл осы парсылардың алтынынан құрылған еді. Рас, бұл көмегі үшін Спарта Персияға кішіазиялық грек қалаларын беруге уәде берген еді.

Талантты қолбасшы және дипломат Лисандр басқарған Спарта әскерлері Афиныны қоршайды. Б.э.д. 404 жылы жеңістен үміті үзілген афинылықтар берілуге мәжбүр болады. Бұл Афинының саяси құрылысының өзгеруіне алып келді. Билік басына өзінің қарсыластарын қатаң қуғынға ұшыратқан олигархтар келді. Афинының жеңілуі Грециядағы жағдайды түбірімен өзгертті. Афины теңіз одағы өмір сүруін тоқтатты. Көпшілік грек полистеріндегі өмір сүрген демократиялық режимдер спартандық гарнизонға сүйенген олигархиялық режиммен ауыстырылды. Грек әлеміндегі гегемония Спартаға өтті. Пелопоннес соғысы классиктік Греция тарихындағы маңызды кезең болды, ол полистік құрылыстың дағдарысының басталғанын көрсетті.

Грекияда Македония үстемдігінің орнауы. Б.э.д. IV ғ. ортасында Греция ішкі соғыстардың нәтижесінде әлсірейді, жетекші одақтар ыдырап, олардың бірде-бірі мемлекетке үстемдіктен үміт ете алмады. Бұл процесс полистік жүйенің дағдарыс жағдайында өтіп, жетекші принциптері-автономия мен автаркия болған классиктік полистің өзін жойғанын көрсетті.

Осы уақытта елдің солтүстігінде жаңа саяси күш пісіп-жетіліп келе жатты. Аренада Македония патшалығы пайда болды. Ол б.э.д. IV ғ. бойына қуаты артып, Грецияның істеріне белсенді түрде киліге бастады. Филипп II (359-336ж.ж.) патша тұсында Македония бұрын-соңды

болмаған құдіретке қол жеткізді. Ол мемлекеттілік пен таптық қоғамның даму жолына кеш түскен аграрлы ел болды. Б.э.д. IV ғ. Македонияның негізгі халқын жаяу әскерде қызмет ететін ерікті шаруалар құрады. Филипп әскеріне оны Балкан түбегіндегі ең қуатты күшке айналдырған реформалар жүргізді. Пангей руднигін басып алған Филипп алтын ақшаны (филиппик) өзі шығарып, басқа полистерден айырмашылығы - өз әскери-саяси шараларын іске асыруда қиындық көрмеді. Парасатты саясаткер, сыртқы саяси жағдайдан тамаша хабардар, Филипп грек істеріне амалын таба біліп кірісті.

Македония позициясының нығаюы және Филиптің грек ісіне килігуінің өсуі Афины және басқа полистерде күштердің поляризациялануына әкелді. Македония патшасының қолындағы орасан зор қаражат оған бірнеше қайраткерлерді өзіне тартуға мүмкіндік берді, олар Грецияда Македонияның үстемдігінің орнауы саяси және әлеуметтік тұрақтануға әкелді, одан әрі Персиямен соғысуға жағдай жасалады деп есептеді. Премакедон партиясын көрнекті шешендер Эсхин мен Исократ басқарды.

Филиппке қарсы күресті Афины басқарды. Оның демберушісі және ұйымдастырушысы көрнекті шешен Демосфен болды, ол өзінің сезімге толы сөздерінде гректерге өзара тартысты тоқтатып, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресте бірігуге шақырды. Демосфен Афины, Коринф, Аргос, Фивы сияқты полистерден едәуір мықты одақ құрды. Македония әскерімен шешуші шайқас б.э.д. 338 жылы Херонея (Беотия) маңында болды. Гректердің ерлікпен қарсылық көрсеткендігіне қарамастан, шайқас олардың бостандығын жоғалтқан жеңіліспен аяқталды. Келесі жылы Филипп Коринфте жалпы грек конгресін шақырады, оған Спартадан басқа полистердің өкілдері түгел қатысады. Бұнда Македония патшасының гегемониясымен жалпы гректік одақ құрылады. Олар "жалпы бейбітшілік" жариялайды. Полистер арасындағы соғысқа, полистердің бір-бірінің ішкі істеріне килігуіне және мемлекеттік құрылысты өзгертуге және құлдарды саяси төңкеріске пайдалану үшін босатуға тиым салынды.

Ең соңында, Греция мен Македония атынан Персияға соғыс жарияланып, Филипп одақтық күштерге бас қолбасшы болып тағайындалды.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫҢ МӘДЕНИЕТІ

Лекция жоспары:

- 1.Ежелгі грек діні**
- 2.Көне гректердің мерекелері**
- 3.Жазу, әдебиет, театр**

4.Скульптура мен сурет өнері, архитектура

5.Көне грек ғылымының дамуы

Ежелгі грек діні. Жалпы, антикалық мәдениет эгей сарайлары мен олардың маңында қалыптасқан тұрақтардың жойылуы мен халықтың қоныс аударуынан кейін пайда болды. Антикалық мәдениеттің орталықтары пайда болған қалалар еді. Отарлаудың барысында ол орасан зор тайпалық әлемге таралып, бүкіл ойкуменнің ұшы-қиыры жоқ кеңістігін жаулап алады.

Ежелгі гректердің дүниеге көзқарасы өз дәуірінің өндіргіш күштері мен өндірістік қатынастарына сай болды. Табиғат құбылыстары мен қоғамдық қатынастар негізінен діни тұрғыдан түсіндірілді. Грек діні критмикены дәуірінде қалыптасып, одан әрі ылғи дамып отырды. Идеологиялық формалар әралуан, нәзік және адамгершілікті бола бастады. Грек идеологиясының өте ертедегі түрі мифтер болды. Жеке-жеке мифтерден дүние мен адам тегінің шығуы туралы, құдайлар мен қаһармандардың ісі туралы айтылған тұтас аңыздар (мифология) құрылды. Грек мифологиясының барлық басқа мифологиялардан артықшылығы оның мол болып келуінде және бізге дейін тек бір ғана ертеке түрінде ғана емес, көркем-философиялық түрінде де келіп жетуінде. Мифтерде тек құдайлар туралы ғана айтылып қоймады, сонымен қатар құдайға ұқсаған адамдар, қаһармандар, өзінше бір шала құдайлар: Геракл, Антей, Язон т.б. туралы да айтылады. Әр тайпаның ұрпақтан ұрпаққа сақталып отыратын халықтың "қасиетті мұрасы" болып келген өз алдына құдайлар мен батырлары туралы ертегілері болды. Жеке мифтерден едәуір күрделі хикаялар құралды, ал хикаялардың кейбірі географиялық орталыққа, мысалыға Фивыға (Фивы ертегісі), Аргосқа (Аргос ертегісі), Аттикаға (Аттика ертегісі) арналған бірнеше миф жинақты құрады. ҮШ-ҮІІ ғасырларда жинақталған мол миф материалдары бізге дейін келіп жеткен Гомердің "Иллиада" мен "Одиссея" және Гесиодтың "Теогония" поэмалары, сондай-ақ үзінді күйінде сақталып келген басқа да поэмалар әдеби жағынан өңделген болатын. Мифтер классиктік және эллиндік заманның авторларының қайталап айтуымен бізге дейін келіп жетті. Гректің драматургтері мен ақындары мифологиялық сюжетті өте көп пайдаланады. Сондықтан да кейбір мифологиялық циклдің алғашқы түйінін соңынан қосылып өзгерген түрінен айыру қиын болады.

Гректің дін, дүние туралы, құдай және қаһармандар туралы түсінігін мифологияны негізге ала отырып, байқауға болады. Грек дінінде тотемизм қалдықтарының сақталуы шүбәсіз. Мәдени дамудың алғашқы сатысында гректер адамдар мен жануарлардың арасына үзілді-кесілді шек қоймайды және өздерінің құдайларын жануар түрінде құрметтеді. Мысалы, Гера

құдайы сиыр бейнесінде құрметтелді. Жануарлар соңғы кезде құдайлардың серігі болды (Зевестікі бүркіт, Афинынікі үкі т.б.). Гректер жануарлармен қатар өсімдіктерді (емен, лавр, зәйтүн ағашы), жаратылыс күштерін (өзен, орман, бұлақ т.б.) құрмет тұтатын еді.

Грек дінінде ру құрылысы заманында қалыптасқан ата-бабаларға табыну нанымдары үлкен роль атқарады. Әр үйдің өзінің қасиетті орны болды. Ошақ қасиетті орын болып саналды, үй ерекше құдайлардың қамқорында болды, белгілі күндерде ырым істеу үнемі үй ішінде болатын оқиғаларға (үйлену, бала туу, өлуге) байланысты болды. Өлген адамды о дүниеге барғанда керек болатын заттармен қамтамасыз етіп, жерлеу семьяға жүктелді. Семьяның құрып бітуі және болмауы бақытсыздық саналды, өйткені өлген адамның қамын ойлайтын адамы болмағандықтан, оның аруағы жұрттың мазасын алады деп түсінді. Өлген адамның көмілмей қалуы тіпті жарамайтын іс болып саналады, өйткені мұның өзі бүкіл қаланы жаманшылыққа ұшырататын. Грек дінінде жалпыға бірдей дін оқуы болмады, гректер құдайды дүниежүзі толған жанды нәрселер-рух немесе пері деп білді. Эллада—пантеизм елі болды.

Құдайлардың құрметіне құрбандық шалып, гимн өлеңдерін айтып, билеп той жасайтын арнаулы құрбандық жер орнатылды. Кейінірек кішкене мұнаралар және храмдар салына бастады. Дін жоралары істерін әйел абыздар басқарды.

Көптеген тайпа құдайлары мен қасиетті орындардың кейбірінің жалпы гректік ұлттық маңызы бар. Бұған Додондағы (Эпир) Зевстің қасиетті орны т.б. жатады. Додондағы және Дельфыдағы шіркеулер өзінің сәуегейлігімен, бал ашумен және болжап айтуымен даңқы шықты.

Грек тайпаларының тарап, отарлау кезінде Дельфы оракулы Апполонның үлкен әсері болды. Қасиетті орындарды қорғау үшін әр түрлі қалалардың уәкілдері қатысқан одақ (амфиктония) құрылды. Бертін келе, Дельфы амфиктониясының маңызы және беделі арта бастады. Ол, тіпті діни бірлестіктен саяси және халықаралық одаққа айналды.

Мәдениеттің өсуімен бірге гректер өздерінің ата тегін жануардан емес, адамнан шығарып, құдайларды адам түрінде бейнелей бастады. Діннің бұл сияқты даму сатысын антропоморфизм деп атайды, яғни құдайларды адам түрінде бейнелеу. Антропоморфизм дүниесі құдайларын жүйеге келтіру, жергілікті маңызы бар құдайларды әлемді билейтін құдайға айналдыру идеясы Гесиодтың "Теогониясында" ("Құдайлар шежіресі") өте анық көрінді. Гесиодтың айтуынша, дүниенің алғашқы жаратылған кезінде Хаос, Жер (Гея) мен қапалы Тартар (жерасты әлемі) және Эрос (махаббат) болған. Жердің өзінен аспанды бейнелейтін Уран туады, алып жұлдыздардың көбі Ураннан шығады. Алып Кронос пен оның әйелі Рейден құдайлар туады. Олардың кішісі Зевс өзінің әкесін

жеңеді. Бірнеше әйелі (Деметрий, Гера т.б.) болған Зевс құдайлар мен құдай әйелдердің көптеген ұрпақтарының тегі болды. Апполон, Афины, Гефест, Арес және басқа құдайлар мен қаһармандар оның балалары болды.

Көне гректердің мерекелері. Белгілі бір уақытта храмдардың жанында мерекелер болатын. Бұған эллин дүниесінің барлық жерлерінен көптеген адамдар жиналатын. Дельфыда Пифон айдаһарын жеңген Апполондар құрметіне Пифия мерекесі болатын, әсіресе, Олимпия Зевсінің құрметіне олимпиада өткізілетін Олимпия мерекесі көп тарады.

Олимпия жарыстарында жүгіру, дискі лақтыру мен секіру, арбамен жарысу, күрес, т.б. ойындар өткізілді. Олимпия ойындары жазда өткізілетін де, бес күнге созылатын. Ойындарда жеңіп шыққан адам лавр және зәйтүн веногын алатын, ол тек туыстарының ғана емес, қаласының және тайпасының мақтанышы болып есептелетін. Олимпия мерекелерінің жалпы гректік маңызы болды. Аңызға қарағанда бірінші олимпиада 776 жылы болған көрінеді. (Кейінгі кезде тарихшы Тимей жыл санауды олимпиада бойынша жүргізді).Әрбір төрт жыл бір олимпиада болып саналады.

Жазу, әдебиет, театр. Грек мәдениетінің дамуына жазбаның шығуы әсер етті. YII ғ. өзінде, Финикия алфавитінің негізінде 24 әріптен құрылған грек алфавиті шықты.

Әдетте грек әдебиетінің тарихы Гомер мен Гесиодтан басталады. Эпостан кейін лирика басталады. Лирикалық поэзия грек дүниесіндегі соңғы Гомер және одан кейінгі дәуірдегі ірі өзгерістердің көркемдік белгісі болды.

YII-YI ғасырлардағы грек лирикасы өте бай, алуан түрлі және көп жақты болды, бірақ бізге оның үзінділері ғана белгілі. Лирик ақындардың алдыңғы легі Архиолох, Алкей және Сапфо сияқты ақындар болды. Лирикалық поэзияның көркейіп, жетілген шағындағы тақырыбы махаббат, табиғат, көктем, жаз, күз бен қыс, достар мен шарап туралы жырлар болды.

YII-YI ғғ. лирикалық поэзия тұрмыс жөніндегі мұқтаждығы жоқ және өзінің жеке басының қамын жеумен шұғылданған қоғамның тым нәзік тобына арналған. YIғ. екінші жартысында өмір сүрген Теоса қаласынан (Кіші Азияда) шыққан Анакреонт осы поэзия өкілі болды. Анакреонт өз поэзиясының мазмұнын сұлулықтың, ғашықтықтың поэзиясы деп бағалады. Соғыс, саясат және өмір мәселелері оған жат көрінді. Поэзиядан алғаш бөлініп шыққан прозалық жанрдың бірі мысалдар (басня) еді. Оның ірі өкілі Эзоп болды.

Скульптура мен сурет өнері, архитектура. Грек мәдениетінің ең жоғарғы гүлденген кезеңі б.э.д Y ғасыры саналады. Жаңа қалыптасқан

демократия өміршең аристократиялық этикалық түсініктермен қатар, бұл дәуірдегі гүлденген грек мәдениетінің негізін жасайды.

Жаңа тенденция қала құрылысынан айқын көрінді. Б.э.д. V ғ. қалаларды жүйелі жобалау теориясының авторы Гипподам өмір сүрді. Оның басқаруымен Милет, Пирей, Фурий қалаларының құрылыстары қайта қалпына келтіреді.

Қоғамдық ғимараттардың негізгі типі бұрынғыдай храмдар болды. Б.э.д. V ғ. бірінші жартысында дорийлік архитектураның маңызды шығармалары дүниеге келді, олар Оңтүстік Италиядағы Посейдон қаласындағы керемет храмдар және Олимпиядағы Зевс храмы. Ежелгі грек архитектурасы тарихында Афины Акрополінің құрылыс комплексі ерекше орын алады. Акропольдің басты ғимараты-Парфенон құрылысының келбеттілігі, көркемдік шеберлігі, материалының келістілігі көрген жұртты таңқалдырды.

Б.э.д. V ғ. Грециядағы скульптура иен сурет өнері алдыңғы уақыттың традицияларын одан әрі дамытты. Құдайлар мен батырларды бейнелеу негізі тақырып болып қалады. V ғ. грек пластикасы Мирон, Фидий және Поликлет деген шеберлердің еңбектерінде жоғары дәрежеге жетті, бұлардың еңбектері көркем өнердің дүниежүзілік тарихына енді.

Грек өнерінің тағы бір саласы сурет өнердің көрнекті өкілі Фасостан шыққан, бірақ Афиныда өмір сүріп, сонда қызмет істеген Полигнот болды. Ол Афиныдағы “Ала портиктің” қабырғаларына және Дельфыдағы храмдар мен ғимараттарға салған суреттерімен өзінің даңқын шығарды. Сурет өнерінде жаңа бағыт ашқан Аполлодор (V ғ. екінші жартысы) болды. Оны әр түрлі бояу қолданып салған суреттердегі жарық пен көлеңкені үйлестіріп келтіре білу шеберлігінің негізін салған деп есептейді.

Б.э.д. V ғ. драмалық өнердің гүлдену кезеңі. Драманың маңызды жанрларының бірі - трагедия мен комедия болды. Грек трагедиясының негізін салушылар, оның класиктері Эсхил мен Софокл болды. Олардың шығармаларының басым көпшілігінде этика мен мораль мәселелері бойынша қайшылықтар бейнеленді. Эсхил мен Софокл трагедияларының тақырып аясы: мемлекет пен ру, бостандық пен деспотизм арасындағы дау, парыз үшін қасірет шегу, адамның ой-пікірі мен ісінің арасындағы байланыс туралы болды. Эсхилдің “Парсылар”, “Орестей”, “Бұғауланған Прометей”, ал Софоклдың “Эдип патша”, “Антигона” сияқты атақты шығармалары бар.

Антик заманы драмасының келесі бір кемеңгері Эврипид болды. Оның шығармаларында сол замандағы софистер алға қойған және оның замандастарының ақыл-ой сезімін тербеген ұлы мәселелер тікелей немесе

жанама түрде орын алып отырды. Атақты шығармалары “Медея”, “Авлидтегі Ифигения” және “Ипполит”.

Трагедиялардан естілетін қоғамдық үндер грек комедиясынан да айқын орын алды. Комедия да трагедия сияқты тарихи негіздерде өсті. Комедияның сюжеті күнделікті өмірдің толып жатқан мәні зор, ұсақ-түйек мәселелерінен құрылып отырды. Комедияның тілі әдеби жағынан дұрыс құралмай, қарапайым әңгіме тіліне жақын құрылды. Грек комедиясының аса көрнекті өкілі, саяси комедияның бірден-бір жазушысы болды Аристофан еді. Оның бізге дейінгі он бір пьесасы сақталып келді. Аристофан творчествасының көзге түсетіні формасының көркемдік әдемілігі, сөздерінің үнемі өткір келетіндігі, драмалық, комедиялық және лирикалық көңіл жағдайларының үйлесіп отыратындығында.

Грек театрының тарихы Эсхилден басталды. Грек театры жұрт жарты дөңгелек (амфитеатр) жасай орналасатын далада орналасты. Театрдың басты бөліктері мынадай еді: 1. (койлене—театрды көрушілер отыратын үй, 2. оркестра—хор орны, әуел баста оркестрдің орны болды, 3. сахна - декорациялар қойылатын жер, кейіннен мұнда актерлар ойнады.

Бастапқыда театр ойындары тек Дионис мейрамдарында ғана көрсетілді де, тек дін жораларына тиісті нәрсе болды. Кейін бірте-бірте қоғамдық маңыз алып, театр саяси трибунаға, демалатын және ойын-сауық өткізетін жерге айналды. Грек полистерінің жалпы мәдени дәрежесінің жоғары болуы көбінесе осы театрдан деуге болады, өйткені театр халық бұқарасын ұйымдастырды, тәрбиеледі және көзін ашып отырды.

Көне грек ғылымының дамуы. Б.э.д. Үғ. натурфилософиядан жеке ғылымдардың бөлінуі ғылымның дамуындағы маңызды белгі болды. Ол медицина және математика саларындағы прогрестен көрінді. Медицина бойынша Гиппократ, математика бойынша Пифагор еңбектерінің ғылым үшін маңызы зор болды.

Грекиядағы жаратылыстану ғылымының, ең алдымен медицинаның жетістіктері адамға, одан әрі қоғамға деген қатынасты өзгертті. Кейіннен тарихшылар деп атала бастаған алғашқы грек авторлары “зерттеуді” адам тұрмысына да тарата бастады. Олар халықтың орналасуын, олардың әдет-ғұрыптарын, ғажап ғимараттарын суреттеді және бұнымен қатар алғашқы тарихшылар этнография мен географияны да қамтыды. Гректің “тарих” сөзінің өзі алғашқыда “сұрау”, “қазбалап сұрау” мағынасында қолданатын еді.

Бірінші тарихи еңбектер үшін материалдар ауызша аңыздар мен жазба документтер болды. Ең бірінші тарихшы Грецияның ірі ғылыми орталығы Милетте пайда болды және ионийлік философтардың ізін қуды. Анаксимандр бірінші глобусты құрап, бірінші географиялық картаны

жасаса, екі ұрпақтан соң Гекатей бұл картаны толықтырып, оған өзінің “Жерді айналу” деген еңбегінде ғылыми түсінік беріп, оны табиғат пен адам туралы нақты мәліметтермен толықтырды. Гекатей (б.э.д. 540-480жж.) антикалық әлемнің бірінші тарихшысы болғанымен эллиндер б.э.д. V ғ. аса ірі тарихшысы Геродотты (б.э.д. 490-430жж.) құрмет тұтты. Геродотты “тарихтың атасы” деп әділ бағалап жүр, оны “география атасы” деп айтуда әділ болар еді. Өйткені, Геродоттың білім құмарлығы біз география және этнография деп аталған салаға да алып келеді. Геродотты ең алдымен адамдар, олардың қызметі және өмірі, мінез-құлықтары, діни нанымдары, сол сияқты өткен ескерткіштер, табиғат көріністері бәрі қызықтырды. Ол өзінің негізгі міндетін, өз кезіндегі аса зор оқиға грек-парсы соғысы туралы әңгімелеу деп біледі.

Геродоттан бір ұрпақ кейін өмір сүрген Фукидидтің (б.э.д. 460-400ж.ж. шамасы) еңбектері Пелопоннес соғыстары тарихына арналды.

Өзінің дамуының ертерек сатысында философия жаратылыстану, ғылыми және математикалық білімдерден бөлінбеді. Тұңғыш грек философтары натурфилософтар табиғатты, дүниенің шығуы мен оның дамуын зерттейтін, астрономдар мен математиктер болды. Олардың қатарына философтар Анаксимандр, Анаксимен, Фалес, Демокрит, Пифагор, Гераклиттерді атауға болады.

Б.э.д. V ғ. ортасында Грецияда софистер (“софос”-дана) қозғалысы басталады. Софистерді ең алдымен гносеологиялық проблемалар: адам білімінің табиғаты, оның ақиқаттығының немесе жалғандығының белгілері қызықтырды. Софистер философияның дамуында келесі қадамға аяқ басты, өйткені бұл аталған проблемаларды натурфилософия алдына қоймаған еді. Софистердің ең даңқтылары Протагор мен Горгий болды.

Софистерге көрнекті философ Сократ (470-399 ж.ж.) қосылды. Сократ ақиқаттың белгілерін іздеуде софистерден әрі кетті. Ол ақиқатты табуға болады және ол айтыста танылады деген. Ғылыми танудың әдістерін ол софистер сияқты сұрақ және жауап системасы деп білді, Сократтың ойынша, пікір таласы арқылы шын қорытындыға жетуге болады.

Ғылыми-философиялық ұлы екі система-Платон мен Аристотельдің системасы классиктік Грецияның ғылыми-философиялық табыстарының қорытынды түйіні болып табылады. Бұл екі системаның мәдени-тарихи маңызы екі түрлі және құндылығы да бірдей емес. Келесі ғасырдың ой саласы үшін Аристотельдің маңызы Платоннан гөрі анағұрлым зор. Бір жағынан Аристотель өзінен бұрынғы білімнің бәріне қорытынды жасады, екінші жағынан антик заманы дүниесінен өтіп, кәзіргі білімнің негіздеріне әсер еткен философиялық жаңа системаның бастамасын ашты.

Б.э.д. V ғ. грек мәдениетінің жоғары өрлеуі ең алдымен классикалық полистің гүлденуіне байланысты болды. Демократияның күшеюі,

позитивті ғылымның прогресі, географиялық ой өрістің кеңеюі, өз өмір сүру салтының басқалардан артықтылығын сезіну-бұның бәрі классикалық Греция мәдениетінің өзіндік белгілерін тудырды.

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ ЖОРЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЭЛЛИНДІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ЫДЫРАУЫ

Лекция жоспары:

1. Александр Македонский жорықтары

2. Эллиндік мемлекеттердің пайда болуы мен ыдырауы

Александр Македонский жорықтары. Коринф конгресі Шығысты эллиндендіру (грек ықпалына бағындыру) тарихының жаңа кезеңі болды. Осы кезден бастап ұйымдастырылмаған отарлау тасқыны Македония патшасы бастаған ұйымдасқан басқыншылық қозғалысына айналды. Шығыстың байлығы үшін қозғалыста бірінші орынды Македония мен Грецияның соғыс және сауда элементтері алды.

Жорыққа әзірлік Филиптің кенеттен өлуіне (336ж.) байланысты біраз бөгеліп қалды.

Таққа отырған Филиптің ұлы Александр әкесін өлтірушілерді қатаң жазалап, таққа үміткерлерді де аямады. Бірақ жас патшаға негізгі қауіп сырттан төнген еді, солтүстіктен фрако-иллирия тайпалары басып кірсе, оңтүстікте гректер көтерілді. Мұндай жағдайда Александр тез, әрі батыл қимылдады. Алдымен Фракия мен Иллирияны талқандаған ол әскерімен Орта Грецияға еніп, Фивы маңында лагерь құрып, қаланы қоршауға алады. Фивылықтардың бірде барлаудан оралған кезін пайдаланып, македондықтар олармен бірге қалаға баса-көктеп кіреді. Фивының халқы құлдыққа сатылып, қала жер бетінен жоқ етіліп, жойылды. Александрдың гректерді қорқытқысы келген еді, оның бұл ойы жүзеге асты. Афиныға келіп кірген Александрды қала бас иіп қарсы алды. Александр болса, қалаға тиіспеу грек әлеміндегі өз ықпалын күшейтетінін о баста түсінген еді. Коринфте қайта жиналған грек полистерінің өкілдері жас патшаны Персиямен соғыста бас қолбасшы етіп тағайындайды.

Александр Македонскийдің жеке тұлғасы мен қызметі туралы айтыс әдебиетте әлі күнге жалғасуда. Бұрын тарихнамада македон патшасын идеал тұту басым еді, онда ол шығысқа жоғары эллиндік өркениетті алып келуші және ұлы тарихи миссияны орындаушы данышпан саналды. Ұстаусыз идеализация кейін парасатты тәсілмен ауыстырылды. Ірі мемлекеттік қайраткер және қолбасшы Александрдың қызметін біржақты бағалау мүмкін емес. Оның жорықтары күні өткен Ахеменид державасын

жойды, бірақ грек-македон әскері жүрген жолында қаңыраушылық, құлдық және өлім әкелді. Қалалар мен селолар қиратылып, жер бетінен бүтін бір тайпалар құрып кетті. Көлемі парсы мемлекетінен асып түсетін өз державасында Александр қарудың күшімен әртүрлі елдер мен халықтарды біріктірді. Оның бір текті экономикалық базасы болмады және ол нағыз әскери бірлестік болды.

Македон жаулап алушылығы негізінен стратегиялық жағынан маңызды тірек пунктері саналатын ірі қалаларды басып алуға келіп тірелді. Парсы державасының қирандысында пайда болған мемлекет, көп жағдайда оны қайталады. Александр өз билігін мойындағанды және салық төлетуді қанағат тұтты, былайынша өмірде, әсіресе орталық шалғай облыстарда түпкілікті өзгерістер болған жоқ.

Сонымен бірге, жорық кезінде және одан кейін де шығысқа гректер мен македондықтар ағыны қаптап кетті, олар осында тұрақтанып, өздерімен бірге әлеуметтік қатынастардың жаңа формасын және өз мәдениетін әкелді. Александр негізін қалаған кейбір қалалар өз сипатын өзгертіп, саяси және экономикалық, сауда байланыстарының кеңеюіне жағдай жасады. Жорықтар география, биология, этнография т.б. ғылымдарға жаңа білімдер әкелді. Олар Шығыс Жерорта теңізі тарихындағы жаңа дәуірдің басталғанын көрсетті, бұл дәуір грек-македон және жергілікті бастаудың өзара ықпалының күрделі және қайшылықты процестерін сипаттады.

Александрдың әлемдік державасы уақыт сынына шыдай алмады, себебі оның экономикалық, не саяси алғы шарттары болмады. Бірақ, Александрдан антикалық тарихтың жаңа кезеңі басталады. Оның қызметі Еуропаға ғана емес, Таяу және Орта Шығыстағы көптеген халықтардың тағдырына әсер етті. Эллинизм дәуірінде этникалық, полистік және діни тұйықтықтың өзгеруі жүрді, мемлекеттің жаңа формасы пайда болып, айырбас пен сауда дамыды, жаңа діндердің негізі қаланды. Сонымен бірге әлеуметтік поляризация процесі жүріп отырды, кедейлер мен құлдардың құлиеленушілерге қарсы күресі күшейді. Александр жорығының нәтижесінде Шығыс пен Батыстың шынайы кездесуі болып, ол өмірдің көптеген аспектілерінен көрінді, бірін-бірі мәдени байыту басталды. Александрдың жеке басының бағасынан және оның қызметінің сипатынан тәуелсіз, мойындау керек, оның жорықтары еуропалық және шығыс өркениеттерін жақындастыруда белгілі бір роль атқарды.

Александр Македонскийдің он жылға (б.э.д. 334-324ж.ж.) созылған жорықтары нәтижесінде Балкан түбегін, Эгей теңізі аралдарын, Кіші Азияны, Египет, бүкіл Алдыңғы Азияны, Орта Азияның оңтүстік бөлігін және Орталық Азияның бір бөлігін, Инд өзенінің төменгі ағысына дейінгі территорияны қамтыған держава пайда болды. Алғаш рет тарихта осынау

орасан зор территория бір саяси системаның негізіне енді. Жаулап алу процесінде жаңа қалалар пайда болып, жаңа қатынас жолдары ашылып, алыс облыстар арасындағы сауда дамыды. Бірақ, жерлерді бейбіт игеруге көшу бірден болған жоқ, Александрдың өлімінен соң жарты ғасыр бойына оның қолбасшылары диадохтар (мұрагерлері) арасында оның мұраларын бөлісу үшін аяусыз күрес жүрді.

Алғашқы он жылдықта державаны бірілігі сөз жүзінде болса да, Филипп Арридей (323-316 жж.) мен жас Александр ІҮ-ің (323-304 жж.) номиналды билігімен сақталды. Бірақ, шын мәнінде державадағы билік б.э.д. 323 жылғы келісім бойынша ең ықпалды және талантты қолбасшылар: Македония мен Грецияда Антипатрдың, Фракияда Лисимахтың, Египетте Птолемей, Кіші Азияның оңтүстік-батысында Антигонның қолында болды.

Әскери күштің бас қолбасшысы және іс жүзіндегі регент Пердиккеге шығыс сатрапиялардың билеушілері бағынды. Бірақ өзінің жеке билігін нығайтуға және оны батыс провинцияларға таратуға жасаған Пердиккенің әрекеті оның өлімімен аяқталып, диадохтардың соғыстарын бастап берді.

Эллиндік мемлекеттердің пайда болуы мен ыдырауы. Диадохтардың жарты ғасырлық күрес кезеңі жаңа, күрделі әлеуметтік құрылымы бар эллинистік қоғамның және мемлекеттің жаңа типінің қалыптасу уақыты болды.

Олардың әрбірі өз қол астына ішкі және теңіз жағалаулардағы облыстарды біріктіріп, маңызды сауда жолдарына, сауда орталықтарына және порттарға үстемдігін қамтамасыз етуге ұмтылды. Олардың әрқайсысының алдында биліктің реальды тірегі күшті әскерді ұстап тұру проблемасы тұрды. Әскердің негізгі бөлігі македондықтар мен гректерден және Грециядан тартылған жалдамалылардан тұрды.

Македониядан басқа облыстардың бәрінде жаулап алушыларға жергілікті халықпен қарым-қатынас проблемасы тұрды. Оны шешуде екі тенденция анық байқалды: грек-македон және жергілікті ақсүйектердің жақындасуы, әлеуметтік және саяси ұйымның дәстүрлі формаларын пайдалану және тұрғылықты халық қабатына каталдау саясат ұстау, сол сияқты полистік құрылысты енгізу.

Алыс шығыстағы сатрапиялар жөнінде диадохтар Александр тұсында қалыптасқан саясатты жалғастырды, яғни, тәуелділігін мойындау және ақшалай, натуралды салықтарды төлеу шартымен билік жергілікті ақсүйектерге берілді.

Жаулап алынған территорияларда экономикалық және саяси нығаю тәсілдерінің бірі жаңа қалалар салу болды. Қалалар стратегиялық пункт ғана емес, әкімшілік және экономикалық орталық ретінде құрылды, полис статусын алды. Жаңа полистер эллиндік әлемнің барлық облыстарында

пайда болды, бірақ олардың саны, орналасуы және пайда болу әдісі жеке облыстардың тарихи ерекшеліктерін көрсетті.

Диадохтар күресі кезеңінде жаңа, эллинистік мемлекеттің қалыптасуымен қатар, Шығыс Жерорта теңізі және Алдыңғы Азия халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің терең өзгеру процесі жүрді. Аса ірі теңіз шайқастары, қаланы қоршаудың тіке шабуылмен қосыла жүрген үзіліссіз соғыстар, жаңа қалалар мен бекіністердің негізінің қалануына, бірінші кезекте әскери және құрылыс техникасының дамуына әкелді.

Жаңа қалалар жобалау принциптеріне сәйкес, көшелері тек қиылысқан түрде салынды. Қала мұнаралары қорғаныс дуалдарымен қоршалды, стратегиялық жағынан маңызды, биік жерге орналасқан орындарда цитадельдер салынды. Дуалдар, мұнаралар, храмдар т.б. ірі құрылыстардың салынуы техникалық білімнің және аса ауыр жүктерді көтеріп, тасымалдаудың механизмдерін жетілдіруді талап етті. Техникалық ойдың жаңа жетістіктері архитектура мен құрылыс саласы б.э.д. ІҮ-ІІІ ғғ. жарық көрген шығармаларда өз көрініс тапты.

Эллинистік қоғамның экономикалық дамуының маңызды белгілерінің бірі сауда мен товарлы өндірістің өсуі болды. Әскери қақтығыстарға қарамастан Египет, Сирия, Кіші Азия арасында жүйелі сауда байланыстары орнады. Қызыл теңіздегі, Парсы шығанағындағы, Египеттің Қара теңіз жағалауымен, Карфагенмен, Риммен сауда жолдары қалпына келтірілді. Жаңа аса ірі сауда және қолөнер орталықтары пайда болды (Александрия - Египетте, Антиохия-Оронтта, Селевкия-Тигрде, т.б.). Шығыс Жерорта теңізінде жаңа сауда орталықтарының пайда болуы сауда жолдарының Эгей теңізіне ауысуына әкелді, Родос пен Коринфтің транзиттік сауда порттары ретінде маңызы артты, Афины бұл маңызын жоғалтты. Ақша операциялары мен ақша айналымы едәуір кеңейді, оған ақшаның унификациялануы қолайлы жағдай тудырды.

Қалалардың сауда-қолөнерші халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету қажеттігі ауылшаруашылық өнімдері өндірісін кеңейтуді туғызды. Ақша қатынастары тіпті Египет "комына" (деревня) еніп, ондағы дәстүрлі қатынастарды ыдыратып, село халқын қанауды күшейтті. Ауыл шаруашылығы өндірісінің кеңеюі егіс алаңдарын ұлғайту және оларды интенсивті пайдалану есебінен жүрді.

Экономикалық және техникалық прогрестің маңызды стимулы грек және грек емес халықтардың ауыл шаруашылығы мен қолөнердегі тәжірибе және өндірістік дағдыларды өзара алмасуы болды. Греция мен Кіші Азиядан қоныс аударушылар Сирия мен Египетке зәйтүн және жүзімдікті әкеліп, ол жерден құрма ағашын егуді үйренді. Папирустардың хабарлауынша, Фаюмда қойдың милеттік тұқымын жерсіндіруге

тырысқан. Мал тұқымдары мен ауыл шаруашылық мәдениеттерін мұндай алмастыру эллинистік дәуірге дейін де болған еді, бірақ енді ол үшін қолайырақ жағдай қалыптасты. Ауыл шаруашылығы жабдықтарының қаншалықты өзгергенін анықтау қиын, бірақ әр жақтың техника мен тәжірибе алмастыру нәтижесі көрініп тұр. Жаңа егістіктерді суландыру су айдағыш механизмдерді жетілдірді. Су айдайтын машинаны ойлап табу Архимедтің есімімен байланысты.

Египет пен Алдыңғы Азияда қолданып жүрген тоқу станогының жетілген түрін гректердің үйренуі нәтижесінде Александрияда кестелі маталар жасайтын және Пергамда алтындап тігілген киім дайындайтын шеберханалар ашылды. Өнімдердің жаңа түрлері қолөнердің басқа салаларында да пайда болды. Египетте папирустың әр түрлі сорттары, ал Пергамда б.э.д. II ғ. пергамент дайындау жолға қойылды. Рельефтік керамика тарайды, металл өңдес, қара лакпен жылтыратылған бояуы мен сыртқы формасы, оны қымбат ыдыстарға ұқсатты. Зергерлер өнімдерді мозаикалық, әр түрлі түстес, алтындалған шыныдан жасау әдістерін игерді.

Теңіз саудасының дамуы және теңіздегі үзіліссіз әскери қақтығыстар кеме жасау техникасын жетілдірді. Таранмен және атқыш құралдармен жабдықталған көп қатарлы ескекті әскери кемелер одан әрі салынды. Кейбір верфтерде 20 және 30 қатарлы кемелер салына бастады.

Парусты сауда флоты құрылысы кеңейді. Оның орташа жүк көтергіштері 70 тоннаға жетті. Кеме жасау ісімен қатар, верфтер мен доктар құрылысы да жетілдірілді. Гаваньдар қолайлы етіліп, маяктар мен жолдар салынды. Әлемнің жеті кереметінің бірі архитектор Сострат жасаған Фарос маягі болды, биіктігі 120 метр ол теңіз жақтан үш жүз стадия (55 км.) қашықтықта көрініп тұрды, оның жоғарғы бөлігінде түнде алау жанып тұрады. Бұндай маяктар Остия, т.б. порттарға да салынды.

Б.э.д. IV ғ. соңы - III ғ. басындағы тарихи оқиғалар әлеуметтік-саяси ұйымның жаңа формасы эллинистік монархияның пайда болуына әкелді. Эллинистік дәуірдің полистерінің классикалық дәуір полистерінен маңызды айырмашылықтары болды.

Полиске тіркелетін жерлердің көлемі, оған саяси және экономикалық артықшылықтарды беру патшаның еркінде болды; полистің сыртқы саяси байланыс жүргізу правосы шектелді, көбіне полистің басқару органдары патша чиновниктерінің бақылауында болды. Полистің сыртқы саяси дербестігін жоғалтуы бұдан былайғы өмір сүрудің қауіпсіздігінен, әлеуметтік тұрақтылықпен және мемлекеттердің басқа бөліктерімен мықты экономикалық байланыстық қамтамасыз етілуімен орны толтырылды. Патша өкіметі қала халқынан маңызды әлеуметтік тірек және әскері мен әкімшілігіне қажетті контингент тапты. Полис

территориясында жер қатынастары әдеттегі үлгі бойынша қалыптасты: азаматтардың жеке меншігі және бөлінбеген жерлерге қала меншігінің болуы. Қалаларға тіркелмеген территориядағы жерлердің бәрі патшаныкі болып саналды.

Жер қатынастарының бұл өзгешелігі эллинистік мемлекеттердің әлеуметтік құрылымының көп қабатты болуына себепші болды. Сарай штатымен қоса патша әулеті, жоғарғы әскери және азаматтық әкімшілік, бақуатты қалалықтар және жоғары дінбасылар- құлиеленуші ақсүйектердің жоғарғы қабатын құрады. Олардың негізгі байлық көздері - жер, табысты қызмет, сауда, өсімқорлық болды.

Ең көп санды қабат орташалар - қалалық көпестер және қолөнершілер, патшаның әкімшілік персоналы, клерухтар, жергілікті дінбасылар, интеллигент мамандықтары бар адамдар (врач, архитектор, философ т.б.) болды. Аталған екі топ байлықтары мен мүдделерінің әр түрлілігіне қарамастан билеуші топты құрап, Египет папирустарында "эллиндер" деп аталды. Бұлар "эллиндік еместерге", кедей жергілікті село және қала халықтары-лаойларға қарсы тұрды. Лаойлардың көпшілігін тәуелді және жартылай тәуелді егіншілер құрайды. Бұлардың қатарына гипотелейстер-шеберхана жұмысшылары кірді. Жоғарыда аталған екі топтың да жеке бастары тәуелсіз саналды. Әлеуметтік сатыда олардан төмен құлдар тұрды.

Эллинистік қоғамда құл еңбегінің ролі қалаларда жоғары болды. Бірақ құл еңбегі ауыл шаруашылығында жергілікті халықтың еңбегін ығыстырып шығара алмады.

Қала халқының әлеуметтік ұйымының формасы полис болса, село халқы комдар мен катойкіге бірікті.

Сөйтіп, б.э.д. III ғ. бойына эллинистік қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы қалыптасты, әр мемлекетте оның өзіндік өзгешелігі болғанымен, олардың бірнеше жалпы белгілері де болды.

Эллинистік әлемді саяси система ретінде Рим империясы жұтып қойды, бірақ эллинистік дәуірдегі қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық құрылым элементтері одан кейінгі ғасырлардағы Шығыс Жерорта теңізінің дамуына орасан зор ықпал жасады және оның өзіндік бетін анықтады. Эллинизм дәуірінде өндіргіш күштердің дамуына жаңа қадам жасалды, өзіне шығыс деспотиясы мен қаланың полистік ұйымының белгілерін біріктірген мемлекеттердің жаңа типі - эллинистік патшалықтар пайда болды, ішкі әлеуметтік, саяси қайшылықтар үлкен шиеленіске жетті. Эллинистік әлемнің екі алыбы Селевкид пен Птолемей монархиясы бұл қайшылықтардың басында тұрды. Пергам мен Родос бұл екеуінің қайшылығын ұтымды пайдаланып, халықаралық аренада беделдерін сақтай алды. Ал, Македония болса ұзақ жылдарға созылған соғыстар мен

төңкерістерден қалжыраса да, Греция мен Эгей теңізіндегі үстемдігінен айырылмау үшін күресті.

Б.э.д. II-I ғғ. әлеуметтік күрес, мүмкін тарихта алғаш рет, әртүрлі формаларға ие болды: құлдардың қашуы, тайпалардың көтерілісі, қалалардағы толқу және бүліктер, діни соғыстар, сарай төңкерістері және династиялық соғыстар, бұларға халықтың құлдардан бастап әртүрлі топтары қатысты.

Эллинизм дәуірінде бұрынғы гректер мен македондықтар арасындағы этникалық өзгешелік маңызын жояды, ал "эллин" деген этникалық атау әлеуметтік маңызға ие болды және әлеуметтік жағдайы бойынша грек үлгісінде білім алып, шығу тегіне қарамастан соған сай өмір салтын ұстаған халық қабатына таралады. Бұл әлеуметтік-этникалық процесс өз көрінісін бірыңғай грек тілі қойнениң жасалуы мен таралуынан көрінді. Бұл тіл эллин әдебиет тілі және эллиндік мемлекеттердің ресми тілі болып саналды.

Экономикалық, әлеуметтік және саяси сфералардағы өзгеріс эллинистік дүниедегі адамның әлеуметтік, психологиялық бейнесінің өзгеруінен де көрінеді. Бұдан былай полистік идеология әлсіреп, оның орнында индивидуализм күшейді. Полис азаматтардың бостандығы мен материалдық игілігіне кепілдік бере алмады, енді азаматтар өмірінде патша әкімшілігі өкілімен жеке байланыстың, дәулеттілер билігінің қорғаушылығының маңызы артады.

Бұл процестің бәрі әртүрлі деңгейде эллинистік мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті. Эллинистік әлемнің мәдениеті күрделі әрі әралуан болды.

Эллинистік мәдениеттің маңызды белгісі техниканың одан әрі дамуы еді. Шығыс және грек тәжірибесінің өзара әрекеттесуі қол еңбегі құралдарын, оларды пайдалану тәсілдерін және адам күшімен қозғалысқа келетін күрделі емес механизмдерді жетілдірді. Мысалы, грек инженері және ғалымы Архимед Египеттегі су көтергіш құралды одан әрі жақсартты, оны гректер "Архимедтің винті" деп атады. Әскери және құрылыс техникасында ірі жетістіктер болды. IV ғасырдың соңынан әртүрлі лақтырғыш құралдар кеңінен таралды. Әсіресе катапульттар мен баллистер көп қолданылды.

Эллинистік әлемнің ғылыми және мәдени орталығы Александрия, Антиохия, Пергам, Афины болды. Александрияда сол заманның аса ірі кітапханасы жұмыс істеді, онда 700 мыңға жуық папирустар сақталды. Қалада ғалымдар үшін жатақханасы бар ғылыми мекеме-Мусейон жұмыс істеді. Бұнда Грециядан шақырылған ғалымдар патша есебінен күн көріп, ғылым, философия, әдебиетпен айналысты.

Эллинизм дәуірінде ғылымның жіктелуі мен жүйеленуі жүрді. Атап өтсек, Аристотельдің ізін қуушылар Теофраст “ботаника әкесі” аталса, Стратон “физик” аталды. Стратонның шәкірті Аристарх жер Күнді айналады деген болжамның авторы болды. Мусейон кітапханасының меңгерушісі Эратосфен алғаш рет “география” терминін пайдаланды.

Осы дәуірде екі жаңа философиялық жүйе пайда болып, дамыды. Оның бірі стоицизмнің негізін Кипрден шыққан Зенон қаласа, екіншісін Самостан шыққан Эпикур қалады. Екі бағыт өкілдері де адамды бақытқа жеткізу мақсатымен оның мінез-құлқы туралы ілім жасайды.

Шығыс және грек мәдениетінің тоғысуы тарихнаманың дамуына жағдай жасады. Б.э.д. III ғасырдың бірінші жартысында екі белгілі еңбек-вавилондық абыз Беростың “Халдей тарихы” мен египеттік абыз Манефонның “Египет тарихы” дүниеге келді.

Қорыта айтқанда, эллинизм дәуірінің мәдени мұрасы әлемдік мәдениеттің бір бөлігін құрап, оның дамуына өз үлесін қоса алды.

ЕРТЕДЕГІ РИМ

Лекция жоспары:

- 1.Рим қаласының пайда болуы**
- 2.Ертедегі Римнің қоғамдық құрылысы, діні**
- 3.С.Тулийдің реформалары**
- 4.Патшалық биліктің құлауы**

Рим қаласының пайда болуы. Күні кешеге дейін Римнің ертедегі тарихы негізінен, кейінгі антикалық авторлардың шығармалары арқылы белгілі болды, сол себепті XIX және XX ғ. бірінші жартысындағы тарихшылардың көпшілігі оны тану мүмкін емес деп білді. Тек соңғы онжылдықта археология мен лингвистика табыстары антикалық авторлардың деректеріне үлкен сын көзқарастарды жеңді және архаикалық Римнің мәдениеті мен тарихы туралы түсініктерді кеңейтті. Олар бұл авторлардың еңбектерінде кездесетін бірнеше аңыздардың реальды тарихи негізі бар екендігін дәлелдеді.

Аңыз бойынша Трояның құлауынан кейін Италияға Иллирия патшасы Дарданның ұрпағы Трояндық батыр Эней ұлы Асканиямен келеді, италик тайпасын соғысып жеңеді, латын патшасы қызына үйленіп, осында қалады және өлген соң құдайлар санатына енгізіледі. Оның ұрпақтары Ромул мен Рем Римнің негізін қалайды. Қазба жұмыстары ойдан шығарылды деген аңыздардың кейбір жақтарының дұрыстығын дәлелдеді. Тибрдің төменгі ағысындағы жеті төбені этрускілер емес, жергілікті тайпалар-латындар мен сабиндер мекендеген еді.

Римнің негізінің қалануы туралы аңыз толығырақ сақталған: егіздер Ромул мен Рем (Альба қаласының он төртінші патшасы Нумитордың қызының ұлдары) әкесінің інісі Амулидің бұйрығымен корзинаға салынып Тибрге тасталады. Бірақ су ұйқыға кеткенде, сәбилерді қасқыр құтқарып қалды. Кейіннен оларды патша малшысы Фаустул тауып алып өсіреді. Өскен соң олардың туылу құпиясы ашылып, олар аталарының тағын қайтарады және өздеріне қосылған малшылардың бір тобымен Рим қаласының негізін қалайды. Ағайынды екі жігіттің арасында қаланы қай төбенің басында салу керек деген мәселеде талас туындап, нәтижесінде Ромул Палатинді, Рем Авентинді таңдайды. Ромул Палатинге он екі лашынның ұшып келуін құдайлардың ісі, ол Римнің он екі ғасырлық даңқы бар екендігінен хабар беріп тұр біледі. Құрылыс кезінде Реммен ерегісіп қалған ол, сыңарын өлтіріп, Римнің бірінші патшасы болады.

Көршілері сабин қауымының жаман атағы бар жаңа қала тұрғындарына қыздарын бергісі келмейтіндіктен, Ромул Конса құдайы құрметіне арналған мейрамға оларды шақырады, мейрам кезінде римдіктер сабиндық қыздарды алып қашады. Ұрланған қыздар шыққан үш қаламен басталған соғыс, олардың өтінішімен бейбіт келісіммен аяқталады. Ромул билікті сабин патшасы Тит Тацитпен бөліседі, екі халық ортақ дінімен, дінбасарларымен, әдет-ғұрыптарымен бір қвитке тұтасып кетті.

Тит Тацит өлген соң, Ромул елді жалғыз басқарады. Аңыз бойынша ол жаңа қаланың өміріне маңызды заңдар енгізеді. Халықты үш трибаға, 30 курияға және әрбір курияны 10 руға бөледі. Сенат құрады, патрондар мен клиенттердің қатынасын реттейді, негізгі заңдар енгізеді. Аңыз бойынша, 37 жыл ел басқарғаннан соң, Ромул күтпеген жерден жоғалып, артынша Квирин деген атпен құдайлар санатына енгізіледі.

Ромул мен Тит Тацит тарихының қаншалықты реальды оқиға екенін айту қиын, бірақ айрықша мәндісі бізге дейін италиялық басқа қалалардың құрылуы туралы римдікіне таңқаларлықтай ұқсас мифтердің келіп жетуі.

Жаңа қазба жұмыстары Римнің пайда болуының датасын анықтау сияқты таласты мәселелерді түсіндіріп отыр. Аңыз бойынша ол б.э.д. 753 жылы 21 сәуірінде бақташылар құдайы Палес мейрамы күні құрылған. Шынында да, Палатиндегі тұрақтардың алғашқы іздерін археологтар б.э.д. VІІІ ғасырлармен даталайды. Лация тұрғындары, соның ішінде болашақ римдіктер латын тайпаларының одағына еніп, Альба-Лонгада Юпитер культімен бірікті. Басқа да италиктер сияқты, олар руларымен өмір сүрді, территориялық қауым-пагтар бойынша орналасты. Қауымдар ұзақ уақыт дербестігін сақтады, бірақ біртіндеп олардың қоғамдық жерлері қосылып, ортақ дін пайда болып, ортақ дінбасылар коллегиясы құрылды.

Ертедегі Римнің қоғамдық құрылысы, діні. Архаикалық Римнің қоғамдық құрылысы қарапайым болды. Ел басында сайланбалы патша тұрды, ол жоғары дінбасы, қолбасшы, заң шығарушы және сот функцияларын қатар атқарды, бірақ негізгі әлеуметтік-экономикалық ұя-әкенің билігіндегі мүліктерімен қоса алғандағы адамдардың: әйелдер, ұлдар, шешелері, қыздары, құлдардың, клиенттердің жиынтығы - фамилия болды. Әкенің фамилия мүшшелерінің өміріне және өліміне правосы болды, әйелінен басқаларын сата алатын еді, олардың еңбектерінің жемісін де биледі. Олардың тапқанының бәрі әкесіне тиесілі болды, тек ол ғана келісім қатынастарына түсе алатын еді.

Әке фамилиялық культтің дінбасысы да болды. Әке өлген соң ұлдары мүлікке мұрагер болды және фамилияның толық правосы басшысына айналды. Аңыз бойынша Ромул фамилия басшыларына екі югерден (0,5 га) жер бөлген. Қоғамдық жерлерден әрбір адам иемдене алатын еді. Бұл тәртіп бүкіл Рим тарихының барысында әрекет етті.

Ол дәуірдің мифологиялық және діни түсініктері қарапайым болды. Мысалы, екі жүзді құдай Янус әлемді жаратушы, адам тұқымын көбейтуші ретінде қадірленді. Оның абызы патшаның өзі саналды. От және су ерекше құрметтелінді. Ежелгі құдайлар Юпитер, Марс және Квирииннен басқа да құдайлар кәдір тұтылды. Егіс құдайы Сатурнға, әр түрлі аты болған жер құдайы (Теллус, Телума, Опс), егіс, дәнді дақылдар және жеміс құдайлары - Цецере, Либеру, Пономе, Флоре, Робиго, Палеске арнап, арнайы мейрамдар өткізілді. Палес мейрамын атап өтіп жатқан кезде бақташылар жаман нәрседен тазалану үшін оттан секірді және сұр малды түтінмен айдады.

Фавин мен сильвандар орман құдайы, су құдайы - Камена нимфалары болды. Әрбір курия мен пагтың өз культтері болды. Римдіктердің өмірінде жер және олжа үшін болған әскери жорықтардың маңызы зор еді. Олар наурызда басталып, қазанда аяқталды. Соғыс жариялауды және бітім жасауды дінбасылар атқарды. Жорықтардың басында және аяғында соғыс құдайы Марсқа жылқы құрбандық шалынып, қару-жарақ пен әскери трубалар тазартылып, Марсқа арнап гимндер айтылды.

Б.э.д. VI ғ. Этруриядан шыққан соңғы үш Рим патшасы тұсында, көптеген этрускілер Римге қоныстанды. Бұнда тіпті, ерекше этрускілер кварталы пайда болды. Деректердің көрсетуінше, этрускілік патшалар көшелерді жөндеп, көпірлер, цирктер салған, цирктерде құдайлардың құрметіне ойындар өткізіліп тұрған. Қаланың территориясы кеңейді, енді Рим 600 атты және 6 мың жаяу әскер, яғни гректердің фалангалық үлгісі бойынша қызмет ететін екі легион жарақтай алды. Рим 47 қауым енетін латын одағының басшысына айналды. Римге латын одағының құдайы

Арициялық Диананың культі көшіріліп, оған арнап Авентинде храм салынды.

С.Тулийдің реформалары. Римде билік құрған жеті патшаның арасындағы көрнекті фигуралардың бірі, ұлы реформатор және халықты жарылқаушы Сервий Туллий болды. Деректерде Сервий Туллий территориялық трибалар ұйымын және цензаны енгізуші саналады. Ценз азаматтарды әскер және халық жиналысын құрайтын мүліктік кластарға бөлді. 18 центурийді ат үстінде шайқасатын бай және атақты ақсүйектер, 80 центурийді мүлкі ауыр-қару жаракты сатып алуға жететіндер құрады. Бұдан кейінгі 4 мүліктік кластан, жеңіл жарақталған 80 центурий тұрды. Оларға трубачтар мен қолөнершілердің 2 центуриясы қосылды.

Ең төменгі кедей-пролетарлар центурийі болды, олар өздерін қару-жарақпен қамтамасыз ете алмағандықтан әскерге бармады.

Халық жиналысында әрбір центурияның бір дауысы болды, шешім көп центурий даусын жинағанда қабылданды.

Цензінің мақсаты теңдікті қамтамасыз ету болды. Азамат қаншалықты правоға ие болса, соншалықты қоғам алдында міндеттері болды. Азаматтардың қаншалықты байлық, атағы артса, соншалықты ортақ пайдаға қаржы бөлді. Римдіктер өздері Сервий Туллийдің реформаларын демократиялық деп бағалады, себебі, ол тексіз адамдарға қабілеті, еңбегі арқылы жоғары мүліктік класқа өтуге мүмкіндік берді. Бұл реформа ру ақсүйектерінің ықпалын әлсіретті. Сөйтіп, рулық ұйым территориялық ұйымға орын берді. Римнің жаңа жерлерді жаулап алуымен трибалардың саны өсіп, ең соңында ол б.э.д. I ғ. маңызды сан - 35-ке жетті және Рим территориясын трибаларға, 6 қалалық және 16 селолық деп бөлудің маңызы зор болды. Сервий Тулийдің реформалары Римді әскери жағынан нығайтты, ол латын қалалары одағында үстемдік жағдайға қол жеткізеді. Қала қуатты бекіністермен қоршалады, римдіктер оны Сервийлік деп атап кетті.

Патшалық биліктің құлауы. Сервий Туллийдің қызметі кедейлердің қолдауын, сенаторлардың жек көрушілігін тудырды. Олар қастандық ұйымдастырып, ақыры Сервий Туллийді өлтіреді. Таққа халықтың еркінсіз Тарквиний Тәкаппар отырады. Ол алдыңғы патшаның заңдарының бәрін жояды. Тарквиний кіріс бойынша салықты жан басы салығымен ауыстырып, халық наразылығын тудырады. Ол елді басқаруда сенатпен ақылдаспай, барлық мәселені (соғыс жариялау, келісім шарт жасау, қазынаны басқару, т.б.) жеке дара шешті. Нәтижесінде халық көтеріліп, б.э.д. 510 жылы бостандықты қызу қорғаушы, сенат билігін-жақтаушы Юний Бруттің басшылығымен Тарквинийді Римнен қуып шығады. Елде патша билігі жойылады. Пайда болған сайланбалы басқару

“ортақ іс” деп жарияланады. Сөйтіп, Римде б.э.д. I ғ. соңына дейін өмір сүрген Римдік аристократиялық республика пайда болады.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ОРНАУЫ ЖӘНЕ РИМ АЗАМАТТЫҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Лекция жоспары:

1. Патрицийлер мен плебейлер күресі, нәтижелері

2. Римнің Аппенин түбегін жаулап алуы

Патрицийлер мен плебейлер күресі, нәтижелері. Монархияны құлату патрицийлердің жеңісі болды және ол сословиелер арасындағы күреске әкелді. Бұл кезде аристократия мен қарапайым халық, яғни патрицийлер мен плебейлер сословиесінің айқындалу процесі ерекше күшейді. Тек патрицийлер ғана жоғары билік - империйі бар, бір жылға консулдыққа сайлана алды (консул билігі тыныштық кезеңде, соғыс кезінде бас қолбасшы ретінде империйі болды). Тек патрицийлер сословиесінен ғана консулдың көмекшілері - преторлар мен квесторлар, ерекше жағдайларда 6 айға абсолюттік билік берілетін диктаторлар тағайындалды. Дінбасылар да патрицийлерден шықты. Себебі, олар календардың қандай күндері халық жиналысына шақыруға жарамды екенін білді. Сот ісінің бүкіл казустикасымен таныс патрицийлер өздерінен халық жиналысын да, плебейлерді де тәуелді етті.

Патрицийлердің саяси үстемдігі олардың экономикалық жағдайын жақсартты. Олар қоғамдық жерлердің үлкен бөлігін басып алды, ал плебейлер үзіліссіз соғыстарда, мал басы өлімінен, егістің шықпай қалуынан, ішкі және сыртқы сауданың, қолөнердің қысқаруынан күйзелді. Ал, қарызын қайтара алмағандар Тибрдің ар жағына құлдыққа сатылды. Сөйтіп, саяси билік үстем топтардың қолына жиналған мемлекет қалыптасты. Бұл процесс плебейлердің патрицийлерге қарсы күресімен жүрді. Плебейлер жаулап алынған жерлердің өздері арасында бөлінуін, патрицийлер жерлерін қоғамдық жерге қосуды қалады, борыш кіріптарлығы мен борыш құлдығын жоюды талап етті. Магистратураға (басқаруға) және дінбасылыққа қол жеткізуге ұмтылды, ал патрицийлер өз артықшылықтарын толық сақтап тұрғысы келеді. Бұл күрес Римнің көршілерімен ылғи да болып тұратын соғыстарымен араласып кетті. Плебейлер болса римдік легионның жаяу әскерін құрайтын еді, бұл жағдай патрицийлердің плебейлердің талаптарын қанағаттандыруға мәжбүр етті.

Б.э.д. 494 жылы латын қауымымен соғыс басталғанда плебейлер соғысудан бас тартып, бөлініп кетеді және Қасиетті тауға (плебейлердің

бірінші сецессиясы) барып орналасып алады. Тек өз қатарынан плебейлердің қорғаушысы халық трибундарын сайлауға право алған кезде ғана оралуға кірісті. Халық трибундары магистраттардың шешіміне вето қою, плебейлерді жиналысқа шақыру, кез-келген плебейді әділсіздіктен қорғау правосын алды. Трибунның жеке басы көп сұғылмайтын болып есептелінді. Халық трибунына қастандық жасағандар қарғысқа ұшырады, кез-келген адам оны өлтіре алады. Патрицийлер мен плебейлердің татуласуының үлкен маңызы болды: римдіктер латындықтарды жеңді және оларға Римнің үстемдігін орнатты.

Бірақ патрицийлер мен плебейлердің күресі жалғаса берді. Плебейлер патрицийлердің қиянаттығына қарсы күресу үшін жазылған заңдарды талап етті. Олар децемвилер комиссиясын сайлауға қол жеткізді. Халық жиналысы мақұлдаған және жазылған заңдар ("XII таблица заңдары") Рим правосының одан әрі дамуының негізін қалады. Көп жағдайда олар әдеттегі правоға негізделгеніменен, көптеген жаңалықтар енгізілді.

Борыш правосы дәлелденіп бекітілді, бірақ клиенттердің пайдасына, оларды алдаған патрондарды қарғысқа ұшырату туралы статья енгізілді. Біреуге жеке артықшылықтар беруге тиым салынды, ол азаматтардың заң алдында теңдігін бекітті. Арнаулы заңмен Рим қауымының территориясы тек оның бақылауында қалатын болды, жердің храмдарға бөлінуіне тиым салынды. Ол Римде экономикалық және саяси жағынан күшті дінбасылардың қалыптасуына кедергі жасады. Заңдарда қараусыз қалған жерлерді азаматтардың алуына право берілді, екі жылдан соң ол жер оның меншігіне көшті. Бұл тәртіп шетжерліктерге таралмады: Рим территориясындағы жерлерді тек Рим азаматы ғана иемдене алды. Сол сияқты фамилияның мүліктерін иесіздендіру де ретке келтірілді. Мұра әдетте ұлдарына, күйеу жағынан жақын туыстарына және руластарына берілді.

Егер адам өсиет қалдырғысы және ұлын мұралықтан айырғысы келсе, ол шешім халық жиналысында бекітілуі керек еді. Бұның бәрі қауымның тек қоғамдық ғана емес, жеке мүліктерге де бақылау жасап отырғанын көрсетті. Ғасырлар бойына Римде азаматтар ортақ игілік үшін жерін айдап, өңдеп, балаларын қамтамасыз етуге, қоғам игілігі үшін жаңа азаматтарды дүниеге әкелу үшін қыздарына жасау беруге тиіс болды. "XII заң таблицалары" барынша консервативті еді, патрицийлердің ықпалымен патрицийлер мен плебейлер арасындағы некеге тиым салды, бірақ бұл тиым плебейлердің жаңа сецессиясынан кейін жойылды. Плебейлердің жер үшін күресін әлсірету үшін, жаулап алынған жерлерде колониялар құрылып, плебейлерге жер таратылып берілді. Б.э.д. V ғ. он колония, б.э.д. I Ұ ғ. он бес колония құрылды. Колониялар Рим және латын правосына

бағынды, бірақ олардың тұрғындары Римге қоныс аудару арқылы рим азаматтығын ала алды. Колониялар Рим ықпалын таратушылар болды.

Римнің Аппенин түбегін жаулап алуы. Римдіктердің табысты соғыстары Римнің билігін бүкіл Лацияға және Этрурияға орнатты. Бірақ, оған енді жаңа қауіп төнді, Италияның солтүстігіне-басып кірген галлиялық кельт тайпалары б.э.д. 390 жылы Лацияға дейін жетіп, Аррия өзені маңында римдіктерді жеңіп, Римге қарай жылжып, қаланы алып, тұрғындардың мүлкін тонап, үйлерді өртеді.

Тек Манлий бастаған Капитолий горнизоны ғана жеті ай бойы берілмейді, бұл кезде галлдар өз жерлеріне венеттердің шабуыл жасағанын біліп, Римнен төлем алып кері бұрылады.

Галлдардың шапқыншылығы Римді әлсіреткенімен, римдіктердің Этрурияның астығы мен металына жол ашуы, оның позициясын күшейтеді. Б.э.д. 1Ү ғ. ортасындағы ценза бойынша 255 мың рим азаматы саналды, олар 10 легионға дейін шығара алды.

Соғыстар плебстерге жаңа жеңілдіктер жасауды қажет етті. Б.э.д. 367 жылы елдегі болып өткен жаңа толқулар нәтижесінде халық трибундары Гай Лициний мен Луций Секстий ұсынған заңдар қабылданды. Бұл заң бойынша бір консул плебей қатарынан сайлануы тиіс болды, қарызы барлардың жағдайы жеңілденді, қоғамдық жерлерден 500 югерден (125 га) артық жер иеленуге, 100 өгіз бен 500 қойдан артық ұстауға тиым салынды. Б.э.д. 341 жылғы заң бойынша екі консул да плебей қатарынан тағайындала беретін болды.

Б.э.д. 1Ү ғ. бойына римдіктер Капуяны басып алған лукандық және самниттік тайпалармен соғысты. Римдіктердің самниттермен соғысы тарихта самнит соғыстары деген атпен қалды және үш самнит соғысы нәтижесінде (343-341, 327-304, 298-290ж.ж.) самнит тайпалары Риммен тең емес одаққа енді, ал сабиндер толық правосы жоқ Рим азаматтарына айналды. Олардың жерлері римдіктерге өтті, Рим Орталық Италияда үстемдігін орнатты. Бұл оған жаңа колониялар құруға, сөйтіп әскерге алынатын шаруалар санын көбейтуге мүмкіндік берді. Рим әскерінің соғысқа қабілеттілігі Эпир патшасы Пиррмен соғыста сыннан өтті. Оны грек қалалары Римге қарсы соғыста өзіне көмек көрсету үшін шақырған еді.

Пиррдің әскерінде сол заманның соғыс техникасының жаңалығы әскери пілдердің болуы, алғашқы римдіктермен болған шайқаста шешуші маңыз атқарды. Б.э.д. 280 жылы Гераклея маңындағы, б.э.д. 279 жылы Аускул жанындағы шайқаста римдіктер жеңіліс табады. Тек, соғыс пілдерімен шайқасуды үйренген соң ғана римдіктер б.э.д. 275 жылы Малевентум ("жаман ауа") деген батпақты жерде Пирр әскерін жеңіліске ұшыратады.

Бұл жеңістің құрметіне Рим сенаты Малевентум атауын Беневентум ("жақсы ауа") атауымен ауыстырады. Пирр осылай даңқтан жұрдай болып, Грецияға оралады, көп ұзамай Пелопоннесті алуға әрекет жасап жүргенде, Аргоста көше шайқасында қаза табады.

Римдіктердің Аппенин түбегін жаулап алудағы ең соңғы кедергі этрускілік қала Вольсиния болды. Өз тәуелсіздігін қорғау үшін вольскілер төтенше шешім қабылдайды: барлық правосыз кедейлерді, тіпті құлдарды қаруландырды. Бірақ қолына қару тиген езушілер оны ақсүйектерге қарсы жұмсап, қаладағы билікті қолына алады. Вольскілік ақсүйектер Риммен келісімге барады. Б.э.д. 265 жылы римдіктер Вольсинияны алады. Енді бүкіл Аппенин түбегі Падан аңғарынан Мессина бұғазына дейін Римге бағынды.

Б.э.д. VI-III ғғ. ала-құла тайпалар мен полистердің құбылмалы күресінде Римнің жеңімпаз болуының себебі неде? Рим табыстарының негізінде төмендегідей бірнеше себептер жатты: 1. Рим Италияның орталығында, тұз кәсіпшілігіне жақын, кеме жүзетін өзені бар жерге сәтті орналасты, ол оның тез экономикалық дамуына жағдай жасады. Сауда айырбасының өсуімен қатар, оның мәдени байланыстары да кеңейіп, өзін қоршаған қауымдарды жақсы білуіне мүмкіндік туды; 2. Әлеуметтік қатынас жағынан Рим жылдам дамыды. Этрускілердің ықпалымен таптың құрылуы мен мемлекеттің қалыптасу процесі жылдамдатылды. Плебейлердің патрицийлермен күрестегі табысы Римнің жаулап алушылық саясатына дем берді, Римнің жауынгерлік қабілетіне дұрыс жағдай жасады; 3. Римнің экономикалық және мәдени жетістіктері оның көршілерінен әскери-техникалық басымдығына байланысты болды, оған римдіктер әсіресе, б.э.д. IV ғ. соңында қол жеткізді; 4. Римнің қарсыластарының өзара бірлігі болмады. Галлдар, самниттер, сабел тайпалары Риммен қақтығыс кезінде әлі де алғашқы қауымдық құрылыс деңгейінде өмір сүрді. Олардың ішіндегі самнит федерациясына біріккен ең мәдениеттілерінің өзі нашар ұйымдасты. Этрускілер мен гректердің римдіктерден мәдениеті жоғары болды. Бірақ оларда да ұйымшылдық жетіспеді, ішкі қайшылықтармен әлсіреген полистер-жарамды әскер шығара алмады. Этрускі, сол сияқты грек қалаларының арасында байланыс аз болды. Олар өзара келіспей әрекет етті. Бұл римдіктерге "бөліп ал да, билей бер" принципін пайдаланған одақтың дипломатиялық системасын тудыруға мүмкіндік берді.

Рим Италия қалалары мен тайпаларының талассыз басшысына айналды. Италияның қалалары біртіндеп римдік құрылыстан үлгі алды, тілін меңгерді, жаңа культтерді қабылдады. Бірақ, римдіктер де жеңілген халықтың культтерін қабылдады, олар өздеріне жау қаланың құдайларын

өз жағына өтуге шақырып, оған ол үшін храмдар салып беруге уәде беретін еді.

Рим плебстері бұл кезде бір жеңістен соң бір жеңіске қол жеткізді. Б.э.д. 326ж. Петелий заңы бойынша азаматтарды құлға айналдыруға және борыш кіріптарлығына түсіруге тиым салынды. Енді қарызын төлей алмайтындар мүліктерін берді. Рим азаматтарын азаптауға және тән жазасына тиым салынды. Б.э.д. 287ж. Гортензияның заңы бойынша плебс жиналыстарында қабылданған шешімдер заң күшін алды. Центуриаттық комициялар трибуттық комициялармен ығыстырылды, бұл жиналыста ценза жөнінен айырмашылықтар болмады. Б.э.д. 311ж. заңдар халыққа 24 әскери трибуннан 16-ын таңдауға право берді. Б.э.д. 300 ж. Огульний плебисциті бойынша плебейлерге дінбасылар коллегиясына жол ашылады, ұлы понтифик қызметі сайланбалы қызметке айналды.

Плебстің жеңісінің нәтижесінде Рим б.э.д. 111ғ. басында азаматтық қауымға айналды. Бұл Римнің одан арғы тарихын анықтап берген ұлы тарихи оқиға болды. Римдік азаматтық қауымының негізгі белгісі: жерге қауымның жоғарғы меншігі болып коллективтік және жеке жер иелену; "азамат", "жауынгер", "егінші" түсініктерінің өзара байланысы, азаматтардың саяси және заңдық праволарының теңдігі; барлық маңызды мәселелерде халық жиналысының өктем болуы. Енді тәуелді жұмысшыны қанаудың мүмкіндігі тарылды. Бұл шет тайпалықтарды құлға айналдыруды тездетті. Құлдар жеке фамилияларға бөлінді, оларды мырзалары бақылады. Клиенттер босатылып, олар тең праволы азаматтарға және меншік иелеріне айналды. Бұл аталған шаралар ірі жер иеленушілер мен тәуелді егіншілер, тобының межелену процесін және күшті мемлекеттік аппараттың қалыптасуын тежеді.

Азаматтардан құрылған әскер сырттан болған қарсылықты басу үшін ғана пайдаланылды, полиция және прокуратура болмады: азаматтарды сотқа тарту жәбірленушінің жеке ісі болды, оның өзі жауап беруші мен куәгердің сотқа келуін және үкімнің орындалуын қамтамасыз етуі керек еді. XII таблица заңдарындағы жаза кейінен айып төлеумен және қудалаумен ауыстырылды.

Бұдан басқа халық трибуны сот процесіне оның кез-келген стадиясында килігіп, вето қойды және айыпталушыны босата алды.

Римнің азаматтық қауымы өмірінде діннің ролі зор болды, ол қоғамдық, не жеке болсын бірде-бір істің құдайдың еркін сұрамай басталмауын қадағалай отырып, белгіленген әдет-ғұрыптардың сақталуын талап етті. Әрбір азамат өз фамилиясы, көрші қауымның және азаматтық қауымның діни жораларына қатысуға міндетті болды. Бірақ, көптеген басқа халықтардан өзгешелігі- римдіктер өздерінің әлеуметтік құрылысын дінмен дәріптемеді, немесе құдайлар мораль нормаларын орнатып, оны

бұзғаны үшін жазалайды деп есептемеді. Ең жоғары санкция, ең жоғары сот отандастардың мақұлдауы немесе айыптаушылығы болды. Еліктеудің үлгісі "ата-бабалар", ең алдымен римнің даңқы үшін ерліктерімен аты шыққан танымал әулеттердің ата-бабалары еді.

Рим тарихындағы жаңа дәуір Пуни соғыстарынан, Римнің Италиядан тысқары шыққан уақытынан басталады. Бұл процесс құлиеленуші мемлекеттер мен кең байтақ тайпалық әлемнің саяси және экономикалық бірігуінің болмай қалмайтын тенденциясын көрсетті. Аталған тенденция ресурстарға (металға, ауыл шаруашылық өнімдеріне) қол жеткізуге және облыстар арасындағы айырбасты жеңілдету қажеттілігінен туындайды. Бұдан да басқа Рим өз экономикасын тайпаларды қанау арқылы нығайтуға тырысты, ол үшін оларды, сыртқы перифериядан "ішкіге" айналдыруға ұмтылды.

РИМ ДЕРЖАВАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ. РЕСПУБЛИКА ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ҚҰЛАУЫ

Лекция жоспары:

- 1. Пуни соғыстары және олардың нәтижесі**
- 2. Римнің Шығыс Жерорта теңізіне үстемдігін орнатуы**
- 3. Экономикалық дамудың негізгі факторлары және б.э.д. II ғасырдағы қоғамдық катаклизмдер**
- 4. Азамат соғысы жылдарындағы Рим (б.э.д. 111-79ж.)**
- 5. Б.э.д. I ғасырдың 70-60 жылдарындағы Рим державасы**
- 6. Республиканың құлауы (б.э.д. 60-31 ж.ж.)**

Пуни соғыстары және олардың нәтижесі. Рим Аппенин түбегін қол астына қаратып болған кезеңде Жерорта теңізі әлеміндегі халықаралық қатынастар картинасы төмендегідей еді: Шығыс Жерорта теңізінде үш эллинистік мемлекет-Селевкидтер мемлекеті, Птолемейлік Египет және Македония өзара бақталаста болса, Орталық және Батыс Жерорта теңізінде Карфаген жеке-дара үстемдік етті. Италияға жақын орналасқан Сицилия, Сардиния аралдары мен Иберия жағалауына нық орныққан Карфагеннің мұхитқа жолы ашық еді және ол жақтан күміс, алтын, қалайы, тағы басқа құнды заттар ағылып келіп жататын еді. Аппенин түбегінде болып жатқан саяси өзгерістерді Карфаген біліп отырғанымен, оған көп мазаланбады. Өйткені, Римнің карфагендіктердің ата жауы гректер қоныстанған жерлерді басып алуы бұларға ұнап, тіпті Римді өзіне одақтас деп сезінді. Бірақ, бай Сицилия бұл сенімге дақ түсірді. Сөйтіп, екі ел арасында тарихта Пуни (римдіктер карфагендіктерді осылай атаған) деп аталған бұл соғыс б.э.д. 264 жылдары басталып, үзілістермен жүз

жылдан астам уақытқа созылады. 1-ші Пуни соғысы Сицилия жерлеріне үстемдік құру және Испанияның металлына қол жеткізу үшін болды. Ол 20 жылға созылып, б.э.д. 241 жылы Римнің пуналардың Гамилькара Барка басқарған флотын жеңуімен аяқталды. Сицилияның бір бөлігі римдіктердің қол астына өтіп, ол теңіздің арғы жағындағы ең алғашқы рим провинциясы болды және рим наместнигімен басқарылып, Римге астықтың бір бөлігінен және жайылымдары үшін салық төлеуге тиіс болды. Сицилиядағы грек қалалары ерікті деп жарияланды және салық төлемеді. Көп ұзамай Рим Сардиния мен Корсиканы жаулап алып, олар екінші провинцияға айналды.

Бұл соғыстағы римдіктердің шығыны орасан зор болды. Олар жалпы алғанда 600 кемесінен айрылды, азаматтардың саны 20 мыңға азайды. Соған қарамастан б.э.д. 229ж. Рим Иллирия қарақшыларына қарсы 200 кеме жібере алды, Керкира аралын басып алды және Апполония мен Эпидамн қалаларын өз протекторатын мойындауға мәжбүр етті. 225-218жж. аралығында римдіктер лигурлер мен Италияның солтүстігіндегі кельтерді талқандауға қол жеткізіп, Италия жаңа провинция-Цизальпиндік Галлияны құрады және онда кедей азаматтарға жер бөлуді жүргізе отырып, колониялар негізін қалайды. Плебстердің мүддесі үшін, халық жиналыстарында құпия дауыс беру ендірілді.

Бірақ ішкі демократизацияға қарамастан, Римнің сыртқы саясатының негізі ол соғысқан- тайпалар мен халықтардың аристократиясының қолдауы болды. Жеңістер өз отандастарының мүдделерін кейде сатып кеткен нағыз римдік ақсүйектердің қолдауымен де жеңілдетілді.

Сол кезде карфагендіктер реванш алуға ұмтылды. Риммен соғысқа Гамилькара Барканың ұлы, ежелгі дүниенің талантты қолбасшысы және дипломаттарының бірі Ганнибал белсенді даярланды. Ол Испанияда күштерін жинақтайды және галлдармен, барлық басқа Италия мен Сицилиядағы Рим үстемдігіне наразылардың одағына сенді, сол сияқты Адриатикадағы Рим ықпалының күшеюінен қорыққан Македония патшасы Филиппен одаққа үміт артты.

Жерорта теңізі және Римнің өз тарихындағы бетбұрыс кезең екінші Пуни соғысы болды. Ол римдіктердің ең ойсыраған жеңілістерден кейін де оңала алатынына куә болды. Италияға енген Ганнибалдың Требий, Тразимен, әсіресе 50 мың Рим әскері жер құшқан, б.э.д. 216 жылдың 2 тамызындағы Канн шайқасындағы жеңісі, нәтижесінде оның жағына Капуя, Тарент және Италияның оңтүстік және Сицилия қалаларының шығып кетуі, Испанияға жіберілген Рим әскерінің талқандалуы, бәрі қосылып Римнің жағдайын үмітсіз еткен. Бірақ, римдіктер шебер жауынгер дипломат ретінде де жеңімпаз болып шыға алды. Олар Греция қалаларының одағын Македонияға және Иберия патшаларының кейбірін

Карфагенге қарсы ұйымдастырды. Филипп V олармен бейбіт келісім жасауға мәжбүр болды. Біртіндеп Италия және Сицилия қалалары қайта қайтарылды. Жас, ерекше талантты қолбасшы Публий Корнелий Сципион (болашақта Ганнибалды жеңуші, Африканский атағын алған) Испанияға әскерімен келіп түсіп, алдырмайтын қамал саналған Жаңа Карфагенді алады және карфагендіктерді Иберия түбегінен қуып жібереді. Б.э.д. 204 ж. ол соғыс қимылын Африкаға көшірді, онда Нумидий патшасы Масиниссамен одақ құрды. Италиядан шақырылған Ганнибалл Сципионмен б.э.д. 202 ж. Зам маңындағы шайқаста кездесті және талқандалып, Антиох III патшаға, Сирияға қашады. Карфагендіктер енді кез келген шартта ұсынған бітімді қабылдауға мәжбүр болды: олар 10 000 талант төлеуге тиіс болды, әскери пілдері мен флотын жойды, (тек 10 кеме ұстауға рұқсат берілді), Римнің санкциясынсыз соғысуға тиым салынды. Қазіргі есептеулер бойынша, екінші Пуни соғысында римдіктер бірінші соғысқа қарағанда үш есе көп қаржы жұмсаған. Бұл соғыс барысында римдіктер 36 легион және 150 кеме жабдықтап, олардың бағалары күрт өскен еді. 400-ге жуық италиялық тұрақтар қиратылып, Лукания мен Апулияның көп жерлері жайылымға айналды. Дегенмен, енді бүкіл Сицилия мен Испанияның оңтүстігі, күміс кендері мен провинциялар Рим қолында болды. Бұдан былай Ганнибалды қолдағандарға қарсы қатаң жазалаулар басталды. Капуя жерінен және қала статусынан айрылды. Таренттің 35 мың тұрғыны құлдыққа сатылды. 40 мыңдай лигурлер Беневент аймағына көшірілді. Солтүстік Италияды жаңа колониялар салынды, ал жергілікті қауымдардың жері рим қоғамдық жерлеріне қосылды. Колонистер бестен елу югерге дейін, ал ардагерлер колониясында командирлерге 100-140 югерге дейін жер бөлінді. Бүкіл Италияды жерлерді межелеу, жол, көпір, қалалар құрылысы жүріп жатты.

Колонизациялау және халықтың араласуы Италияның романдалуын, рим культінің, тілінің, сенат пен магистратураның, қала құрылымының таралуын жылдамдатты.

Баюдың жаңа көздері ашылды. Полибийдің айтуынша, Римнің көпшілік халқы провинциялар мен Италияның өзінде канаудың акционерлік компаниясын құрды десе де болады. Рим экономикасы жылдам дами бастады. Тек ірі ғана емес, ақшаларын жерге салған, орта кәсіпкерлер де байыды. Ауқатты адамдар Италияның әртүрлі аудандарынан виллалар сатып алды. Қала халқының өсуі басталды. Ақшаға қажеттіліктің өсуі өсімқорлықтың дамуына алып келді, ол провинциялар үшін өте ауыр болды.

Аталған процестердің нәтижесі Италияды орта көлемді виллалар (100-250 югерлік) мен ірі жайылымдардың таралуы болды. Виллаларда астық, жүзім, зәйтүн, овощ, жемістер, ірі жайылымдарда қала қолөнершілері

өңдеуінен өтетін: ет, сүт, жүн өндірілді. Қалалар қолөнер өнімдерінің белгілі бір түріне мамандана бастады. Қосымша жұмыс күшіне қажеттілік, құлдар санының өсуін туғызды. Осы кезден бастап Римде және Италияда, өндірістің құл иеленушілік тәсілі жалпы жылдам дамыды, антикалық дәуірдегі гүлдену шағына жетеді. Құлдар мен құлиеленушілер Рим қоғамының негізгі антогонистік таптарына айналды.

10-15 құлы бар виллалар Римдік агроном, әрі жазушы Катонның ауыл шаруашылығы туралы трактаттарында суреттеледі. Виллалардың таралуы ауыл шаруашылығының көтерілуіне жағдай жасады. Ондағы жәй кооперация және еңбектің бөлінуі ұсақ шаруалар шаруашылығына қарағанда, оның нәтижелілігін арттырды.

Құлдық қолөнер өндірісіне де ене бастады, өндірістегі құлдардың ролінің артуы олардың жағдайынан көрінді. Аквиллийдің заңдары бойынша олар малға теңелді, құлдың туыстық байланыстары танылмады, оның әкесі не баласы болуы керек деп есептелінбеді және үйлену правосы болмады.

Римнің Шығыс Жерорта теңізіне үстемдігін орнатуы. Карфагенмен соғыста тапқан олжа римдіктерді одан әрі шығыс пен батысқа қарай жаулап алушылыққа итермеледі. Шығыста римдіктер эллинистік мемлекеттердің істеріне килікті. Иллириандықтар мен грек қалаларын өз жағына тартқан Тит Фламининнің әскері б.э.д. 197ж. Филипп Ү-тің әскерін талқандайды. Фламинин Истмадағы ойындар кезінде грек қалаларына "бостандық" берілгенін жариялайды, ол үшін оны гректер құдайлар санатына қосты.

Б.э.д. 189 ж. Антиох III талқандалады. Б.э.д. 148 ж. Македониядағы көтерілісті басып, римдіктер оны провинцияға айналдырды. Екі жыл өте Метеллдің әскері Коринфті талқандайды. Тәуелсіздігін тек Афины, Спарта, Дельфы сақтады, қалған грек қалалары Македония наместнигіне бағынды. Ал, б.э.д. 146ж. қысқа үшінші Пуни соғысынан кейін, Сципион Африканскийдің немересі Сципион Эмилий Карфагенді қиратып, оның жерін қарғысқа ұшыратып, үстін соқамен айдап өтеді. Карфагеннің бүкіл иеліктері Римнің Африка провинциясын құрды. Пергам патшасы Аттал III-тің өсиетімен, оның патшалығы да Рим қол астына өтіп, Азия провинциясын құрды. сөйтіп, б.э.д. 129 жылдары Римнің құрамында Сицилия, Сардиния, Корсика, Цизальпиндік Галлия, Испания, Африка, Иллирия, Македония және Азия сияқты тоғыз провинция болды.

Экономикалық дамудың негізгі факторлары және б.э.д. II ғасырдағы қоғамдық катаклизмдер. Б.э.д. II ғ. жаулап алушылықтар Римнің өміріне үлкен өзгерістер әкелді. әскери шығындарға қарамастан, түсіп жатқан олжалар мен салықтың көптігі сонша, өкімет трибутқа жүгінуді тоқтатады. Қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымы да өзгерді.

Ақсүйек отбасыларының тобы нобилитет жеке бөлініп шығады және магистратураға монополияны меншіктенеді; біртіндеп келесі ерекше артықшылығы бар сословия—аттылар айқындалады. Оған бай және текті адамдар кірді. Кейде бұл сословиеге жауынгерлік трибундарды, Италия қалаларының танымал азаматтарын, белгілі шешендер мен юристерді енгізді.

Сенаторлар мен аттылар ірі меншік иелері ретінде бір топқа жатқанымен провинциялар үшін өзара бақталастық күшті болды. Плебейлер арасында жіктелу күшейе түсті. Шаруашылығынан үзіліссіз соғыстар арқылы көңілі бөлінген және аз жерлерін басып алудан зардап шеккен село плебсі күйзеліске ұшырап, жерінен айрылып, қарыз борышына батты. Бұл әскердің жауынгерлік қабілетін түсірді, тәртіп төмендеді. Қолөнермен, ұсақ саудамен, құрылыстағы жұмыспен айналысқан қала плебсі жерге қызықпады, оған керегі азық-түлік өнімдерінің арзандығы, тұрғын үйлерге жоғары төлем ақыны төмендету еді. Ол үшін сенат пен нобилитеттің құдіретін шектейтін халық жиналысының және халық трибундарының билігінің күшеюі өте маңызды болды.

Рим қоғамы мәдениетінде үлкен өзгерістер болды. Экономикалық және саяси өмірдің күрделенуі магистраттарға көмекші, көбейіп отырған қолөнер шеберханаларын басқара алатын білімді адамдарды қажет етті. Бұл қажеттіліктер білімді құл гректер арқылы қанағаттандырылды. Жерорта теңізінің барлық облыстарымен байланыс нығайды және кеңейді. Сонымен қатар бағындырылған елдердегі Римге оппозиция Римнің жақын арада құлайтындығы және римдіктердің құлға айналатындығы туралы сәуегейлік таратты. Гректер құпия түрде римдіктерді жек көрді, оларды мейірімсіз варварлар санады.

Кейбір көреген рим қайраткерлері, олардың арасында жетекші рольді атқарған сципиондар және оның ортасы (фиэллиндер) бұндай репутация римдіктердің беделін түсіретінін түсінді. Олар грек тілін, мәдениетін, философиясын оқи бастады. Өз балаларын оқыту үшін білімді грек құлдар сатып алынды. Кейіннен бұндай құлдардың көпшілігі еркіндік алып, шешен, жазушы, грамматик ретінде даңқтары шықты, плебейлер балалары үшін мектеп ашты. Сауаттылық халық, тіпті құлдар арасында да тарала бастады. Бай адамдар ұлдарын Афины, Эфес және Греция мен Кіші Азияның басқа да қалаларына атақты шешендер мен философтардың лекцияларын тыңдау үшін жіберіп отырды. Олардың кейбіреулері, мысалы тарихшы Полибий, философтар Посидоний және Панетий Римге қоныстанып, сципиондар басқарған "фиэллиндер" үйірмесіне достықпен қабылданды. Римдіктер енді трояндық және грек батырларына бірнеше италиялық қалалардың негізін қалауды таңды. Гректер өз кезегінде

Римнің үстемдігіне көніп, грек және рим заңдарының, культтерінің, әдет-ғұрыптарының ортақтығын дәлелдеп бақты.

Римнің ұлы миссиясын насихаттауда Полибий көп жұмыс атқарды. Ол "Әлемдік тарихты", яғни рим соғыстары мен жеңістері туралы жазды. Ол Римнің саяси құрылысын монархия (магистраттар түрінде), аристократия (сенат түрінде) мен демократияның (халық жиналысының түрінде) артықшылықтарын біріктірген жетілген құрылыс деп санады.

Гректердің ықпалымен шешендік өнер жетілді. Бұл өнердің психологияға қызығушылық туғызуы Рим мәдениетінің ерекше белгілерінің бірі. Право жетілдірілді, ол "XII таблицалар заңдары" заманынан бері өте күрделенді.

Екінші Пуни соғысы кезінде азаматтардың құдайдың көмегіне үміттерін қолдау үшін діни анттар берілді, ойындар ұйымдастырылды, кейде грек одақтастарымен жақындасу үшін сенат пантеонға шет жерлік құдайларды-Венера, құдайлар анасы-Кибеланы, дәрігерлер жебеушісі Эскулапты қосты.

Грек үлгісі бойынша сценалық көріністер қайта қойылды. Римде талантты драматургтер мен ақындардың көбісі шет жерліктерден, қарапайым халықтан шықты, бүтіндей шоқ жұлдыздар пайда болды. Авторлар әдетте үлгіге грек комедиясы мен трагедиясын алды. Бізге толығынан жеткен шығармалар да бар, олар Плавт пен Теренцийдің шығармалары. Екеуінің шығармалары сол кездің халқына аса танымал болды.

Тек әлеуметтік-экономикалық және саяси салаларда ғана емес, мәдениет саласында да жіктелу басталды. Жоғарғы топта қарапайым халыққа деген жек көрушілік өсті, Луцилий ізгіліктің анықтамасы білім, ол тек оқыған адамға ғана тән деді. Бұл жоғарыда мойындалған концепция мынадай афоризмнен көрінді: «Ізгілік дегеніміз даналық, бірақ ол плебсте жоқ».

Әлеуметтік қабаттар арасындағы қайшылықтар құлдардың санының көбеюінен және оларды қанаудың күшеюімен, құлдардың қарсылығы қауіпті форма ала бастағандығымен шиеленісті. Олардың арасындағы бірнеше бас көтерулер б.э.д. II ғасырдың екінші жартысында болып өтті. 80-жылы Апулиялық бақташы-құлдар бас көтерді, бірақ ол басылды. Құлиеленушілер үшін нағыз қауіп б.э.д. 138 жылы Сицилияда басталған құлдар көтерілісі болды. Бұл провинцияның жер иеленушілері құлдарды ерекше қатал қанады. Олардың көпшілігі Сирия мен Кіші Азиядан алынған еді. Көтерілісті сириялық Эвн басқарды. Эвн пайғамбар танылып, оны Антиох атымен патша етіп тағайындайды. Келесі бір көтерілісті киликиялық Клеон басқарды, ол өз күштерін Эвнмен біріктіреді. Көтеріліс орталықтары Энна және Тавромений қалалары болды. Көтерілісшілер

қатары тез көбейді, себебі оларға шаруалар да қосылды. Эвн мен Клеонға қарсы жіберілген рим әскері жеңіліс тапты. Тек б.э.д. 132 жылы олар бүлікші қалаларды алады, себебі, оларға сатқындар көмектесті.

Құлдар сол сияқты Делос, Хиос, Аттикада да бас көтерді. Тек өкіметтің көп күш жұмсауының арқасында ғана бас көтерулер басылды. Құлдар мен село кедейлерінің көтерілістері Рим республикасының беріктігіне қауіп төндірді. Нобилдердің бір бөлігі шаруалар армиясын қайта қалпына келтіруге және азаматтарды біріктіруге қабілетті реформалардың қажеттігін түсіне бастады. Олардың қатарында ақсүйектер әулетінен шыққан, шешесі жағынан Сципион Африканскийдің немересі, Испания соғыстарына қатысушы, Рим әскерінің ауыр жағдайын өз көзімен көрген Тиберий Гракх болды.

Б.э.д. 133 жылы халық трибуны болып сайланған ол аграрлық заң жобасын ұсынды. Ол бойынша әрбір отбасы қоғамдық жерлерден 500 югерден артық жер иеленбеді, тек ересек ұлдары болса ғана, оларға 250 югер жер қосылды. Артық жерлер алынып, ол кедейлер арасында 30 югерден бөлінді. Бұл заң жобасы сенат бастаған ірі жер иеленушілердің қарсылығына тап болды.

Дегенмен, шаруалар көп келген халық жиналысы заң жобасын қабылдап, оны өмірге ендіру үшін комиссия сайлады. Бірақ Тиберий өз кандидатурасын халық трибундығына екінші мерзімге қойған кезде, оның қарсыластары бар күшін жинақтап, оны патша боламын деген ниеті бар деген айып тақты. Дауыс беретін күні оның жаулары өз жақтастары мен клиенттерін алып келді. Дауыс беру соңы нағыз қанды соғысқа айналып кетті. Тиберий және оның 300 қорғаушысы өлтірілді.

Б.э.д. 124 жылы халық трибуны болып Тиберийдің інісі Гай Гракх сайланды. Ол әртүрлі әлеуметтік қабаттардан сенатқа қарсы кең көлемді майдан құруға ұмтылды. Ол қала плебсі үшін астыққа бағаны кемітті, жаңа жол құрылысының жобасы подрядчиктер мен жалдамалы жұмысшыларға күн көріс жалақысын беруі керек болды; сатып алушы (откупщик) мен аттылардың пайдасына заң қабылданып, ол бойынша Азия провинцияларынан түсетін салықтар сатып алу үшін аттылар қолына өткізіледі және аттылар провинциялардағы сот ісіне қатыса алатын болды. Шаруалардың әскери қызметін 17 жылмен шектеу және әскерді жарактандыруды мемлекеттің есебіне көшіру, жауынгерлердің халық жиналысына апелляция беруге правосы туралы заңдар қанағаттандырылды. Гай сол сияқты Капуя, Тарент және Карфагенде колониялар салуды, колонистерге 200 югерден жер бөлуді ұсынды.

Ең соңында ол одақтастарға азаматтық беру туралы ұсыныс айтты. Оның дәл осы ұсынысы өз праволары мен артықшылықтарын «шетжерлік» италиктермен бөліскісі келмеген рим плебсіне ұнамады.

Оппозиция Гайге қарсы насихатты күшейтеді. Оған Карфагенге берілген қарғысты ескермеді деп кінә тағады. Халық жиналысында Гайдың жақтастары мен қарсыластарының арасында қақтығыс болды. Төтенше өкілдігі бар консул Луций Опимий Гракхтарға қарсы жалдамалы Крит атқыштарын алып шығады. Гайдың 3000-ға жуық жақтастары өлтіріліп, Гайдың өзі құлына өзін өлтіруге бұйрық береді.

50-ден 75 мың семьяға дейін жер бөліп үлгерген комиссия таратылды. Дегенмен, б.э.д. 111 жылғы заң бойынша сол кезге дейін Италияда және провинциялардағы окупацияланып қойылған жерлер көлеміне қарамастан жеке кісінікі деп жарияланып, бұдан былай бөлуге жатпайтын болды. Гайдың астыққа бағаны төмендету және сот ісіндегі заңдары сақталынды.

Бірақ Гракхтар күш жұмсаған, шаруалар мен жауынгерлердің римдік қауымын қайта келтіру енді мүмкін болмады.

Азамат соғысы жылдарындағы Рим (б.э.д. 111-79ж.ж.). Б.э.д. 111 жылы Нумидия тәжінен үміткер Масинисаның немересі Югуртамен басталған соғыс рим армиясы мен оның командалық құрамының қаншалықты ыдырағанын көрсетті. Бұл соғыс кезінде Рим республикасы тағдырында үлкен роль атқарған Гай Марий мен Корнелий Сулла көзге түсті. Гай Марий Арпин қаласының маңындағы кішкене деревнядан шықты, өзінің әскери карьерасын Цецилий Метеллдің қамқорлығымен бастады. Ол оның әкесінің патроны еді. Метеллдің көмегі, жеке басының батылдығы, ақсүйек Юлий әулиетінен шыққан әйелмен некеге тұру, бәрі Марийдің карьерасының өсуіне көмектесті. Барлық магистратурадан өте келе, ол б.э.д. 107 жылы консул болып сайланды (бұдан кейін тағы 7 рет сайланды) және әскери реформа жүргізеді. Бұдан былай армияға цензадан тәуелсіз барлық қалаушылар ене алды, 20 жылдық әскери қызметтен соң жауынгерге жалақы мен соғыстағы олжадан басқа, жер иелігін алуға право берілді. Аграрлық мәселе жаңа өң алды: жер бөлігі үшін армияда қызмет ететін кедейлер күресе бастады, ал армия олардың мүддесін халық жиналысына қарағанда, анағұрлым тиімді қорғай алды. Бұнымен қатар ардагерлер өз жер бөліктерін рим халқынан емес, өз командирлерінен алуға сенді. Жауынгерлердің азаматтық қауыммен байланыстары әлсіреп бара жатты. Оның есесіне олардың мүдделерін өкімет алдында қорғаған, армия қолбасшыларына тәуелділігі нығайды.

«Жауынгер» және «азамат» түсініктерінің дәстүрлі байланыстары үзілді: енді әрбір азамат жауынгер болуға міндетті болмады. Бұның бәрі рим азаматтық қауымының дағдарысын көрсетті. Жалғыз реальды күш әскер болды. Бұрын ол сыртқа ғана бағытталса, Марийдің реформасы оны Римнің ішінде де әрекет етуге қабілетті етті.

Марий әскерге темір тәртіп орнатты және оның құрылысын өзгертіп, Югуртаны талқандайды. Югуртаны жеңу, Нумидия патшалығының Рим

қол астына өтуі Марийдің бас айналдыратындай карьерасына жол ашты. Марийдің армиясы келесі бір сынға да абыроймен төтеп берді: Марий Галлия мен Солтүстік Италияға басып кіріп, римдіктерді қатарынан бірнеше рет ойсыратқан германдық кимврлер мен тевтондармен соғысып, оларды талқандап, 150 мыңдай тұтқындарды қолға түсіреді.

Б.э.д. 101 жылы Марийдің коллегасы консул Аквиллий Сицилиядағы 3 жылға созылған жаңа құлдар көтерілісін талқандайды.

Сицилиядағы жаңа көтеріліс, бірінші көтеріліс кезіндегідей плебстер қозғалысының жандануына әкеліп соқтырды. Б.э.д. I ғасырда Римнің саяси өмірінде оптиматтар және популярлар деп аталған екі бағыт пайда болды. Оптиматтар сенат билігі мен нобилитеттерді қорғады. Популярлар плебстің пайдасына аграрлық және басқа заңдарды, халық трибундарының және халық жиналысының күшеюін жақтады.

Б.э.д. II ғ. соңы мен I ғ. басында популярлар көсемі Марий болды. Оның ардагерлерге жер бөлу туралы талабы сенаттың қарсылығына кездесті, бұл оның әскери реформасының жоққа шығу және жеке басының беделіне зиян келтіру қаупін туғызды. Марий енді сенатқа қарсы популярлардың көсемдері Апулий Сатурнин мен Сервилий Главциймен біріге қимылдайды. Б.э.д. 100 жылы Марий-консул, Апулий Сатурнин-екінші рет халық трибуны, Сервилий Главций-претор болып сайланады. Марийдің ардагерлеріне енді 100 югерден жер бөлініп, тек римдіктер ғана емес, италиктерден шыққан ардагерлер де жер бөлігін алды. Бұл заңның қарсыластары көбейіп, олардың қатарында оптиматтар ғана емес, аттылар, қала плебстері де болды. Қызу тартыстан кейін Марийдің ардагерлеріне жер бөлінеді. Б.э.д. 99 жылғы магистратураға сайлау кезінде оптиматтар мен популярлар арасындағы күрес одан әрі шиеленіседі. Апулей Сатурниннің жақтастары оптиматтар ұсынған Гай Меммийді жазалайды. Бұған жауап ретінде сенат қаланы әскери жағдайда деп жариялап, Гай Марийден консул ретінде қалада тәртіп орнатуды талап етеді. Марий алғашқыда толқығанмен, оптиматтар жағына шығып кеткен аттылардың қысымымен сенат талабын орындайды. Сөйтіп, Гай Марийдің өз саяси жақтастарын сатып кетуі оның адам және саясаткер ретіндегі беделін түсіреді және ол Римнен Кіші Азияға кетуге мәжбүр болады.

Б.э.д. 92 жылы халық трибуны қызметіне Ливий Друз сайланады. Ол ұсынған заңдардың ең маңыздысы Римнің италиялық одақтастарының барлығына рим азаматтығын беру еді. Гай Гракхтың заң жобасы қабылданбағаннан кейін одақтастардың жағдайы күрт нашарлаған еді. Рим магистраттары одақтастарға зәбір көрсетсе, тектілер одақтас тайпалар мен қалалардың жерін басып ала бастады. Тарихшы Флордың айтуынша халық орасан зор көп жиналған жиналыста Ливий Друздың заң жобасы қабылданып, оны бекіту үшін сенатқа жіберіледі. Бірақ, сенат ұсақ-түйекті

сылтау етіп, оны қабылдамайды. Жаңа халық жиналысы дайындалып жатқанда, өз үйінің жанында Ливий Друз өлтіріледі. Сөйтіп, ықпалды халық трибунын өлтіру және оның жақтастарын жазалау римдік одақтастардың қарулы көтерілісін тудырып, тарихта Одақтық деп аталған соғыс (90-88ж.ж.) басталды. Римге аса зор қауіп төнді. Одақтастар сан жағынан римдіктерден басым еді және олардан әскери жағынан да қалыспады. Көтерілісшілер жағында Италияның кедей тайпалары тұрды; Римге ірі жер иеленушілер, колония азаматтары және грек қалалары адал болып қалды. Көтерілісшілер колонияларды басып алып, римдіктерді және жергілікті ақсүйектерді өлтірді; қарапайым халық пен босатылған құлдарды өз армиясына қабылдап, әскер санын 100 мың адамға жеткізді. Рим әскеріне испандықтарды, галлдықтарды, нумидийліктерді жалдауға тура келді. Рим армиясы бәрібір табысқа жете алмады және Рим амалсыз одақтастарға жеңілдік жасауға көшті. Б.э.д. 89 жылы Паданнан оңтүстікке қарай бүкіл Италия халқы рим азаматтығын алды. Енді бүкіл Италияның тұрғындары рим азаматтарына айналды, бұл Римнің халық жиналысының іс жүзінде ролін жоғалтуына алып келді. Сол сияқты азаматтардың қауымдағы, оның территориясынан жер иелену правосымен байланысы жойылды. Енді Италияның әрбір тұрғыны кез-келген ауданнан жер ала алады. Жаңа азаматтар әскерге қызмет ете алды, ал қолбасшылардың ықпалы бүкіл Италияға таралды, Италия толық романданды.

Бірақ, провинцияларда күрделі жағдай сақталынды. Понт патшасы Митридатпен соғыс басталды. Ол бүкіл Қара теңіз жағалауын және Азияның едәуір бөлігін басып алды. Провинциялар Митридатты азат етуші ретінде қабылдады. Оның шақыруы бойынша Кіші Азия халықтары бір күн ішінде онда өмір сүріп жатқан 80 мың римдікті, италиктерді, құлдарымен қоса қырып тастады. Сенат бұл соғыстағы әскерді басқаруды өзін талантты қолбасшы ретінде көрсеткен Суллаға тапсырғысы келді. Популярлар Марийдің кандидатурасын ұсынды. Екі жақ арасында соғыс басталып, оның барысында Рим бірнеше рет қолдан-қолға өтіп, қаланы әрбір жақ алған соң, қарсыластарын қатал жазалауға ұшыратып отырды.

Ең соңында Митридатпен соғысуға қолбасшылықты Сулла жеңіп алды. Ол Понт әскерін талқандап, жоғалтқан провинцияларды қайтарып, Митридатпен 85 жылы Дардан қаласында бітім жасап, Италияға оралып, Марий жақтаушылары қолындағы Римді басып алады.

Диктатор болып тағайындалған ол саяси қарсылыстарын алдын-ала жасалған тізім бойынша жоюға кірісті. Бұл өлім жазасына кесілгендердің тізімі проскрипция деген атау алды, ал халық оны “өлілер таблицасы” деп атап кетті. Кез-келген адам тізімге іліккендерді өлтіре алды, ол үшін оған үлкен сыйлық тағайындалды. Тығылып жүрген проскриптіні көрсетіп берген құлдар-бостандық алды. Осындай 10 мың босатылғандардан (олар

корнелийлер деп аталды), Сулла өзінің жеке гвардиясын ұйымдастырды. Жазалау өте қатал жүрді, көптеген қалалар қиратылды. Сулланың 120 мың ардагері қуғынға ұшыраған адамдар мен қалалардың жерін алды. Сенаторлардың саны сулландықтар есебінен 300-ден 600-ге өсті. Халық трибундарының билігі шектелді, керісінше провинция наместниктерінің билігі абсолютті болды. Аттылар сотқа қатысудан шеттетілді. Сулла ауыр қылмыстарды қарайтын төтенше сот енгізді. Сулланың диктатурасы мемлекеттік аппарат құруға жасаған қадам болды. Бірақ Сулланың диктатурасының әлеуметтік базасы тар болды: оған аттылар, плебейлер, кәсіпкерлер, провинциялар қарсы шықты. Провинцияларда, әсіресе, «римдік» деген аттың өзі жек көрінішті болды. Провинция халқы мүмкіндік болса Римге қарсы көтерілуге дайын тұрды.

Б.э.д. I ғасырдың 70-60 жылдарындағы Рим державасы. Б.э.д. 79 жылы Сулла қайтыс болысымен-ақ, жаңа толқулар басталды. Испанияда мариандық Серторий күш жинап, Помпейдің әскеріне біраз жеңіліс әкеледі. Тек Серторийдің қастандықпен өлтірілуінен кейін, оның әскері толық талқандалынды. Б.э.д. 79 жылы Митридатпен соғыс қайта басталды. Луциний Лукулл бастаған рим армиясы бастапқыда бірнеше жеңіске жетіп, Понт астанасын алып, үлкен олжаға ие болады. Бірақ одан әрі соғысу оның армиясында басталған бүлік нәтижесінде мүмкін болмады.

Дәл осы кезде сыртқы майдандағы сәтсіздіктермен қатар б.э.д. 74 жылы Спартак бастаған құлдар көтерілісі басталады. Гладиатор мектебінен 70-тей жолдасымен Капуяға қашқан Спартакқа алдымен Кампания, сосын басқа облыстардан құлдар ағылып, оның әскер саны 100 мыңға жетеді. Рим әскерлері бірінен соң бірі жеңілістерге ұшырайды. Ол Пиценде екі консулдың да әскерін талқандаған кезде, сенат оған қарсы сулландық Публий Лициний Крассты жіберіп, оған Лукулл мен Помпейді көмекке шақырады. Б.э.д. 71 жылдың көктемінде көтерілісшілер әскерін Красс талқандайды. Спартактың өзі шайқаста өледі, әскердің қалғанын Помпей жауынгерлері жояды. Спартактың көтерілісі, құлдардың көп санды және билеушілеріне қас тапқа айналғандығын, олардың қарсылығын басу үшін күшті мемлекеттік биліктің керектігін көрсетті.

Күрес тек құлдар мен құл иеленушілер арасында ғана емес, шаруалар және сенаторлар мен аттылар сословиесіне біріккен құлиеленушілердің арасында да жүрді. Ең басты мәселе аграрлық болды: ардагерлер мен кедейлер жер бөлуді және оны басып алмаудан кепілдік талап етті, ал ірі жериеленушілер жерді бөліске қарсы шықты.

Республиканың құлауы (б.э.д. 60-31ж.ж.). Әлеуметтік-экономикалық дамудың қол жеткен деңгейі орасан зор державаның

орталығына айналған Римнің ескі, шаруалық тәртіптерімен сәйкес келмеді.

Провинцияларды тонау арқылы байыған нобилитет және халық жиналысына аз ғана келушілермен басқарылған Республика, не уақыт алға қойған маңызды мәселелерді шеше алмады, не провинцияларда рим өкіметінің кең базасын құра алмады. Ол ескі системаға жаңа армияны енгізе алмады. Сенат армияның бұрынғы және жаңа жерлерді ұстап тұруда қажеттілігін түсінді, сонымен бірге ардагерлерге жер бөлуге келгенде қолбасшылармен, демек армиямен ылғи қақтығысқа түсіп отырды. Ал, қолбасшылар өздерінің беделдерін жоғалтпау үшін бұл мәселелерде халық жиналысына сүйенді, демек плебске жеңілдік жасауға мәжбүр болды.

Келесі бір әлеуметтік дау б.э.д. 70-ші жылы оптимат Помпей мен сулландық Красс консул болып тағайындалғанда қызды. Плебстің қолдауына мүдделі олар сенаттан 63 сулландықты шығарып, Сулланың заңдарын жойды. Халық трибундары билігі қалпына келтірілді. Популярлар қайта жанданды. Олардың көсемдерінің бірі, қуғыннан оралған Гай Юлий Цезарь болды. Б.э.д. 63 жылы Цезарь ұлы понтифик қызметіне сайланды, преторлық қызметте жүргенде ол халықты жақсылап сыйлады және сот процестерінде көрнекті сулландықтарға қарсы сөйлейді. Дәл осы кезде Сицилия наместнигіне қарсы сөйлеу арқылы Цицеронда өз карьерасын бастайды. Оқиғалар сенаттың Помпеймен татуласуына алып келді. Б.э.д. 67 жылы Помпейге қарақшылармен, сосын Матридатпен соғысу үшін төтенше өкілдіктер беріледі. Қарақшыларды 60 күнде жоқ қылған Помпей, 63 жылы Митридат ІҮ-пен соғысты жеңіспен аяқтап, шығыстағы жұмыстарды қалпына келтіреді. Сирия провинциясы құрылады және қырық полистің негізі қаланып, олардың магистраттарының өкілеттігі көтеріледі. Помпейдің жаулап алушылығы нәтижесінде Рим қазынасының табысы еселене көбейді. Ол нағыз батырға айналып, Азияда тіпті, оның еркіне босатылғандарының өзін патша ретінде қарсы алады. Б.э.д. 62 жылы Помпей Италияға оралады.

Бірақ Италиядағы жағдай тыныш болмады. Б.э.д. 64 жылы Цицерон консул болады. Оның қарсыласы бұрыннан жасырын әрекеттерімен күдік туғызған Катилина қастандық ұйымдастырады. Оған халықтың әр түрлі қабаты тартылды. Аристократтар мен қала плебейлері қарыздарын жоюды, шаруалар қарыз борышкерлігін өзгертуді талап етті. Шаруалар Этрурияда Манлий дегеннің қол астына жиналады, оған келіп Катилина қосылады, бірақ ол шайқаста қайтыс болады. Қастандық жасаушылардың әрекеті сенатта қаралады, Цезарьдің қарсылығына қарамастан, олар өлім жазасына кесілді. Катилина туралы деректер аз болғандықтан, оның өзі және қозғалысы туралы шындықты айту қиын. Оның соңынан плебстің

бір бөлігінің ергені анық, Катилинаның сәтсіздігі плебстің әлсіздігін дәлелдейді. Бір жағынан, сенаттың да қарсыласу күші әлсіреді.

Сенат Помпейдің ардагерлеріне жер бөлуден және оның шығыстағы бұйрықтарын бекітуден бас тартқан кезде, ол Красс және Испаниядан оралған Цезарьмен келісім жасайды. Кейіннен І-ші Триумвират деп аталған бұл одаққа сенатқа қарсы Помпейдің армиясы, Цезарьді өз лидері деп мойындаған Крассқа жақын ірі кәсіпкерлер және популярлар бірікті. Триумвирлер б.э.д. 59 жылы Цезарьді консул етіп сайлауға қол жеткізді және сенаттың қарсылығына қарамастан Помпейдің ардагерлеріне жер бөлу туралы заң шығарды. Цезарьдің консулдығы біткен соң, оған 5-жылдық мерзімге Цизальпіндік Галлия мен Иллирияда наместниктік қызмет берілді.

Осы кезде Цезарь саяси қайраткердің тірегі нашар ұйымдасқан плебс емес, керісінше күшті армия екендігіне көзі жетеді. Плебстің әлсіздігін б.э.д. 58 жылы халық трибуны болып сайланған Клодий қозғалысы дәлелдейді. Өз карьерасын Лукуллдың жауынгерлерін мүлікке арандатудан бастаған Клодий Римге оралып, Цезарьға қосылды. Оның көмегімен ол халық трибуны болып сайланды. Цицеронның айтуынша, Клодий демагог және тиранға кандидат ретінде әрекет еткен. Ол 300 мыңдай плебей астықты тегін алу керек деген заң жобасын жасады және Цицеронды катилиндіктерді апелляциясыз жазаға кескені үшін қуғынға ұшыратты. Бұдан үріккен оптиматтар гладиаторлардан күзетті күшейте бастады, магистраттарды сайлау жиі үзілді. Бірақ Клодий іс жүзінде ештеңеге қол жеткізбеді. Ол біртіндеп саясаттан кетіп, б.э.д. 52 жылы өз жауы Миронның құлының қолынан қаза табады.

Селолық және қалалық болып жарылған плебс, оған иек артқан популярлардың үмітін ақтамады. Бұл оқиғалардың бәрі және әлеуметтік-таптық алға жылжулар өмірдің барлық салаларындағы өзгерістерді көрсетті. Сән-салтанат шегіне жетті. Ақсүйектердің үйінде бірнеше жүз құл-қызметші жұмыс атқарды. Әрбір құл өзінің мамандығымен қызмет етті. Құлдар мен күндерді цирюльник, моншашы, камеристка өнерлеріне оқытты. Бір құлға әртүрлі міндеттерді тапсыру жаман мінез кейпін көрсетті. Ескі әдет-ғұрыптар түбірімен өзгерді. Ажырасулар көбейіп, әке беделі әлсіреді, ұлдары өз мүлкіне өзі иелік етті. Тіпті пекулияға шеберхана мен лавкалар алған құлдардың өзі, өз алдына өмір сүрді.

Грек мәдениеті өмірге терең енді. Скульпторлар мен суретшілер грек үлгілеріне еліктеді. Грек тілі тек әдеби ғана емес, сөйлеу тіліне де айналды. Білім алудың қажеттігін жалпы жұрт мойындады.

Осындай өзгерістер болып жатқан кезде дара өкіметке өту іс жүзінде Сулланың диктатурасымен, Помпейдің төтенше өкілеттігімен, триумвирлердің билік жүргізуімен дайындалды. Цицерон мен оптиматтар

үшін бұндай жеке билеуші әйтеуір бір «принцепс»- ақсүйек мүддесін қорғаушы болуы керек еді, плебейлер үшін оларды «әкелер» билігінен азат ететін, халық сүйіктісі-патшалардың мұрагерлері, ал әскер үшін жеңімпаз, оларға ұнамды командир керек еді. Мәселе, республиканың басшысы бұлардың арасында кім болатындығы туралы ғана болды. Жалпы жағдай армия кімді қолдаса, соның басшы болатындығын көрсетіп берді.

Билеушіге кандидат ретінде әсіресе, Красс Парфиямен соғыста қайтыс болған соң және триумвират ыдыраған соң сенатпен жақындаса бастаған Помпей түсе алатын еді. Бірақ оның сенатпен жақындасуы оның беделін түсірді. Енді Цезарьдің ролі өсе түсті. Оның адамдарды өзіне тартатын ерекшелігі болды, оны қарсыласы Цицерон да мойындайды. Бірақ ең бастысы, ол әскери және дипломатиялық талантқа ие еді. Цезарь Галлияны 10 жылда бағындырып, оны Римнің провинциясына айналдырды және бай олжаға ие болып, 1 миллион тұтқынды қолға түсірді. Қолбасшылық талантының, жауынгерлердің мұқтаждығына ықылас қоюының арқасында, шешендік қабілетіне байланысты Цезарь тәртіпті, ең бастысы өзіне адал армия құра алды.

Римдіктердің көз алдында ол тек көлемді және бай облысты жаулап алушы ғана болған жоқ, сонымен қатар б.э.д. 390 жылы Римге басып кіріп кемсіткені үшін галдардан кек алушы болып көрінді. Сенат Цезарьдің жоғарылауына наразылық білдіріп, оның армиясын таратуын талап етті. Бұл істе сенат коллегиясыз консулдыққа тағайындалған Помпейге үміт артты. Помпей бұл үмітті ақтап, Цезарьға қарсы батыл қимылдауға кірісті. Бұрынғы одақтастар арасында соғыс болмай қалмайтын болды.. Цезарь б.э.д. 49 жылы 10 қаңтарда әскерімен Цизальпиндік Галлияны Италиядан бөліп тұрған Рубикон өзенінен өтіп, күтпеген жерден Италияға табан тірейді. Италиялық қалалар оған өтеді, тіпті Италияда тұрған Помпейдің жауынгерлері де Цезарьдің жағына өтеді. Помпей өз жақтастарымен, арасында Цицерон да бар Грецияға бет алады.

Сөйтіп, соғыс провинциялар мен вассалдық патшалық территорияларына көшеді, әскери қимылдардың басты театры Испания, Греция, Африка, Египет болды. Соғыс нәтижесі көбінесе провинциалдар позициясымен анықталды. Помпейді (ол арқылы - сенат партиясын) азаматтық және дінбасы ақсүйектерінің жоғары тобы, Цезарьді - қалалықтар қабаты, романданған полистер қолдады.

Нәтижесінде Цезарь толық жеңіске жетті. Фессалияда Фарсал маңында талқандалған Помпей Египетке қашады және онда өлтірілді.

Цезарь Рим державасының жеке билеушісі болып қалды. Оған мерзімсіз уақытқа диктатура, өмірлік трибун билігі беріледі, оның атына әдетте шайқас алаңында солдаттар қолбасшысына беретін «император»

титулы қосылды, ол «отан әкесі» деп жарияланып, дербес өзі соғыс және бейбітшілік мәселелерін шеше алатын болды, қазынаны басқарды, магистратураға кандидаттар ұсынды және әдет-ғұрыптарды бақылады. Биліктің сыртқы атрибуттарына қара қошқыл тоға (сыртқы киім), лавр венoгi жатты. Цезарьдiң қарсыластары оның патша титулын қабылдайтын ниетi бар деп айыптады.

Билiкке жету жолында соншалықты талантты, батыл, кейде қатал қимылдаған Цезарь оған ие болған соң, оны дұрыс пайдалана алмады. Цезарь кешiргеннен соң, Римге оралған Цицерон «Бiз бәрiмiз Цезарьдiң құлымыз, ал Цезарь - жағдайдың құлы» - деп жазды. Өз саясатында Цезарь жүйелiлiк танытпады. Ол жартылай шаралармен шектеледi, осынысымен өзiнен бұрынғы көптеген жақтастарын итерiп жiбердi. Ipi жер иеленушiлердiң жерлерiн конфискулеуден және проскрипциядан бас тартқан Цезарь ветерандардың талап етуiн қанағаттандыра алмады, плебс астықты таратудың қысқаруына наразы болды.

Цезарьдың провинциялардағы әлеуметтiк базасын кеңейту жолындағы iс-шаралары жүйелiрек болды. Цизальпин Галлиясы Римдiк азаматтық алды және провинция қатарынан шықты. Ерекше муниципалды заң колониялар мен муниципалды құрылысты унификациялады.

Цезарьдың жартыкеш саясатын нобилитеттер пайдаланып, оған қарсы күшейтiлген үгiт жүргiздi Цезарьдi тиран, бостандықты тұншықтырушы деп атады. Брутты бостандық орнатуға шақырды. Гай Юлийдiң қамқорлығындағы Брут ұзақ уақыт толқыды, ең соңында помпейлiк Кассий ұйымдастырған қастандыққа қатысады. Қастандық жасаушылар асығады, себебi олар Цезарьдың Римдi тастап, Парфияиен соғысты бастаймын деген ниетiн бiлiп қалды. Б.э.д. 44 жылы 15 наурызда Цезарь сенат куриясында өлтирiледi.

Бiрақ, бұл террорлық акт нобилитеттердiң Республикасын құтқара алмады. Қастандық жасаушылар тианның өлiмi және бостандықты қалпына келтиргенi туралы хабарлағанда, халық оларды өздерiнiң құтқарушысы деп жариялап, өлгеннiң денесiн Тибрге тастайды деп есептеген едi. Бiрақ плебс пен ветерандар үшiн Цезарь жүргiзген саясатының жартыкештiгiне қарамастан, жеңiмпаз император, популярлар көсемi, сенат қолынан қаза тапқан батыр болып қала бердi. Қатты ашуланған плебс оптиматтардың үйiн қиратуға ұмтылды, ал Цезарьды жерлеген орында оған құдай ретiнде құрбандық шалып, сол күндерi көрген Кометаны аспанға көтерiлген Цезарьдың жаны деп түсiндi. Қорқып кеткен оптиматтар үйлерiн жауып алды, қастандық жасаушылар Капитолийге тығылды. Ең соңында, олар Цезарьдың жақтасы Антониймен келiсiмге келуге мәжбүр болды. Сенат мәжiлiсiнде компромистi келiсуге қол

жеткізілді. Оған Цицерон өз үлесін қосты. Цезарь тиран болып жарияланбайды, оның заңдары күшінде қалады, бірақ оны өлтірушілер - Брут пен Кассий жазаланбайды, тек олар Римнен шығарылып, Крит және Киренаика провинцияларына жіберілді. Помпейдің ұлы Секстке Италияға оралып, әкесінің мүлкіне ие болуға мүмкіндік берілді.

Бұл кезде Цезарьдың асырап алған баласы және мұрагерлікке тағайындалған, оның немере жиені Октавиан Римге келеді. Өз досы Випсаний Агриппамен бірге Эпир қаласында Аполлонияда әскери іске оқып жатқан 18 жасар Октавиан Римдегі оқиғалар туралы хабардар еді. Цезарьдың солдаттары және Агриппаның өзі Октавианды Цезарьдың мұрасын қабылдауға және Италияға қарай жылжуға көндірді. Октавиан Гай Юлий Цезарь Октавиан атын қабылдайды. Октавиан елге келгенде, оған Цезарьдың ветерандары мен бай еркіне жіберілгендер (отпущенники) ағыла бастайды және оны әкесі үшін кек алуға шақырады. Римде Октавиан Антонийге келеді және одан Цезарьдың өсиетін орындау үшін, оның қазынасын беруді талап етеді. Антоний Цезарьдың қазынасы бос, ал Октавианға Антониннің арқасында ғана даңқынан айырылған тиранның баласы болмағандығына қуануға тиіссіз деп дәрекі жауап қайтарады. Сонда, Октавиан өз жасы үшін таңқаларлықтай шебер саясат жүргізеді. Ол Цицеронмен келіссөз жүргізіп, оны әке орнына санап, ақыл-кеңес сұрайды. Цицерон Октавианды Антонийге қарсы қоюға болатынын түсініп, ол Римді Антониннің тираниясынан құтқару үшін Юпитерден жіберілген деп оны мақтайды. Ал, Октавиан болса өз жасақтарымен кездесуде оның Цицеронмен қатынасы тек құлық екендігін және оған оны Антониннің мінез-құлқы итермелегенін, күш жинап алысымен, Цезарьдың өлімі үшін кек алатынын мойындайды. Сенаттан Цицеронның делдалдығы арқылы алған ақшаға ол Антонийдің солдаттарын жоғары жалақы төлеу арқылы өз жағына тартады.

Б.э.д. 44 жылдың соңында Антоний Галлияға кетеді. Сенат оған қарсы әскер жібереді, оған Октавиан жинаған солдаттар да қосылады. Мути маңында Антоний талқандалынады. Сенат енді Октавиансыз да іс тынады деп, оған уәде етілген консулдықты беруден бас тартады. Октавиан Антониймен және Нарбондық Галияның наместнигі цезариандық Эммилий Лепидпен бірігеді. Бұл бірігу тарихта екінші триумвират деп аталады және олар еш қиындықсыз Римді алады. Октавиан консул болып сайланады, триумвирлерге халық жиналысының шешімімен Республика орнату үшін төтенше өкілеттіктер беріледі. Цезарьді өлтірушілерге жарияланған амнистия жойылды, олар бұл кезде Шығыс провинцияларда әскер және қаражат жинап жатыр еді, триумвирлер олармен соғысуға шешім қабылдайды.

Отан жауы деп жарияланған Цезарьдың өлтірушілерін және оның жақтастарын жазалау үшін, проскрипциялық тізім жасалады, онда бірінші болып Антонийдің талап етуімен Цицерон аталады. Б.э.д. 43 жылы 7 желтоқсанда ол әскердің отряд басшысы қолынан қаза табады. Ветерандарға жер болу басталады. Италияның 18 қаласының тұрғындары жерінен, құлдары мен мүліктерінен айрылып, ол жерлер жаңа иелеріне берілді. Прокрипцияға іліккен үш жүз сенатор, екі мың аттылыр қайтыс болды, сыйақы үшін әйелдері күйеулері, балалары әке-шешелері, құлдары қожайындарының сыртынан сөз тасыды. Бұл кезең римдіктердің есінде сұмдық және хаос заманы ретінде қалды. Жерінен айрылған қалалықтар опасыз жауынгерлерді оларды сорлатқаны үшін қарғады. Шығыс провинциялардағы жағдай мәз емес еді, онда Брут пен Кассий тұрғындардан қаражат пен әскерге адам жинады. Бірақ соғыс олардың жеңісімен аяқталды.

Шығыстағы тәртіпті қалпына келтіруге Антоний аттанды. Лепид Африка провинциясына ие болғанымен, көп ұзамай істен шеттетілді. Октавиан батыс провинцияларды алып, Италияда қалды. Секст Помпей Сицилияға бекініп, өз флотына оптиматтар мен құлдарды қабылдайды. Оның кемелері Италияға астық жеткізуге кедергі келтіреді, триумвирлер онымен амал жоқ келіссөзге келеді. Бірақ, Рим қалай астықпен қамтамасыз етілді, солай Октавиан келісімді бұзады. Б.э.д. 36 жылы Антонийдің көмегімен оның талантты қолбасшысы Марк Випсаний Агриппа Секст Помпейдің теңіз және құрғақтағы күшін жояды. Октавиан Секст Помпей жағынан соғысқандарға еркіндігін сақтауға уәде береді, бірақ өзінің құпия хаттарында наместниктерге оларды қарусыздандыру және ұстау туралы бұйрық береді. Помпей жағында шайқасқан 30 мың құл иелеріне қайтарылды, ал егер құлдың иесі анықталмаса, құл жазаланды. Бұл акті арқылы Октавиан билеуші топпен татуласуын бастайды. Помпей шығысқа қашады, көп ұзамай ол Антоний бұйрығымен өлтіріледі.

Октавианның бұйрығымен проскрипциялар тоқтатылды, конфискелеу аяқталды. Октавианның беделі өсті. Бүкіл Италия оған адал болуға ант берді.

Бірақ Шығыста билеуші болып, Антоний қала берді. Ол Клеопатрамен жақындасып, өзін жаңа құдай-Дионис, ол оны-Исида құдайы және патшалардың патшайымы деп жариялады, вассал патшаларды таққа отырғызды және ауыстырды, Клеопатрадан туған балаларына провинциялар тарқатты. Римде оған қарсы күшейтілген науқан жүрді, оның мінез-құлқы римдікке лайық емес деп бағаланды.

Антониймен соғыс болмай қалмайтын еді. Бұл соғыс б.э.д. 31 жылы басталып, осы жылдың екінші қыркүйегінде Антоний мен Клеопатра

флотының Батыс Грециядағы Акция мүйісіндегі талқандалумен аяқталды. Антоний мен Клеопатра Египетке қашады, Антонийдің солдаттары оларды өз солдаттарымен қатар наградтаймын деп уәде берген Октавиан жағына өтті. Б.э.д. 30 жылы Октавиан Египетке келіп, оны еш қиындықсыз басып алды және оны Рим провинциясына айналдырып, тікелей өз қол астына алды. Антоний мен Клеопатра өздерін өлтіреді.

Египеттен түскен олжа Октавианға ветерандарға жерді сатып әперуге мүмкіндік берді. Үш жүз мыңдай адам жер алды. Октавианның командирлері мен маңайындағыларға жүз югерлі имениелер таратылып берілді, бұл латифундиялардың таралуына жағдай жасады. Сол сияқты, ұсақ және орта жер иелену нығайды. Жерге иелік етудің жоғары правосы мемлекет басшысы қолына өтті, енді меншік иелері плебс қабылдайтын жаңа аграрлық заңдардан қауіптенбеді. Олардың жерге жеке меншігі қожайынның құлға меншігі сияқты мықты болды.

Осылайша Рим тарихындағы жаңа кезең-жеке адамның басқару кезеңі, империя кезеңі басталды.

РИМ ИМПЕРИЯСЫ КЕЗЕҢІНІҢ БАСТАЛУЫ. АВГУСТ ПРИНЦИПАТЫ

Лекция жоспары:

- 1.Август принципатының орнауы**
- 2.Августың ішкі және сыртқы саясаты**

Август принципатының орнауы. Б.э.д. 27 жылы Октавиан өзінен төтенше өкілдіктерді алатынын және билікті сенат пен халыққа қайтаратындығы туралы жариялайды. Ол өзінің басқа магистраттардан беделі арқылы ғана ажыратылатынын, өзінің тек сенаторлар тізімінде ғана бірінші тұратынын, яғни принципс (бұл терминнен ерте империяның барлық басқару жүйесі принципат атауын алды) екендігін ылғи баса көрсетіп отырды. Бірақ, іс жүзінде ол биліктің бүкілін өзінде сақтады. Ол өмірлік император титулын, әр жылы халық трибуны билігін алды, магистратураға кандидаттарды ұсынды, қазынаны басқарды, соғыс және бітім мәселелерін шешті, шет жерлік халықтар және патшалармен келіссөздер жүргізді.

Сенат Октавианға Август, яғни құдаймен дәріптелген деген титул беріп, оның билігіне сакральды сипат берді. Шығыс провинцияларда ол эллиндік патшалардың үлгісі бойынша бірден құдай деп танылды.

Оның басқаруының соңында италиялық және кейбір провинциялық қалаларда оған арнап салынған алтарьлар, оның культіне қызмет етуші коллегиялар пайда болды.

Бұрынғы ұлы понтифик триумвир Лепидтің қайтыс болуымен, бұл қызметте Августтың қолына өтті. Осылайша ол және оның мұрагерлері Римде өз қолдарына әскери, азаматтық және діни билікті толық біріктірді.

Август және оның жақтастары республиканы қайта орнаттық деп жар салды. Римдіктер үшін республика кез-келген басқару формасымен сай келе береді, тек ол заңды және ортақ пайдаға қызмет етсе болды делінді. Августке бар биліктің бекітілуі триумвирлердің төтенше өкілеттіктерінің жойылуы және бостандық пен дәстүрлі құрылыстың қайта қалпына келтірілуі деп түсінілді, ал іс жүзінде бүкіл билік жүйесі түбірінен өзгерген еді. Августтің маңайындағылармен толықтырылған сенат оған бағынышты болды, сырттай жоғары басқару органы ретінде (іс жүзінде оның құзырына маңызы аз мәселелер қарауға берілді) құрмет тұтылды, ал сенаторлар мемлекеттегі бірінші артықшылыққа ие сословия болып қалды. Олардың қатарынан армияның жоғарғы командалық құрамы наместниктер тағайындалды. Аттылар (олар үшін ценз 400 мың сестерций болды) әртүрлі қайта құрылған қызметке тартылды, әскер бөлімдеріне басшылыққа, императордың жеке домені Египет префектісіне тағайындалды. Сырттай қарағанда, Цицеронның программасы - барлық сословиелердің, барлық жақсылардың ортақ пайда үшін бірігуі іске асты.

Августың ішкі және сыртқы саясаты. Август жаратылысынан мемлекеттік қайраткер, әлеуметтік демагогия шебері еді. Римдік дәстүрлерді қорламай және әр бір ретте өзінің қарапайымдылығы мен ұстамдылығын, ескілікке, ежелгі ғұрыптарға, ата-баба мінез-құлқына адалдығын көрсете отырып, ол билігін маңызды мәселелерді шешу үшін, атап айтқанда мемлекеттік аппаратты құру үшін пайдалана алды. Италияда туып өскен ең жақсы жауынгерлерден Август префект басшылығымен 9 преториандық когорт гвардиясын ұйымдастырды, оның бір бөлігі Римге, бір бөлігі Италия бойына орналасты. Оның басты міндеті тәртіпті қорғау болды. Преториандықтар легиондар сияқты әскерде 20 жыл емес, 16 жыл қызмет етті, шендері жиі көтерілді, жалақылары өте жоғары болды. Бұның бәрі олардың императорға берілгендігін қамтамасыз етті.

Август сол сияқты үш қалалық когорт құрды. Ол полициялық қызмет атқарып, тек Рим префектісіне бағынды. Олар "құлдарды және қара халықты" жүгендеуге және тәртіпті бақылауға тиісті болды. Армия 25 легионға дейін қысқарды. Легионның командирлері бір мезгілде провинция наместниктері қызметінде атқарып, тікелей Августке бағынды.

Цезарьдың мирасқоры ретінде бастаған Август өз жағына плебсті де қаратуды керек деп санады, бұл кезде халық жиналысы Римде іс жүзінде маңызын жоғалтқан еді, кейіннен тіпті жиналмайтын болды. Әрине, халық үшін ойын-сауықтар ұйымдастырылды, тартулар берілді және плебстің

пайдасы үшін бірнеше заңдар шығарылды. Петелийдің заңы қайта қалпына келтірілді: қарызын төлей алмаған борышкер өз мүлкін несиесіне беру арқылы, кіріптарлықтан босатылды. Осындай әрекеттерімен Август халықтың қолдауын қамтамасыз етуге ұмтылды. Бірақ плебс қатаң бақылауда болды. Оның ортасына "сенімсіз" элементтердің еніп кетпеуі үшін құлдарды еркіне жіберу нормаланды. Августтың құлдар туралы заңы ерекше орын алды. Ол бойынша егер құл қожайынын күштеп өлтіріп, оны жақын жердегі құл көре отырып көмекке келмесе, олар қинауға және өлім жазасына кесілді. Дегенмен, құлдарды ызаландырудың қауіпті екендігін түсінген Август олар туралы жаңа саясат жүргізді: қожайындардың өз билігін қиянат етуге пайдалануына шектеу енгізді. Император құлдарға жұмсақтық танытудың үлгісін көрсетті және қожайындарының құлдарына қаталдығын айыптады.

Август аттылар қатарына, тіпті сенаторлар сословиесіне-Италия қалаларының көрнекті жер иеленушілерін енгізіп отырды. Август тұсында провинцияларға байланысты саясат өзгеріске ұшырады.

Провинциялардағы салықты жинау тікелей император агенттерінің қолына көшті: көрнекті провинциялардың жиналысы наместниктердің әрекетіне наразы болған жағдайда шағым айтуға право алды; провинцияларда колониялар құрылды; Августке адал адамдар артықшылыққа ие болды. Осылайша провинцияларда Рим саясатын жүргізуге қабілетті және императордың қайырымдылығына тәуелді топ пайда болып, нығайды.

Август орасан зор беделге ие болды, оны тарихшылар еңбегінде де, ақындар өлеңінде де дәріптеді. Горацийдың айтуынша, бұл кезде жасынан кәрісіне дейін өлең жазумен әуестенген. Бұрынғы Рим ақындары мен жазушыларының шығармалары сиықсыз көрініп, тіпті кейде түсініксіз болып қалды. Августтың ежелгі римдік саналған барлық нәрсеге құрметіне қарамастан оның басқаруы тұсында римдік және гректік мәдениет біржолата, бір, соңғы антикалық мәдениетке бірігіп, провинцияларға да тарайды. Рим авторлары эллинистік стильдерді, әдебиет саласын меңгерді және жетілдірді. Оларды римдік құндылықтармен толықтырды.

Поэзияның алдында философия екінші қатарға ығыстырылады. Августтың басқаруы тұсында жаңа философиялық еңбектер жасалған жоқ, бірақ бұрынғы философиялық ойлар ақындардың шығармаларынан көрініс тапты. Август принципаты кезеңі Рим өркениетінің гүлденген шағы болды. Бұл дәуірде көрнекті Рим ақындары Вергилий, Гораций және Овидий өмір сүріп, шығармаларын жазды. Географ Страбон, тарихшы Тит Ливий, Дионисий Галикарнасский Августтың замандастары болды.

Техника, әсіресе құрылыс техникасы жылдам дамыды. Су құбырларын тарту үшін Август арнайы осы іске оқытылған құлдарды бөліп, оларға басшы етіп сенаторлардың бірін қойды. Олардың бірі, Фронтиннің бізге "Су құбырлары туралы" деген еңбегі белгілі. Август кірпіштен қаланған Римді мраморлы етемін деп айтқан еді. Шынында, 84 ескі храм реставрациядан өтіп, көптеген жаңа храмдар салынды, әсіресе Палатиндегі Апполон мен Веста храмы әсемдігімен даңқы шықты.

Август принципаты замандастарына алтын ғасыр ретінде көрінді. Негізгі идеялардың бірі "Римнің мәңгілігі" туралы идея болды. Өмір сүріп тұрған тәртіптің мызғымайтындығы туралы ойлар сәнге айналды. Бірақ бұл коллективтік, қоғамдық мақсаттың жоғалуымен қатар жүрді, адам мен қоғам арасындағы байланыстың үзілуіне, жатсынуына алып келді.

Б.Э.Д. I-II ҒҒ. РИМ ИМПЕРИЯСЫ

Лекция жоспары:

- 1.Юлий – Клавдий әулеті тұсындағы Рим мен империя (14-68ж.ж.)**
- 2.Флавийлер династиясы (69-96 ж.ж.)**
- 3.Антониндердің «алтын ғасыры» (96-192 ж.ж.)**
- 4.Христиандықтың пайда болуы**

Юлий – Клавдий әулеті тұсындағы Рим мен империя (14-68ж.ж.). Августтың мирасқорларының өзінің тұсында-ақ, ол құрған жүйенің оның серіктестері мен құрметтеушілері ойлағандай, соншалықты жетілмегені анық көрінді. Б.э.д.14 жылы Август қайтыс болған соң, оның мирасқоры Ливияның бірінші некесінен туған ұлы Тиберий болады.

Тиберийдің тұсында сенаттық оппозиция қайта өз талаптарын қоя бастайды. Олар жаңа императорды бостандықты аяққа таптаушы деп айыптады, сенаторлардың бір бөлігі бұрынғы артықшылықты жағдайларынан қазынаны билеу және провинциялардағы қожайындық правосынан айырылумен келіскісі келмеді. Бірақ Тиберий Римге көшірілген преториандық когорт пен оның командирлеріне сүйене отырып, сенаторларға репрессиямен жауап берді. Ол азамат соғысы кезінде қабылданған "Рим мәртебесін қорлау туралы" заңды пайдаланды, бұл заң мемлекетке опасыздыққа қарсы бағытталған еді. Бұл заңды ол енді принципсті қорлайтын әрекет және сөз үшін пайдаланды. Көптеген сенаторлар жазаланды, олардың дүниесі түпкілікті императорға өтті. Сенаттық оппозицияның императорлармен күресі осылай басталды. Бұл күрес ең алдымен Август пен Тиберийдің туыстары Юлий - Клавдий, сосын Флавий әулетімен болды. Бұл дәуір туралы оппозиция қатарындағы

немесе кейін б.э. II ғасырында өмір сүрген авторлардың шығармаларынан білеміз.

Бұлардың қатарына философ Сенека (Цезарь биографиясының авторы) , тарихшы Тацит және Светоний, сатирик Ювенал жатады. Олардың шығармалары б.э. I ғасырындағы императорлар мен өз замандарындағы қоғамның бағасын көптеген жүз жылдықтарға анықтап берді.

Сенатпен ерекше өштескен император Нерон болды. Неронның принципаты 14 жылға созылды (54-68 жж). Император болып тағайындалғанда небәрі 17 жасар ерке бозбала поэзия және ән айтумен, артистік өнермен әуестеніп, мемлекеттік істерден алыс тұрған еді. Оның тәрбиешілері префект преторийі галл Бурр және испаниядан шыққан, риторика мұғалімі баласы Сенека еді. Оның шешесі Агриппина Нерон рим-италиялық ақсүйектердің артықшылық жағдайын қайта қалпына келтіру және провинция халқы есебінен баю жоспарын іске асыруда тіл алғыш орындаушы болады деп есептеді.

Бастапқыда Нерон Римнің сенаттық аристократиясының үмітін ақтайды. Өзін қоршған ортаның кеңесімен, өзін император жариялай салысымен, сенатқа бүкіл мемлекеттік істермен айналысуға право беретінін мәлімдеді, өзіне тек провинция істерін қалдырды.

Бірақ, көп ұзамай қоршаған ортасы оны билік үшін қатал күреске тартты. Клавдийді өлтірген Агриппина империяның билеушісі болудан дәметкен еді, бірақ Бурр мен Сенека Неронды шешесіне қарсы айдап салады және ол өлтіріледі. Өзінің ақталуына Нерон сенаттан қауіптен құтылуымен құттықтаған жауап алды.

Неронның келесі құрбаны әйелі Октавия болды. 62 жылы Бурр Афраний өледі. Оның орнына преторий префектісі болып, кез-келген қылмысқа дайын Офоний тағайындалады.

Өзінің беделін атқару үшін Нерон орасан зор ойын-сауықтар өткізіп, массалық үлестірулер жүргізді. Бұл оның қазынасын қаңыратты. Қаражат табу үшін император бай меншік иелеріне айып тағып, олардың мүлкін конфискелеп, өздерін жазалай бастады. Нерон Африка провинциясының алты аса бай жер иеленушісінің мүлкі мен жерін конфискілейді.

Б.э. 64 жылы жазда Римде орасан зор өрт болды. Ол алты күнге созылды. Он төрт ауданның үшеуі жойылып, жеті аудандағы ғимараттардың көпшілік бөлігі жанып кетті, от-жалын арасында мыңдаған адам қайтыс болды. Халықтың кедей тобы үй-күйсіз, тамақсыз қалып, толқуға дайындалады, Нерон олар үшін сарай бақтарын ашып, азық-түлік тарқатады. Бірақ, халық арасында Рим император бұйрығымен өртелді деген әңгіме шығады. Бұл әңгіменің қауіпті көрінгені сонша, император мен оның маңайындағылар халықты тыныштандыру үшін

апатқа «кінәлілерді» тауып, жазалау қажет деп тапты. Массалық қамау мен өлім жазасына кесу басталды.

Жанып кеткен қаланы қалпына келтіру үшін көп қаражат керек болды. Нерон оны жинау үшін провинция халқына салықты күрт өсірді. Сонымен бірге ол, сенат тағайындаған бірнеше провинция наместниктерінің мүлкін қызмет бабын теріс пайдаланды деген айыппен конфискіледі. Бұл оның сенатпен қол үзуіне әкелді.

Сенатпен ажырау, Армениядағы жеңіліс, Британиядағы көтеріліс, өрт, жазалаулар мен конфискілеу Неронға қарсы провинциалдық, римдік аристократияның наразылығын тудырды. Б.э.д. 65 жылы оған қарсы қастандық ұйымдастырылды. Бірақ қастандық жасаушылар батыл әрекет жасамады, оларды ұстап берді және барлық жерде іздеу басталып, күмәнділер дарға асылды. Көтеген сенаторлар қайтыс болды. Олардың ішінде Пизон, ақын Сенека, Лукан, Петроний және көптеген преториандық командирлер бар еді.

Рим империясындағы жағдай күннен-күнге ауырлай берді. Б.э.д. 68 жылы Галлия, Испания, Африкада көтерілістер болды. Аквитанияның наместнигі Юлий Виндекс Батыс провинциялардың наместниктерін императорға қарсы үндейді. Алғашқыда Нерон көтерілістерге онша мән бермейді. Бірақ, легионерлердің жаңа император сайлаймыз дегенін естіген Нерон Римнен қашады. Сенат оны орнынан алып, сотқа тарту туралы шешім шығарды. Нерон өзін-өзі өлтіреді. Нерон ескі римдік патрициандық рудан шыққан және шартты түрде Юлий-Клавдий деп аталған әулеттің императорларының соңғысы еді. Бұл әулеттің құлауы, империядағы ескі римдік құлиеленушілік ақсүйектің үстемдік жағдайының да жоғалуына әкелді.

Флавийлер династиясы (69-96 ж.ж.). Неронның өлімі Рим империясы б.э. I ғасырының 60-жылдарында басынан кешіріп жатқан терең саяси дағдарыстың бірінші кезеңі болды. Бұл дағдарыс Рим державасының әлеуметтік, экономикалық және саяси дамуының салдарынан болды. Неронның өлімі Жерорта теңізі құлиеленушілік аристократиясының әртүрлі топтарының арасында катал соғыстың басталуына белгі бергендей болды: ол халықтың кедей бөлігінің кейбірінің көтерілістерімен шиеленісті. Құлиеленуші ақсүйек Рим державасының әртүрлі бөліктеріндегі легиондардың әскери басшыларымен тығыз байланысты болғандықтан, бұл күрес әртүрлі провинциядағы рим әскерлері арасындағы өзара соғыстарға ұласып, олардың әрқайсысының қолбасшысы өзін император деп жариялады. Азамат оғысында Тит Флавий Веспасиан армиясы Римді басып алады. Оны сенат және барлық легиондар император деп таныды. Өз

басқаруының алғашқы жылдарында оған Иудеяның, Солтүстік Галияның, Төменгі Германияның көтеріліске шыққан халқын басуға тура келді.

Көтерілісті басып, империяда тыныштық орнатқан Веспасиан Флавий рим сенатымен достық қатынас орнатады, сенат өз кезегінде мемлекеттің жоғарғы билеушісінің праволары туралы арнайы қаулы қабылдайды.

Бұл қаулы бойынша Веспасиан өз алдындағылар ие болған праволарға ғана емес, сол сияқты бұрыннан келе жатқан заңдарды жоюға билік беретін правоға ие болды. Империя халқы және римдік әскери, азаматтық әкімшілік үшін Веспасианның кез-келген бұйрығы міндетті болды. Бұдан басқа Веспасиан консул болып сайланды, ол оның билігінің заңды сипатын көсетті.

Б.э. 73 жылы Веспасиан цензор лауазымын алып, рим сенатының құрамын қайта құрайды. Мыңға жуық провинциалдық құлиеленушілер Римге көшіріліп, түрлі жазалаулардан қатары сиреген рим ақсүйегінің қатарын толықтырды. Бұдан басқа Оңтүстік Галлия қалалары мен Испанияның шығыс бөлігінің романдаған халқы латындық, кейбір жағдайларда рим азаматтығын алды. Веспасиан шараларының маңызы зор болды. Осы кезден бастап Рим империясы Жерорта теңізі әлемінің көпшілік құлиеленушілерінің империясына айналды. Провинциалдық ақсүйектер қатарынан шыққандар империяның азаматтық және әскери әкімшілігінен көрнекті орынға ие болды, ол мемлекеттік аппаратта олардың мүлкітік правосы мен артықшылығын қорғады. Веспасиан Неронның кезінде Греция халқына берілген артықшылықтарды жойды және провинциялар құрамына Родос, таулы Киликия мен Коммагенді енгізді. Бұл қадам финанстық дағдарысты жеңуге жағдай жасауы тиіс болды.

Коммаген патшалығын қосып алу Римнің Парфиямен қатынасының шиеленісуіне әкелді, бірақ Веспасиан парфияндықтармен бейбітшілік сақтай білді. Веспасиан үлестірулер мен сыйлықтар таратуда, тіпті жауынгерлердің өзіне, өте сараң және құнтты болды. Бірақ, ол Оңтүстік Галлиядан ардагерлер колониясын ұйымдастырып, оларға жер бөлді. Веспасианның тұсында орасан зор Коллизея амфитеатрының құрылысы басталды, Капитолий реставрацияланды.

Өзінің принципатының соңында Веспасиан империяның финансын қалпына келтіруге, әскердегі тәртіпті нығайтуға, қауіпті шығыстағы көрші Парфиямен бейбіт қатынасты сақтауға қол жеткізді. Бірақ империяның барлық халқы оның саяси қызметіне ырза болмады. Ескі сенаттық ақсүйектердің аз тобы Веспасианға қарсы шықты. Сенатпен қарым-қатынас, әсіресе, оның Титтен кейінгі император болып сайланған ұлы Домициан тұсында қатты шиеленісіп кетті. Әкесі мен ағасына қарама-қарсы жауынгерлерге сүйенген Домициан сенатпен дауға түсті. Ол өзін

«мырза» және «құдай» деп атауды талап етті. Билігін жоғалтудан қорыққан Домициан маңайын өсек тасушылармен қоршайды. Рим кедей-кепшіктерінің арасында белелін көтеру үшін және жауынгерлерге жағына отырып Домициан рим халқының кедей бөлігіне және преториандықтарға массалап үлестіру дәстүрін қайта жаңартады. Ол цирктерде сән-салтанатты ойын-сауықтарды жиілетті. Әрине, бұның бәрі оның қазынасының жағдайына ықпалын тигізді, ол оны қайта толтыру үшін аса бай сенаторлардың меншігін конфискілей бастады.

Экономикалық жағдайды нығайту үшін Домициан жүзімдіктерді қысқартып, астық көлемін қайта қалпына келтіруді талап етеді. Бұл шаралар селолық қожайындарының кеюшілігін тудырады. Бұларға қоса Домицианның сыртқы саясаттағы әскери сәтсіздіктері оның беделін түсіреді. Б.э. 96 жылы оған қарсы екінші рет қастандық ұйымдастырылып, ол өз сарайында өлтіріледі. Жек көрінішті деспоттың өлімі туралы хабарды алған Рим сенаты оның бүкіл суреттерін жою туралы қаулы шығарып, оның атын қарғысқа ұшыратты.

Антониндердің «алтын ғасыры» (96-192 ж.ж.). Император болып сенаттың қолшоқпары Марк Кокцей Нерва сайланады. Тарихта «Антониндердің алтын ғасыры» деп аталған жаңа дәуір басталды. Династия оның өкілдерінің бірі Антонин Пийдің есімімен аталып, Нервадан басқа Траян, Антонин Пий, Марк Аврелий және Коммодты құрамына енгізді.

Антониндер тұсында провинциялар ерекше гүлденеді. Траян мен Адрианның өзі Испаниядан шықса, Антонин Пий-галлиялық еді. Батыс және Шығыс провинциялардан шыққандар империяның өмірінде үлкен роль атқара бастады және сенатты толықтырып отырды. Сенатта ескі аристократиялық семьялар өте аз қалғандықтан, Антониндер ірі жер иеленудің өсуін шектеу саясатынан бас тартқан еді. Жоғары топ оларды идеалды билеушілер, ал олардың басқару уақытын-алтын ғасыр деп бағалады. Қайтыс болған соң олардың бәрі құдай санатына енгізілді. Траян ақсүйектердің көз алдында Дакияны жаулап алушы, барлық тирандардың қарсыласы, кедей балаларға көмек қорын ұйымдастырушы ретінде қалды. Адрианды ғалымдардың, әдебиетшілердің, суретшілердің қамқоршысы деп санады. Оның өзі демократияшылдығын жек басының үлгісімен көрсеткен: Римде жаяу жүріп, кездескен қарапайым адамдармен жағдай сұрасқан. Антонин Пий тақуалықтың үлгісін көрсетті. Марк Аврелий гректер де, римдіктер де армандаған философ болды.

Бұл дәуірде империяның жеке обылыстарының арасында экономикалық байланыстар едәуір нығайды. Испания темір, зәйтүн

майын, балық өнімдерін, Италия-шарап, керамика, қолөнер және көркем кәсіпкерлік өнімдерін, Африка-астық, зәйтүн,

Кіші Азия мен Сирия-мата, ювилер өнімдерін, өнер заттарын шығарды. Антиохия, Пальмира, Эфес, Никомедия, Карфаген, Александрия сияқты экономикалық және мәдени орталықтар өсіп шықты. Римнің өзінде жан-жақтан ағылып келген миллиондай халық тұрды. Грек-рим мәдениеті бірігіп кетті. Бұл кезеңде тарихшы Тацит өзінің атақты "Шешендер туралы диалог", "Тарих", "Анналдар", "Агрикола" сияқты еңбектерін жазды. Олар терең психологиясымен ерекшеленді. Жеке биліктің болмай қоймайтындығын мойындай және оны алып жүрушілерді жек көре отырып, ол жалпы іріп-шіріп жатқан заманда да адал адам, римдік сенатор болып қалуға, отанға қызмет етуге болатынын көрсетуге тырысты.

Александриядан шыққан Аппиан рим соғысы, соның ішінде азамат соғыстары туралы да жазды. Грек Плутархтың атақты рим және грек қайраткерлерінің биографиясын жазумен аты шықты. Бірақ, оның қаламынан діни- философиялық, жеке адамдарға кеңес, грек және рим әдет-ғұрыптарын сипаттаған шығармаларда шықты. Светоний он екі цезарьдың- Юлий Цезарьден Домицианға дейінгілердің өмірбаянын жазды.

Антониндер тұсында құлдардың жағдайы жақсарды. Қожайындар оларды өлім жазасына кесу, өмір бойы қандалада ұстау, гладиаторға өткізу праволарынан айырылды. Егер құл қылмыс жасаса, оған ауыр жаза қолдануды тек сот шешті.

Құлдардың пекулияға правосы нығайды, олардың мүлік иелену қабілеті мойындалды. Ісжүзінде құлдардың семьялық байланыстары да танылды.

Сонымен қатар провинциядағы шаруаларды қанау күшейеді. Олар қала халқына қарағанда аз романданған еді.

Шаруаларды қанау Антонийдердің алтын ғасырындағы аман-есендіктің жамылғысының астындағы кейбір дабыл белгілерінің түсе бастауына байлынысты күшейіп отырды. Адрианның өзіне провинциялық қалалардың 900 миллионға жуық қарызын кешіруіне тура келді, бірақ қарыздар қайта жиналып қалды. Құлиеленушілік шаруашылықтар провинцияларда өздерінің дамуы бойынша, дәл Италиядағы сияқты қайшылықтарымен кездесті. Құл мен қожайынның антогонизмі машинаны енгізуге болатын, күрделі кооперацияның іске асыра алатының ірі өндірісті құруға кедергі жасады. Өндірісті не арзандатуға, не еңбек өнімділігін көтеруге мүмкін болмағандықтан, қосымша өнім алынбады. Оған қоса оның едәуір бөлігін қалалардың қажеттілігіне берілетін міндетті шығыстар жұтып отырды.

Антониндердің қалаларды қолдауға арналған бүкіл әрекеттеріне қарамастан б.э. 2 ғасырының соңында ұсақ қалалар кедейленеді, ал қала магистурасы құрметті және сүйікті органнан ауыртпалықты органға айналады. Табыс әкелмейтін жердің бір бөлігі қараусыз қалды. Екінші жағынан олардың император және ірі жер иеленушілердің қолына жинақталу процесі жүрді. Екінші ғасырдың жартысынан бастап бұл жерлер оны өңдеуші колондармен бірге қалалардың территориясынан және юрисдикциясынан алынады, бұл оған ауыр соққы болады, бірақ сенаторлық сословиенің мүддесіне сай келді. Муниципалды егіншілер мен жер магнаттарының арасында жіктелу көріне бастайды. Жер магнаттары маңайдағы шаруаларды өзіне тәуелді етіп, колондарына айналдыруға ұмтылды. Ал, жалпы алғанда бұл процесс егіншілерден тұратын Рим армиясын әлсіретті.

Христиандықтың пайда болуы. Дабыл тудыратын белгілер әлеуметтік қабаттардың ой-шабытына әсерін тигізді. Тәртіптелген шындық шегінен шығуға ұмтылыс барлық фантастикалық, қалыптан тыс, ғажайыптарға қызығушылық тудырды. Табиғаттан тыс құбылыстар, демондар, әруақтар, белгісіз халықтар және хайуандар туралы әңгімелер кеңнен тарады. Магия, астрология, демонологияның танымалдығы кеңейе түсті. Көпшіліктің көз алдында бұдан былай "рим мифтерінің" батырлары емес, керісінше құпияларға қатысы бар, үнді брахмандарының, Египет дінбасыларының, парсы магтарының асыл даналығына өздерін сарып еткен дана көргендер идеал тұтылды.

Қарапайым халық арасында бай және ақсүйектерге қарсы наразылық өсті, ол христиандықтың таралуына жағдай жасады. Оның негізін қалаушының жеке басы және оның шәкірттері, христиандық шығарманың жасалу уақыты туралы осы күнге дейінгі түрлі таластар ұшы қиыры жоқ ғылыми әдебиеттерді туғызды. Бұл мәселе қалай шешілсе де ерте христиандықтың кең халық қабатының сұранысына жауап беруге ұмтылғаны сөзсіз. Ол байлар мен ақсүйектердің моралын қабылдамады, өмір сүріп тұрған тәртіптің мәңгілігіне сенуге зиян келтірді. Христиандық ең алдымен қала кедейлерінің арасында таралып, кейін біртіндеп оған басқа қабаттан шыққандар қосылды. Өкімет христиандарды бірде репрессияға ұшыратып, бірге назардан тыс қалдырып отырды, себебі, христиандықты надандардың жоққа нанушылығы деп есептеді. Бірақ, олар христиандардың санының өсуі жақындап қалған дағдарыстың белгісі екендігін әлі де түсінбеді.

Б.Э. III ҒАСЫРЫНДАҒЫ ДАҒДАРЫС

Лекция жоспары:

1. III ғасырдағы дағдарыс

2. Солдаттық императорлар дәуірі (235-284 жж.)

III ғасырдағы дағдарыс. Дағдарыстың алғашқы белгілері Марк Аврелийдің басқаруы (161-180жж) тұсында көрінді. Дунай мен Рейннің - аржағындағы тайпалар бұл кезде ауыл шаруашылығында, қолөнерде, әскери істе едәуір дамуға қол жеткізіп, рим провинцияларына лап қойды. Марк Аврелийге бүкіл басқару бойында Дунай тайпалары квадтармен, макромандармен, язиктермен соғыс жүргізуге тура келді. Марк Аврелийден кейінгі император Коммод бейбітшілікті сатып алу үшін, соңғыларына алым төлеп тұруға міндеттенді. Соғыстар және және чума эпидемиялары империяның экономикасына ауыр әсерін тигізді. Египетте қатал қаналып отырған феллахтар Нил дельтасына қашып, тарихта «буколдар»-бақташылар көтерілісі деген атпен белгілі болған көтеріліске шықты. Солтүстік Италия мен Оңтүстік Галлияда бұрынғы солдат Матерн дезертирлерден отряд жинап, жериеленушілердің зәресін ұшырды. Коммодтың тұсында император үкіметінің сенатпен қатынасы қайта шиеленіседі. Сөйтіп, 192 жылы Коммод өлтіріледі. Өз үміткерлерін таққа ұсынған әртүрлі армиялардың арасында азамат соғысы басталды. Жеңіске Африкадан шыққан Дунай армиясының өкілі Септимий Север жетеді.

Солдаттық императорлар дәуірі (235-284 жж.). Септимий Севердің басқаруынан бастап солдаттық (армия қолшоқпары) және сенаттық (сенат қолшоқпары) деп аталған императорлар арасында бүтіндей 100 жылға созылған күрес басталды. Сенаторлар мен императорлар арасындағы келіспеушіліктің тамыры I ғасырдағыдан басқаша болды. Жартылай Батыс және Шығыс провинциялардың аса ірі жер иеленушілерінен тұрған сенат өкіметтің өздеріне пайдалы саясат жүргізгенін қалады. Шығыстық ақсүйектер қалалардың бостандығын, "қара халықтың өз бетімен кетушілігін" басып-жаныштайтын күшті императорлық өкіметті талап етті. Батыстық ақсүйектер сенат сайлайтын, тек соғысуға міндетті, жаңа жерлер және оларды өңдеушілерді көбейтіп отыратын бас қолбасшы ретіндегі императорды қалады. Оған өз есебінен армия ұстап, солдаттардың бетімен кетушілігін тиып, ішкі істерді басқаруды сенатқа және провинция ақсүйектеріне беруі керек еді.

Екі жақ фракциясының келіскен жері, ол императордың өз жерін сатуға немесе жеке қолға беруге тиісті деген мәселеде болды. "Солдаттық" императорлар армияға сүйенді. Кей жағдайларда армиямен тығыз байланысты қала халқы қабатының қолдауына сүйенді. Бұл қабаттың өз программасы бар еді, ол бойынша қалаларға белгілі дәрежеде бостандық

беріліп, жоғары топтағы қалалықтардың, философтардың және жалпы білімді адамдардың қызметі қолдауға ие болуы керек болды.

Септимий Север және оның Каракалла атанған мирасқоры қалаларды қолдауға тырысты, бірақ олардың саясаты қайшылықты болды. Империяны басқаруды жөнге салу үшін Северлер Рим правосын өңдеуге ерекше көңіл бөлді. Көрнекті юристер енді императордан кейінгі екінші адам, преторий префектісі қызметін иеленді.

Северлер заманынан бастап, азаматтардың тең праволығы толықтай жойылды. Каракалла империяның барлық халқына дерлік рим азаматтығын берді, бірақ рим азаматтары сословиелерге: игілерге (сенаторлар, аттылар және декуриондар) және ең төменгі-қарапайым халыққа бөлінді.

Алғашқы Северлер армияны күшейтті. Солдаттар жоғарғы жалақы алды, семья құруға, жер бөліп алуға рұқсат берілді. Командалық қызметке ие болу жолындағы сословиелік шектеулер алынып тасталынады, енді солдат ең жоғары шен алғанға дейін қызмет ете алды. Көптеген мемлекеттік қызметтерде әскерилер отырды. Бұл шаралар армияның жауынгерлік қабілетін көтеруі және қатаң тәртіпті қамтамасыз етуі тиіс еді.

Каракалла қастандық нәтижесінде өлтірілгеннен соң, бір-бірін ауыстырған, «солдаттық» және «сенаттық» императорлар (олар бірнеше жыл, кейде бірнеше күн ғана басқарды) «варварлармен» үздіксіз соғыс жүргізді, солдаттар бүлігін, провинциялардағы көтерілістерді басты. Ақшаға мұқтаж болған олар тіпті монеталарды жарамсыздануға дейін апарды, бұл ақшаның құнсыздануына және бағаның өсуіне әкелді. Жерлер қараусыз қалды.

ІІІ ғасырдың ортасында дағдарыс шегіне жетті. Парфияда билік басына келген Сасанидтер династиясы Рим империясына жаңа шабуыл бастады. Бұдан басқа империяның шекараларында готтардың, франктердің, сарматтардың, карпілердің, маврлардың тайпалары тұрды. Провинциялардың едәуір бөлігі қаңырап қалды. Көптеген виллалар қиратылды және тоналды. Император Валериан (253-260 жж.) парсы патшасы Шапурдың қолына тұтқынға түсті, бұндай масқаралықты Рим әлі көрген жоқ еді. Оның ұлы Галлиен (253-168жж.) әкесіне қарама- қарсы сенатқа сүйкімді көрінді, «солдаттық» император болды. Сонымен бірге ол жоғары білімді адам болды, қалаларды қолдауға тырысты, колондардың міндеткерліктерін шектеді, мәдени қайраткерлерге қамқорлық жасады, өзінің алдындағы императорлар Деций мен Валериан жариялаған христиандарды қуғындауды тоқтатты. Солдаттардың мүддесін қорғай отырып, ол сенаторлардың армия ісіне араласуына тиым салды және солдаттардың қызметі бойынша өсуін жеңілдетті.

Солдаттар арасында оның беделі күшті болды, бірақ оны ақсүйектер жек көрді. Көптеген провинцияларда бүлікшілер ұзақ уақыт бойы тұра алмады, Галлиенге адал әскерлер оларды талқандады. Бірақ Галлия, Испания, Британия 15 жыл дербес өмір сүрген Галлия империясын құрды.

Шығыста парсыларға қарсылық көрсете алмағандықтан, Галлиен өзімен бірігіп басқарушы ретінде текті Пальмириялық Оденатты мойындайды. Ол арабтар мен сириялықтардан отряд жинап, Шапурды кері ығыстырып тастайды. Бірақ, Оденаттың құпия өлімінен кейін билік атаққұмар және өктем Зенобия (Оденаттың әйелі) басқарған антиримдік партия қолына өтеді. Ол Сирияны, Аравияны, Кіші Азияның едәуір бөлігін, Египетті басып алып, Римнен бөлініп кетеді. Осы кезде Африкада құлдар мен шаруалардың көтерілісі бұрқ ете түсті, олар маврлармен одақ құрды.

268 жылы Галлиен өлтіріледі, бірақ оның әскери реформалары "иллириялық императорлар" атанған - Клавдий II, Аврелиан, Проб тұсында өз нәтижелерін бере бастайды. Готский атанған Клавдий II готтарға тойтарыс беріп, тұтқындарды колондармен әскери қоныс аударушыларға айналдырады. Соңғы галл билеушісі, Аквитанияның аса бай жериеленушісі Тетрик Рейн армиясының бүлігі мен көтерілістерінен қорқып, император Аврелианнан құпия түрде көмек сұрайды. Галл империясы Римге қайтарылды. Аврелиан Зенобияның патшалығын да жояды. Тек Дакиядан Рим біржолата айрылады. Проб франктермен соғыста бірнеше жеңіске жетіп, олардың көпшілігін империяның батыс бөлігіне қоныстандырды.

Бұндай жағдайда империяның бірлігін тек күшті деспоттық өкімет арқылы ғана сақтауға болатын еді. III ғасыр императорлары Антониндердің бояма демократизмінен батыл бас тартады. Олар өздерін "мырзалар мен құдайлар" деп атайды. Өздерін күн сәулесі диадемасында бейнелеуді бұйырады, күнге жақындығын мақтан тұтады, өздерінің "жеңілмейтіндігін", "мәңгілігін", алтын ғасыр орнатудағы еңбектерін баса көрсетеді. Олар тіпті өздеріне арналған кез-келген үндеудің өздерін дәріптеумен басталуын талап етті. Бұл ресми насихатқа, әрине енді ешкім сенбеді. Бұрынғы беделді ілімдер, соның ішінде стоиктердің ілімі де күйреуге ұшырады. Бұдан да сұмдық ауыр талаптардың жақындап қалғаны, бәлеге толық батқан жердің бәрі өртенетін әлемдік өрт туралы идеялар кең таралды. Ғылымға қызығушылық іс-жүзінде жоғалды. Ол тек V ғасырда ғалымдар жұмыс істеп, математика, механика, медицина салаларындағы білімдерді жинақтап, жетілдірген Александрияда ғана өмір сүріп, әрі дамыды.

Антиримдік идеяларды белсенді насихаттаған христиандар саны өсіп, христиандар қауымы күшті ұйымға айналады. Оларды епископтар

басқарды, ортақ қазына христиандардың садақаларынан толығып отырды. Бір немесе бірнеше провинциялардың епископтары соборға жиналып, шіркеу ұйымы және ілімі туралы мәселені талқылады, келіспегендерді еретиктер деп жариялады. Осылайша, антикаға жат, барлығына міндетті діни догмаларды білмеген заманда, ерес ұғымы пайда болды.

ДОМИНАТ ДӘУІРІ. ИМПЕРИЯНЫҢ ҚҰЛАУЫ

Лекция жоспары:

1.Диоклетиан мен Константин доминаты (284-361 ж.ж.)

2.Империяның құлауы

Диоклетиан мен Константин доминаты (284-361 ж.ж.). Империяны сақтап қалуда императорлар Диоклетиан мен Константин бірнеше уақытша табыстарға қол жеткізді.

Диоклетиан (284-305ж.ж.) отпущениктің ұлы болды және қарапайым солдаттан император күзетінің бастығына дейін өсті. Император Караның ұлдарының өлімінен кейін оны император жариялайды. Ол бірнеше маңызды реформалар жүргізді. Ол империяны төрт бөлікке бөлді, өзімен бірігіп басқарушы (Август титулымен) етіп жолдасы Максимилианды алды.

Диоклетиан принцепстен біржолата "мырзаға", (осыдан келіп соңғы империяның доминат, "господин" деген сөзден атауы шықты), Юпитердің тікелей ұрпағына айналды. Христиандар бұрынғыға қарағанда қатал қуғындауға ұшырайды. Сенаторлар сенатқа қатысқанына немесе имениелерінде өмір сүре беруінен тәуелсіз жоғары сословие болып қала берді, барлық істі император және оның жанындағы кеңес шешті. Дегенмен, ақсүйектер Диоклетианның германдықтармен, парсылармен, маврлармен табысты соғысына, ең бастысы көтерілістерді басқанына риза болды.

305 жылы Диоклетиан биліктен бас тартып, туған жері Далмацияға кетеді. Үміткерлер арасындағы қысқа күрестен кейін, император болып Константин тағайындалады. Ол жеке билеуші болды, бірақ империяның претория префектісіне бағынған және диоцездерге бірігіп, провинцияларға бөлінген префектуралар бөлінісін сақтайды. Константин христиандарды қуғындауды тоқтатады және тіпті, Никейде ортақ ілімді жасау үшін собор шақырылады. Оның түсында христиандық мемлекеттік дінге айналды. Ол өзінің өлер алдында, күнәлерінен айрылуға үміттеніп, шоқынады.

Бұдан былай шіркеу мемлекеттің одақтасына айналады. II ғасырдың соңында христиан шіркеуінің көрнекті қайраткері Тертуллиан егер, цезарьдың (император) өзі христиан болса, империяда жалпыға бірдей

бақыт, бейбітшілік және туысқандық орнайды деп жазған еді. Енді сол кезде утопия болып көрінген арман орындалған кезде, не империядағы, не христиан шіркеуіндегі жағдай жақсармады. Үстемдікке қолы жеткен шіркеу әртүрлі діни бағыттар арасындағы күрес аренасына айналып кетті және жеңгендері қарсыластарын ерес деп айыптап, оларға қарсы мемлекеттік аппарат күшін қолданды. Императорлық култті қабыл алмаған шіркеу императорды құдайдың жердегі наместнигі деп мойындады. Оған қатысы бар нәрселердің бәрі, жанама болса да қасиетті деп жарияланды. Наразылық құдайға тіл тигізгенмен теңестірілді. Шіркеу императорлар және жеке адамдардың садақасы есебінен байыды. Жерге және колондарға иелік етті.

Шіркеудің өзгеруіне наразы болғандар өз секталарын құрып, далаға кетіп, монахтықтың негізін салды. Сонымен бірге христиандық ілім, дін ілімі, христиандық философия дамыды. Ол антикалық философиядан үйрене отырып, сол проблемаларға өз түсіндірулерін берді, оларды шешудің өз жолдарын көрсетті.

IV -V ғасырларда христиан философиясының көрнекті өкілдері, шіркеу әкесі атанған -Ұлы Василий, Иоанн Златоуст, Амвросий Медиоланский, Августин өмір сүрді.

Императорлық билік аса дәріптеліп, оның сыртқы көзге күшейгеніне қарамастан, империяның шын жағдайы осал болды. Халық бұрынғыға қарағанда ауыр жағдайға түсті.

Бұрынғы Рим дәстүрлерінің бәрінен қол үзген Константин өз астанасын Византияның орнына пайда болған Константинопольге көшірді. Бұл қаланың сән-салтанаты ертегідей болды. Астананың шығысқа көшірілуі империяның "ориентализациялану" процесінің символы болды. Әдетте, бұл термин император билігінің теократиялануын, шығыс патшаларының ритуалына ұқсас - ритуалдардың орнауын білдіреді. Бірақ, бұл ішкі процестердің сыртқы белгісі ғана еді.

Империяның құлауы. Бұл кезеңде Рим азаматтық қауым стадиясынан өтіп, орасан зор патша жерлері, тәуелді халықтың әртүрлі категориялары, дамымаған экономикалық байланыстары бар шығыс мемлекеттерінің құрылысына жақын құрылысқа келді. Әлеуметтік-экономикалық құрылымдағы ұқсастық мемлекеттік өкіметті құрудағы ұқсастықты тудырды. Дегенмен, күштің сыртқы атрибуттарын көрсете отырып, өкімет бұл күшке іс жүзінде ие бола алмады. Әсіресе, бұл Константиннің мирасқорлары тұсында қатты байқалды. Оның реформалары Диоклетианның реформаларын жалғастыра отырып, аз уақытқа ғана империяны нығайта алды. Крепостной колондар мен күйзелген шаруалардан құралған армия жауынгерлік қабілетін жоғалтты. Барған сайын жас варварлардан шыққан солдаттардың көмегіне

жүгінуге тура келді. Олардың командирлері император сарайында жоғарғы ықпалға ие бола бастайды, ал олардың әскері шекараларға шабуылдаған тайпаластарына тегеурінді қарсылық көрсетпейді. Әлі бекінген қалаларды алып үйренбеген варварлар селолық жерлерді қаңыратты. Оларға күреске шыққан шаруалар жиі қосылып кетіп отырды. Олар виллаларды басып алып, борышкерлер тізімін құртты, мырзаларды құлға айналдырды. 378 жылы Дунайда қоныстандырылған готтар алтын кентінде жұмыс істейтін колондар мен жұмысшылармен бірігіп, император Валенттің (364-378жж.) армиясын талқандайды. Оны ауыстырған Феодосий (379-399 жж.) ең соңғы рет өз билігіне батыс және шығыс империяларды бағындырып, репрессия жүргізіп, көтерілісшілерді басады, бірақ империя енді қайта онала алмады. Феодосийдің өлімінен кейін ол біржолата шығыс және батыс бөліктерге (395 жылы) бөлінді.

Батыс провинцияларда ақсүйектердің наразылығы өсті. Нығайған колондарды жуасытатын және бекінген виллаларын қорғай алатын дружинасы бар ақсүйектер орталық өкіметке варварлардың шабуылын тойтаруға және шаруалардың көтерілісін басуға қабілетсіз, олардың орасан зор табыстарын жалмаушы ретінде қарады. Батыс провинцияларда қайтадан таққа үміткерлер пайда болды, олар кейде варварлардың көсемімен одақ құрды. Бұнымен қатар империядан жапа шеккендер варварларға көптеп қаша бастады.

Әлсіреген империя варварлардың оңай олжасына айналды. 410 жылы 24 тамызда готтардың көсемі Аларих Римді алады және тонайды. Готтар кейін Римнен кетеді, бірақ оның құлауынан болған әсер жан түршігерліктей болды.

Кейінгі онжылдықтарда батыс провинциялар бірінен соң бірі готтардың, бургундтердің, лангобарттардың, вандалдардың, франктердің қолына өтіп, олар онда өз корольдіктерін құрады. Ешқандай билігі қалмаған Рим императорларын германдық дружиналардың көсемдері тағайындады және алмастырып отырды. 476 жылы скир тайпасынан шыққан Одактр соңғы Августула атанған император Ромулды орнынан алады және орнына жаңа император тағайындауды керек етпей, император билігінің регалияларын Константинопольге, Шығыс Рим империясының астанасына жіберді. Шығыс Рим империясы Византия деген атпен әлі де мың жыл өмір сүреді.

Антикалық әлемнің тарихы осылай аяқталады және феодалдық құрылыстың қалыптасу дәуірі басталды. Антикалық құлиеленушілік құрылыстан феодалдық дәуірге өтудің сипаты туралы мәселе көптеген дискуссиялардың тақырыбы болып отыр. Бірақ бұл проблемалар қалай шешілмесін антикалық әлем және оның цивилизациясының Рим империясының құрамына енген халықтар ғана емес, сол сияқты герман,

араб, славян халықтарына да таралып, кейінгі дәуірдің материалдық және рухани мәдениетіне орасан зор ықпал жасағаны сөзсіз. Антикалық мұраның әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылысы бар қоғамдардағы ықпалын, ассимиляциялануын және трансформациялануын адамзат қоғамының бір сатыдан екінші сатыға өтуі, жалпы тарихи-мәдени дамудың проблемаларын зерттеу үшін жоғары дәрежелі маңызы бар. Антикалық әлемді зерттеу әртүрлі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени процестердің өзара ықпалын талдауда үлкен мүмкіндіктер береді.

Батыс Рим империясы құлады, бірақ антикалық дәстүр шығыста, Византияда қайта ой елегінен өткізіліп, іс жүзінде одан еш уақытта қол үзілмеді.

Уақыт өте келе антикалық мұраның ықпалы барынша нығаяды. Латын тілі бүкіл европалық ғалымдардың тілі болып қалады.

Европалық театр және әдебиет ылғи да антикалық мұраға оралып отырды, олардың байланыстары алуан түрлі бола бастады. Жаңа және қазіргі дәуірде антикалық әлем рухани және ақыл-ой қызметінің әртүрлі салаларында өз маңызын сақтады. Оған тарихшылар, социологтар, мәдениеттанушылар қайта айналып соғуда. Осылайша айта берсек, қазіргі Европа мәдениетін Греция мен Римнің ежелгі өркениетімен мыңдаған жіптер байланыстырып тұр. Былайша айтқанда, «Греция және Рим салған фундаментсіз қазіргі Европа болмаған болар еді».

СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

1-семинар. Ежелгі Крит өркениеті

1. Сарайға дейінгі және ескісарай кезеңіндегі Крит
2. Минос патша тұсындағы Криттің гүлденуі
3. Криттіктердің діні

Студент бұл тақырыпта Крит өркениетінің әлемдік тарихтағы орны мен маңызын анықтап, криттіктердің адамзат мәдениетін дамытуға қосқан үлесін көрсетуі керек. Крит өркениетінің гүлдену, құлдырау себептерін аша отырып, студент олардың басқа ежелгі халықтармен байланысын, олармен өзара ықпал ету дәрежесін талдауға тиісті.

Ұсынылатын әдебиет

1. Гомер. Одиссея. /Пер. В.А.Жуковского.-СПб., 1994.
2. Бузескул В.В. Открытия XIX и начала XXв. в области истории древнего мира. Ч.2. Древнегреческий мир.-Пг., 1924.
3. Ильинская Л.С. Легенды и археология.-М., 1988.

4. Кругликова И.Т. Античная археология. – М., 1984.
5. Немировский А.И. Нить Ариадны. Очерки по классической археологии.-Воронеж, 1971; 1989.
6. Колпинский Ю.Д. Искусство Эгейского мира и Древней Греции.-М., 1970.

2-семинар. Гомер поэмалары мәліметтері бойынша Ежелгі Грецияның шаруашылығы және қоғамдық құрылысы

1. Грек тайпаларының экономикалық құрылымы
 - 1.1. Ауыл шаруашылығы
 - 1.2. Сауда
2. Ежелгі грек тайпаларының қоғамдық құрылымы
 - 2.1. «Илиада» мен «Одиссея» мәліметтері бойынша рулық қоғамның сипаттары
 - 2.2. Мүліктік және әлеуметтік жіктелу. Құлдық.
 - 2.3. Басқару органдары

